

• **Өмірдің өзегі – өндіріс**

• **Бейбіт күннің батырлары**

Жауынгерді ажалдан құтқарған полковник

Мамыражай мына тірлікте басқаның өмірі үшін басын бәйгеге тігетіндердің барлығы батырлық пен ерлікке орын тек соғыста деп ойлайтындардың түсінігіне түбегейлі өзгеріс енгізеді. Бүгінгі әңгімеміз де бейбіт күнде жиырмаға жасы жана жеткен қыршынды ажалдың қанды шенгелінен құтқарып қалған қазақтың қайсар жігіті жайлы болмақ.

Қайрат ӨБІЛДИНОВ,
«Егемен Қазақстан»

...Қарабас елді мекенінің түбінде кезекті әскери жаттығулардың бірі өтіп жатқан.

Бұл жолы әскерге келгендеріне 10 ай болған сарбаздар граната лақтыру жаттығуын орындау үшін сапка тұрды. Бұған дейін олар автоматтан, тапаншадан талай рет ок атып, жауынгерге ауадай қажет

машықтарды әбден меңгерген еді. Енді қаһарлы қару – жарылғыш снарядты лақтырып үйрену қалған болатын.

Тізім бойынша ең бірінші болып РГД-5 гранатасын қатардағы жауынгер Абзал Сұлтанқұлов қолға алды. Әскери жаттығуға жауапты №6505 әскери бөлімнің штаб бастығы, полковник Қайрат Үмбетов, әдеттегідей, қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауға алған. Тәртіп бойынша, сарбаз мұздай құрсанып, сауыт кінген. Сардардың үстінде де ок өтпейтін кеудеше, басында құрыш каска.

(Соңы 7-бетте)

ЖЕР КОДЕКСІ: МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕҢ АУҚЫМЫ

Ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра

Ұлы Дала. Ғасырлар бойы ұрпақ өсірген кең-байтақ қазақ жері. Халқымыз оның қадір-қасиетін жақсы түсініп, жоғары бағалаған. Ол тек қана біз емген жер емшегі емес, ол біздің Отанымыз, көне заманнан бері ұрпақ өсірген ата-бабаның мекені. Мен қазақтың деп ешкімнен қымсынбай кең жайлап жүретін қасиетті кеңістік.

Қай заманда болса да қазақ халқы өз жерін қасық қаны қалғанша қорғай білген. Осыған байланысты бір-екі аңыз бен тарихи фактілерді айта кетсек артық болмас. Сонау көне замандардың бірінде қазақ еліне кеменгер Мәді (Моде) басшы болған деген аңыз бар. Сол аңыз ұрпақтан ұрпаққа айтылып, бүгінгі біздерге жетіп отыр.

Сол басшыға қазақтармен көрші отырған бір елдің патшасы нөкерлерін жіберіп Мәдіден өзінің ең сұлу әйелін және астына мінген тұлпарын беруді талап етеді. Мәді кеңесшілерін жинайды, бөтен елдің басшысының өктем талабын жеткізеді. Кеңесшілері Мәдіге бұлардың талабы бізге көрсеткен қорлық, оны орындауға болмайды, одан да сол елмен соғысқа шығайық деп ақыл айтады. Кеменгер Мәді біраз ойланып отырып, бір әйелмен бір аттың құнына бола екі ел соғысып, қан төгіскені дұрыс болмас, сұрағанын беріңдер дейді көмекшілеріне.

(Соңы 2-бетте)

Осы тақырыпқа арналған топтаманы 2-3-беттерден оқи аласыздар



• **Айбын**

ОТАН ҮШІН КҮРЕС – ЕРГЕ ТИГЕН ҮЛЕС



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің басты жетістігіміз – Тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз», дей келіп, Қазақстан халқының ел Тәуелсіздігі жылдарында алған асуларын, еңсерген биіктерін талдап, саралап берген еді. Сондай-ақ, өзінің Жолдауында «Жаңа Қазақстандық Патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымызды табысының негізі» екенін атап көрсеткен болатын.

Алдағы 7 мамыр елімізде мемлекеттік мереке – «Отан қорғаушы күні» деп белгіленгені белгілі. Ал Отанды қорғау ұғымы бірінші кезекте елдің әскери қызметшілерімен байланыстырылады. Оның негізінде патриоттық ұстаным – Отанды сүю жатады. Елбасының сөзімен айтсақ, «...Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі».

Өздерінің өмірлерін әскери қызметпен байланыстырып, Отан алдындағы борыштарын еліміздің түкпір-түкпірінде абыроймен атқарып жүрген әскерилер туралы материалдарды газетіміздің 9-бетінен оқи аласыздар

«Сәт Транстың» сәтті қадамы



Жуырда Семей қаласына іс-сапарымыздың аясында тұрғын үй құрылысы саласында жемісті жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың бірі – «Сәт Транс» ЖШС-нің қызметімен танысқан едік. Индустрияландыру картасы шеңберінде 2013 жылдың желтоқсан айында іске қосылған компания құрылыс аландарына қажетті темір-бетон өнімдерін шығарады.

Думан АНАШ,
«Егемен Қазақстан»

Тұрғын үй құрылысы компаниясы жобасы ретінде жүзеге асырылған кәсіпорын базасында өндірілген өнімдер жылына 50 мың шаршы метр көлеміндегі құрылыс алаңын қамтамасыз ете алады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамту және осы саладағы әлеуметтік сұранысты қамтамасыз ету мақсатында құрылған комбинатта шикізат материалдарын даярлаудан бастап, дайын өнім түрлерін өндіруге дейінгі барлық технологиялық үдеріс желісі жолға қойылған.

Жобаның жалпы құны – 1, 224 миллиард теңге. Бұл қаржының 30 пайызы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында алынған несие болса, қалғаны жеке қаражат. Зауытта 20-дан астам темір-бетон өнімдерінің түрлері өндіріледі.

(Соңы 11-бетте)



«ӘЛЕМ. XXI ҒАСЫР» МАНИФЕСІ



Баянды болашаққа бастайтын бағдарлама

«Қаз тұрып қадам басқан Тәуелсіздік сабиілік тұсауын өміршең уақытта кестірген кезден бастап, осынау жылдардың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынан мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білген», деп Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, ширек ғасырлық тарихы бар Егемен Қазақстан бүгінде дамудың даңғыл жолымен келе жатыр.

Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,
саясаттанушы

Қазақстан – нағыз үлгі алатын ел

Осы жылдары еліміз табиғатының байлығымен ғана емес, ең алдымен, сантүрлі ұлттар өкілдерінен құралған халқының ауызбіршілігімен аты шықты. Сондай-ақ, бүгінгі Қазақстан өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда әрі шешуде ықпалды рөл атқаратын елге айналды. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың пікіріне әлем саясаткерлері мейлінше ықылас қоятын болды. Оған дәлел, Елбасымыздың ұсынысымен 29

(Соңы 6-бетте)

Жария ету жұмысы жалғасуда

Кеше Премьер-Министр Кәрім Мәсімов селекторлық режимдегі кезекті Үкімет отырысын өткізді.

Онда мүлкті жария ету бойынша науқан өткізу барысы туралы Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов мәлімдеді.

Оның мәліметінше, қазіргі сәтте мәлімделген мүлік сомасы

еліміз бойынша 1,4 трлн. теңгеге жетті, оның 1,2 трлн. теңгеге жуығы жария етілді.

Занның жаңа шарттарындағы жұмыстың бес айында, яғни 2015 жылдың 1 желтоқсанынан

кейін 794 млрд. теңге жария етілді, бұл наұқанның барлық кезеңіндегі жалпы соманың үштен екі бөлігін құрайды, деп атап өтті Б.Сұлтанов.

«Түзетулер жария ету барысына жақсы серпін бергені көрініп тұр. Кезең бойы наұқанның мүмкіндіктерін 86 мыңға жуық азамат пайдаланды. Өтініштер санының артуы халық тарапынан қызығушылықтың артқанын білдіреді», – деді Қаржы министрі.

(Соңы 4-бетте)

• **Тасқынға – тосқын**

Қарғалы өзені тағы да тасыды

Талғат СҮЙІНБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Өткен жылғы маусымда лай араласқан селден соң Алматы тұрғындары арнасы шағын, елеусіз сылдырап ағатын Қарғалы өзеніне назары ауған еді. Неше күн толассыз жауған ақ жауын сол Қарғалының атын тағы да шығарды. Таудан аққан жауын суы бұл жолы былтыр қатты зардап шеккен Наурызбай ауданынан сарқырай ағып өтіп, етектегі Алатау ауданының бірқатар көшелерін суға толтырды. Барлығы 15 үйдің ішіне су кіріп, тұрғындарды әбігерге салды.

(Соңы 4-бетте)





ЖЕР КОДЕКСІ: МҮМКІНДІКТЕРДІҢ

Мақсат – тиімді пайдалану



Атам заманнан бері қарай біздің халқымыз үшін жер мәселесі басты мәселе болып келеді. Ресейдің отары болған тұста, кешегі Одақ құрамында болған кезде де қазақтың жанды жері кең алқапты даласының паршалануы болды. Ел тәуелсіздігін алған уақытта да халықтың басты қазынасына қатысты кез келген мәселеге күмән-күдікпен қарау байырғы бабалардан қанымызға сіңген инстинкт болар, сірә.

Осы орайда Жер кодексіне қатысты бірқатар сауалды Парламент Мәжілісінің депутаты Байділді ЖЫЛҚЫШИЕВКЕ қойған болатыбыз.

– Жер мәселесі жеңіл қарайтын мәселе емес. Сол себепті еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ілешала қабылданған іргелі заңның бірі жерге қатысты болды әрі оған уақыт талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп келеді. Заң дегеніңіз де қоғам талабына, нарық заңдылықтарына сәйкес жетілдіріліп отырады ғой. Қарап отырасақ, жер мәселесіне қатысты заңнама бес мәрте қабылданыпты. Соңғысы, 2003 жылы қабылданған Жер кодексіне өткен жылдың қараша айында бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

– Аталған өзгерістер қандай мақсаттан туындаған еді?

– Ол ең алдымен ауыл шаруашылығы жерін пайдаланушылардың мүддесін көздейді. Республика бойынша 300 мыңнан астам жер пайдаланушы бар. Өйткені, ауыл шаруашылығы саласында пайдаланатын жерлер жеткілікті болғанымен, соның тең жартысына жуығы пайдаланылмай бос жатыр. Біріншіден, оны игеруге кейбірін күші жетпейді. Екіншіден, қаржы тапшылығы қолбайлау. Жерді игеруге қатысты ізгі ниеттен туындаған шешім бұл.

Жер табыс әкелуі керек. Ол жердің иесіне, сол жерде еңбек етіп жатқан шаруаға, жалпы, Қазақстан халқына, оның ар жағында мемлекетке табыс әкелуі тиіс. Жер жұмыс істемей, қараусыз қалса, құнарлылығы жойады, арамош басып кетеді. Содан кейін барып, жер айналымын шығады. Құнарсызданады. Ал жердің құнарлылығын жоғалтып алсақ, қайтып оны қалпына келтіру үшін оған ондаған жылдар керек. Сол себепті, осы мақсатта Жер кодексіне өзгерістер енгізіліп отыр.

– «Шетелдіктерге жер сатылады» деген пікір қайдан туындап отыр?

Ата-бабаларымыздан қалған асыл мұра

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан біршама уақыт өткеннен кейін жаңағы көрші елдің өкілдері қайта келіп Мәдіге өз патшаларының қазақтан бір жер телімін талап еткенін жеткізеді. Мәді тағы кеңесшілерін жинайды. Кеңесшілері қазақ жері кең-байтақ, бір пұшпағын берсек одан тарылып қалмас, бергенің дұрыс деп кеңес береді. Кеменгер Мәді жок олай етуге болмайды. Жер мемлекеттігіміздің негізі, аз-көп болсын бөтенге жер беру мемлекеттігімізді жоғалтады. Соғыс ашамыз, ұрысқа дайындалыңдар деп әмір беріп, ата-баба жерінің қадірін білмеген кеңесшілерінің басын алдырады.

Осы аңыз ұрпақтан-ұрпаққа жетіп қазақ халқының өзінің жерін асыл қазына, мұра деп қалай бағалайтынын айқын көрсетіп отыр. Шынын айтсақ бұл аңыз емес, бабалар өсиеті, оны орындауға дайын екендігімізді талай көрсетті. Кешегі «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде қазақтың көп жерін жонғарлар басып алды, бірақ ел есін жинасымен қазақ бақтырлары ұзаққа созылған соғыс ашып, сол жерлерді тегісімен қайтарып алды. Яғни бабалар өсиетін орындады. Кеше егемендік алған тұсымызда біздердің мекеніміз қазақ жері деген аты болмаса оның басқа елдермен шекарасы айтарлықтай халықаралық шарттармен айқындалмаған еді. Осының арқасында байтақ жатқан жерімізге көз

тігіп, иемденгісі келгендері де болды. Оны біздер, егемендіктің замандастары, жақсы білеміз.

Осыдан қайуіп-қатерді жақсы түсініп Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев барлық көршілермен қазақ елінің шекарасын халықаралық деңгейде ресми құжаттармен бекітуге егемендіктің алғашқы сәтінен бастап-ақ кірісті. Шекара дауы, шекара туралы келіссөздер шымшытырық қиын, үлкен табандылықты, жан-жақты дайындықты, дипломатиялық шеберлікті талап ететіні тарихтан белгілі.

Елбасы осындай қайраткерлікті, дайындықты көрсете білді және қазақ үшін жер иен дала ғана емес, ол асыл қазына, баға жетпес асыл мұра екенін де көршілерге келіссөз барысында жеткізе білді. Сондықтан да болар, сол кездегі Қытай еліндегі басшысы Цин Цзямин Назарбаев мырза! Сіздің жүректен шыққан сөзіңізден сіздің халқыңыздың, Сіздің өзіңіздің ата мекендеріңізді қанша қадірлеп, сүйетіңдеріңізді сезіп тұрмын. Осы менің басшылық тұсымда екі ел арасындағы шекара мәселесін шешу ісіне кірісейік, деген екен. Міне, осындай шеберлікпен жүргізілген келісімдер арқылы Қазақстан Қытаймен, Ресеймен, басқа да көршілерімен шекара туралы халықаралық дәрежедегі келісімшарттарға қол жеткізді. Осы ресми келісімшарттар Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсырылып,

жеңілдік жасалады. Сол соманың өзін 10 жыл ішінде бөліп төлеуіне болады. Мінеки, бұл – үлкен жеңілдік. Ол жерді жекеменшігіне алғаннан кейін оған деген көзқарас та басқаша болады ғой. Ол иелігіндегі жерді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру үшін күтіп-бағалы, табыс табуға ұмтылады емес пе?!

Сондай-ақ, Қазақстан азаматының мемлекеттің жер қорынан жер сатып алуға мүмкіндігі бар. Бар мәселе осында. Бұл жерде қазақстандық азаматтар ғана сатып ала алады. Ал шетелдіктердің тек жалға алуға ғана құқы бар.

– Ендеше, жерге қатысты түсінбестіктің түп-төркіні қайда жатыр?

– Өрине, жұртшылықтың барлығы дерлік заңнан хабардар деп айту қиын. Сондықтан жалпы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Оған жергілікті әкімдерден бастап барлығымыз атсалысуымыз керек. Халық қабылданған заңның ерекшелігі қандай, ол не үшін қабылданып отыр? – деген басты сауалдарға жауап алуы тиіс. Егжей-тегжейлі түсіндірілмегендіктен, халық арасында үстірт пікір қалыптасып отырғаны сондықтан. Бұл – біріншіден. Екіншіден, қай қоғамда да кездесетін керітартпа кісілер осындай сәтте дүрбелең туғызуда бейім тұратыны тағы бар.

– Заң 1 шілдеден бастап күшіне енеді ғой?

– Иә. Оған қоса, ендігі жерде Жер кодексінің заңдық нормаларын жүзеге асыру үшін Үкімет тарапынан заңдық актілер қабылданады. Қалың көпшілік тарапынан айтылған ұсыныстар, күмәндануға себеп болған тұстар осы заңдық актілер аясында ескеріледі.

– Жалпы, осы мәселенің өзінің қандай ой түйіні?

– Осы кезге дейін қаншама қиыншылықтардан өттік. Кешегі тоқсаныншы жылдардың тапшылығы естен шығып кетті ме? Сол кездің өзінде сабырға жеткіріп, жақсы күнге қол жеткіздік емес пе! Ақылдың, бірлік пен татулықтың арқасында қиын кезеңдерді артақ қалдырдық қой. Басқа жұрт қызыға да, қызғана да қарайтын бейбіт өмір мен тыныштық қазаққа тән сабыр мен салмақтылықтың арқасында саптанат құрып тұр. Олай болса, ең алдымен мәселенің байыбына барып, тереңіне үңіліп барып әңгіме қозғау керек.

Әңгімелескен
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»



Асыраушымызды құндай білейік

Біздің ұлан-байтақ жерімізде жайылым да, шабындық та, суармалы алқап та жетіп-артылатыны баршаға мәлім. Бұл жердің барлығын ауылдықтар ғана игеріп егін егіп, түрлі дақылдар сеуіп, тыңайтып, өнім алып отбасыларын асырайтыны анық емес. Қол күші және тағы басқа қажеттіліктерді кез келген тұрғын тауып, қамти ала ма? Сондықтан да болар фермерлік және шаруа қожалығы жұмыстарын жүргізетін жердің басым бөлігі бос жатыр, тіпті тұрғын үй құрылысын жүргізуге өткізіліп кеткені де жасырын емес. Жерді өз мақсатында пайдалану проблемасы бағыда пісіп-жетілді. Егер мемлекет осы мәселеге назар аудармаса ауыл шаруашылығы саласы дамуын тоқтата ма деп те күдіктенемін. Мұның арты шетелдік азық-түлік өнімдеріне базарлымыз бен дүкендеріміз толып, мемлекеттің азық-түлікпен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне тірейтін бе еді.

Жер – біздің ата-бабаларымыздан мұра болып қалды. Жер – біздің байлығымыз,



асыраушымыз. Сондықтан ауыл шаруашылығы қажеттілігіне пайдалану үшін жерді рыноктық айналымға түсіру жөнінде қаралатын заңнаманы отандық ауыл шаруашылық құрылымдары қолдар деп ойлаймын. Алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Заңға сәйкес, жерді тек қазақстандықтар ғана жекеменшігіне алып, пайдаланады. Жер кодексіне енгізілетін өзгертулер ауылдықтардың ғана емес, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ниет еткен қалалықтардың да бизнесін өркендететініне сенемін. Семей зоотехникалық-ветеринарлық институтының 1995 жылғы түлегі ретінде өзімді мысалға алсам, спорттағы жетістіктерге жеткен соң жаттықтырушылық жұмысты да тоқтатып ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатымен Алматы облысы, Балқаш ауданына келдім. Алғашында шағын ғана жерде шаруа қожалығын ашып, оны кеңейтіп, қосымша жер телімдерін сатып ала жүріп 2000 жылы менің меншігімде 5 мың гектар жер болды. 2007 жылы Жамбыл ауданы,

Мыңбаев ауылына ауыстым. Сол кезде ауыл толықтай құлдырап, жолы тозып, дұрыс инфрақұрылымы да болмаған еді. Өз есебімнен электр желісін, газ құбырын тартып, астық сақтау қоймасын қалпына келтірдім. Мал қораларын салып, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз еттім. 2010 жылы 500 бас қазақтың асыл тұқымды ақ бас сиырын және 500 бас әулиекөл асыл тұқымды бұзауын әкелдім. Бүгінде біздің шаруа қожалығымызда 4500 бас ірі қара, 1500 бас жылқы бар. Мұның сыртында біз жасөспірімдер спорт мектебін салдық. Бүгінде ауыл балаларының сүйікті орнына айналған бұл мектепте самбо, дзю-до, бокспен 300-ге жуық бала жаттығады. Бытырғы жылы уақыт талабына сай балабақша және отбасылық жатақхана салып, пайдалануға бердік. Міне, бұл ауыл бизнесінің бір жемісі.

Жақсылық ҮШКЕМПРОВ,
Мәскеу олимпиадасының
чемпионы, «Жақсылық» шаруа
қожалығының төрағасы

Алматы облысы

Жер күтімді қажет етеді

Осы күндері көтеріліп жатқан жер туралы мәселеге жұртшылықтың алаңдаушылық білдіріп, өткір-өткір пікір айтып, жерді қорғау жөніндегі әңгімелері, бір жағынан, көңілге қуаныш ұялатады. Бұл дегеніңіз – халқымызда намыс барын, елде болып жатқан өзгерістерге олардың енжар емес екендігін көрсететін жақсы құбылыс. Шүкір, бұл әңгімелер тәуелсіздігіміздің баянды болатындығына, қазағымыз көзінің қарашығындай болған қасиетті жерінің бір қадағын да ешкімге бермейтіндігіне сендіреді.

Екінші жағынан, осындай алаңдаушылық шектен шығып бара жатқан кезде қазіргі жер төңірегінде болып жатқан түрлі әңгімеден өз басым елімізде әлі де құқықтық қоғамның толықтай қалыптаспай жатқандығын көргендей болам. Заң актілерін тереңдеп меңгермей, эмоцияға бой алдырып жатқанымыз байқалады. Ал Елбасының өзі бастап, бұқаралық ақпарат құралдарының баршысы жердің шетелдіктерге сатылмайтындығы туралы қайта-қайта жазып жатқан жоқ па! Оқыған адамға бәрі түсінікті, естір құлаққа қонатын сөздер.

Енді мына жағдайға қараңыз... Егер қазақтың құнарлы жерлерін, шұрайлы даласын осылай иесіз-қүйсіз қалдыра беретін болсақ, ертеңгі күні олар құмға, шөлге айналып кетуі де шындық қой. Жерді қолынан іс келетін өз азаматтарымызға жекеменшікке беру – еліміздің ауыл шаруашылығы

саласының дамуына үлкен серпін беретінін ескерейік.

Халқымызда «Өзім дегенімнен өгіз қара күші бар» дейтін мақал бар. Ұлан-байтақ жерімізді қазақтың өзі сатып алып, оған ие болып, күтіп-баптап игеретін болса – онда жеріміз тозбақ емес. Ал жалға алып біреулер оны игере алмай жатса, тиімсіз пайдаланып жатса – ол жерлерді қайтарып алуудың да тегістері ойластырылған.

Өткен жылғы бір сапарда Швейцарияда бір фермермен сөйлескенім бар. Жері күтімде, шақпақ-шақпақ жасыл дала, көкөрай шалғынға бөккен бел-белестер. Қолденен жатқан бір бұтақ жоқ, айнадай тап-таза. Танғаласың, қызыға қарайсың. «Бұған қалай жеттіңіз?» деген сұрағымызға фермер өз жерінің үш ғасыр бойы атадан балаға мирас боп келе жатқанын мақтанышпен әңгіме еткен.

Мінеки, келешекте қазақ жері де осылайша гүл-гүл жайнап тұрса шіркін, деп іштей армандайды екенсін!

Сондықтан да Жер кодексіне енгізілген өзгерістердің астарынан қауіп іздеудің қажеті жоқ деген ойдамын.

Иесіздік жерді тоздырады. Жер әрдайым күтімді қажет ететінін ұмытпайық.

Әлібек АСҚАРОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық
кітапханасының бас директоры,
жазушы

АЛМАТЫ





КЕҢ АУҚЫМЫ

Бұра тарту түсінбестіктен туындайды

Таяуда қабылданады деп күтіліп отырған Жер кодексіне байланысты кейбір республика азаматтары арасында әртүрлі түсініспеушіліктер туындап жүр. Осыған байланысты екі-үш ауыз ой-пікірімді ортаға салғанды жөн көріп отырмын. Кодексте ауылшаруашылық мақсатындағы жердің шетелдіктерге сатылатыны туралы ештеңе айтылмаған екен. Бұған мен кодекспен танысу арқылы көзімді жеткіздім. Дұрыс-ақ. Өйткені, Қазақстан Конституциясы бойынша жер және оның қойнауы республика азаматтарының ортақ байлығы емес пе?! Осыны ұмытпасақ екен. Түптеп келгенде жердің халықтың ортақ игілігіне айналуына бәріміз де мүдделіміз.

Жаңа кодекс жобаларына көз жүгірткен кезімде киесі бар



жердің иесі де болуы керектігін аңғарғандай күй кештім. Бір есептен бұл талапты да түсінуге болады. Тыңдалмаса сөз жетім дегендей, қурай басып тақырланса, жер жетім болмасына кім кепіл. Сондықтан да жер туралы жаңа заңдылықтарда Қазақстан

азаматтарына жерді жекешелендіру мүмкіндігі қойылып отырғанын әбден түсінуге болады.

Менің ойымша, мұндай жағдайда бірінші кезекте жердің бабын табу мәселелері алға қойылуға тиісті. Егер жерді жекешелендіруге қол жеткізгендер не істесем де өз еркім деп, оны бұған дейінгі құнарынан айыратындай іс-әрекеттерге барса және жеке басының баюы мүддесін ғана көздеп, тапқан пайдасы өзінен артылмаса жерді қайтадан мемлекет меншігіне алу жөнінде шаралар белгіленгені дұрыс-ау деген ойға қалып отырмын.

Сондықтан, жерді жекешелендіріп алған меншік иелеріне мемлекет тарапынан ұдайы бақылау болғаны, олардың нақты немен айналысып жатқанына прокурорлық қадағалаулар жүргізілгені орынды

болмақ. Ал егер жердің тозаңын шығарып, улы химикаттар сіңірілетіндей әрекеттер орын алса, жер кейін пайдаға мүлдем аспай қалатыны кәміл. Өйтеуір «іс бітті, қу кетті» деген әрекеттерден аулақ болсақ екен дегім келеді.

Қайткенде де мен жаңа Жер кодексінің басты мақсаты жерді дұрыс пайдалану дегенге сенгім келеді. Осы шындықты бұра тартып жүргендердің іс-әрекеті алға қойылған игі мақсатты дұрыс түсінбегендіктен шығар деп ойлаймын. Лайым да осы ойымның дұрысқа шыққанын қалаймын. Болашақта Жер кодексі нормаларына сәйкес ауылшаруашылық жерін жекешелендіру мүмкіндігін алған ер-азаматтар жер менің ғана емес, еліміздің ортақ игілігі деген биік азаматтық және патриоттық көзқарас таныта алса, жер азбайды да, тозбайды да деп ой түюге болады.

Қырымгерей ҚАЗЫМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ОРАЛ



Елордада Тұран-Астана университетінің қабырғасында «Еліміздегі ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді жекешелендіру: ерекшеліктері мен түсіндірме жүргізудің өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Басқосуға еліміздің ауыл шаруашылығы саласының мамандары, экономикалық бағыттағы пәндердің ұстаздары мен сарапшылар, сондай-ақ, заңгерлер қатысты.

Мақсат – жанашыр қожайын табу

Эльмира МӘТІӘБЕВА,
«Егемен Қазақстан»

Жиын барысында Жер кодексіне енгізілген өзгертулер мен түзетулерден кейінгі көпшіліктің сансыз сауалы мен наразылығын тудырып отырған жағдайларға мамандар тарапынан орнықты жауаптар мен қажетті түсініктеме берілді. Бұл ретте бұқара халықтың санасында жер мәселесіне байланысты үлкен түсініспеушілік орнап отырғанын алға тартқан жер және экологиялық құқық бойынша халықаралық сарапшы, заңгер Бақытжан Базарбек былай дейді: «Жер кодексіне енгізіліп отырған өзгертулер мен толықтырулардың негізгі мақсаты – ауылшаруашылық жерлерін пайдаланушыларды қолдау болып табылады. Бұл ретте азаматтар мен мемлекеттік заңды тұлғаларды қолдау көзделген. Қазіргі уақытта қоғам арасында жаппай түсінбеушілік салдарынан туындап отырған даулардың дені еліміздегі көптеген азаматтардың заңды дұрыс ұғынбауынан болып отыр. Ал оның нәтижесінде бір ғана адам емес, бүкіл қоғам мемлекеттің жасап жатқан шараларын дұрыс түсінбеуде. Жер кодексіне еніп отырған негізгі өзгерістер ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдауға бағытталды».

Сарапшының айтуы бойынша, оларды қолдайтын тетіктер өте маңызды саналады. Осынау тетіктерді дұрыс әрі тиімді пайдалана білсек, еліміздің ауыл шаруашылығын жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік бар. Мысалы, кез келген жалға алушы ауылшаруашылық мақсатындағы жердің кадастрлық құнының 50 пайызын ғана төлеп, оны жекеменшікке аудара алады. Бұл құқық біздің азаматтарымызға, мемлекеттік заңды тұлғаларға беріледі. Ал бұрын ауылшаруашылық тауар

өндірушілерде ондай мүмкіндік болған жоқ. Олар аукционнан жерді сатып алар болса, кадастрлық құнының толық 100 пайызын төлеуі қажет болатын. Өнімнің бітік шығуына қарап отырған шаруашылыққа толайым өнім болса болды, ал болмаса қуаңшылық кездерінде, шөлейтті жағдайлар мен климаттық факторлар орын алған уақытта өнім алынбай да қалады. Оның салдары қаражат тапшылығын тудырады. Сондықтан да осы мәселеде мемлекеттің көмегі жүйелі деуге негіз бар. Бұл ретте жердің кадастрлық құнының 50 пайызын ғана төлеп, қалғанын төлемегуге мүмкіндік жасалуда. Бұған дейінгі жер заңнамасында мұндай көмек болған жоқ.

Ал келесі өзгеріс – жердің нысаналы мақсатын өзгертуге қатысты болып отыр. Осы уақытқа дейін ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде кейбір құрылыстарды жүргізу үшін азаматтар жердің нысаналы мақсатын өзгерту үшін көптеген қиындықтарға тап болатын. Қазіргі таңда жердің нысаналы мақсатын өзгерту тоқтатылды. Бұрын ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді мақсатсыз пайдаланғаны үшін азаматтарға мемлекет салықты он есе көтеретін. Ендігі кезде бұл тетік жер салығын көбейтуді жокқа шығарады. Осы өзгерістер мен толықтыруларды жүйелі түрде іске қосар болсақ, біріншіден, Ұлттық қорға қомақты қаражат түседі, екіншіден, жердің шынайы иесі пайда болады. Бұл ретте сарапшы осы уақытқа дейін жердің шынайы иесі болмағандығын алға тартты. Яғни, бұрын жер мемлекеттің меншігінде болып, бюджеттің қаражаты шектеулі болғандықтан оны игеруге мүмкіндік болмаған болса, бүгінгі таңда Жер кодексіне енгізілген өзгерістерден кейін оның өз иесі пайда болып, жерді күтіп-баптауға жағдайлар жасалады.

Ал жер дауын туындатып отырған кикілжің – жерді шетелдіктерге 25 жылға жалға беру мәселесі тіпті де алаңдауға негіз еместігін алға тартқан сарапшы, кез келген шетелдіктің инвестор екендігін ескерсек, олар міндетті түрде біздің елге экономикалық тұрғыда пайда әкелетінін білу маңызды. Бұл ретте жерді шетелдіктерге 10 жылға жалға береміз дейтін болсақ, ешқандай инвестордың елге келмеуі ақиқат. Оған себеп – қомақты қаражат құйып отырған инвестор қажетті соманы 10 жыл ішінде жинай алмайды. Бұл әлемдік тәжірибеде көрініс тапқан, үлкен қаражат құя отырып, 10 жыл ішінде өндіріп алу еш жерде жоқ. Ол өте қысқа мерзім саналады. Сондықтан, мемлекет 25 жыл уақытты сайлады. Бұл тек жалға беру. Осы уақыт ішінде инвестор жерді пайдаланып, өнімін алған соң жерді қайтаруы тиіс. Және де көпшіліктің күдігіне ұласып отырған жерді бұлдіру немесе дұрыс пайдаланбау ісі де назардан тыс қалмайтынын ескеру керек. Жерді пайдалану шарттарының сақталуы қадағаланады.

Б.Базарбек шетелдіктерден әсте қорқудың қажеті жоқтығын, дегенмен, оларды қолдап немесе қорғаудан аулақ екенін жеткізді. Тек жағдайға шынайы қарап, елдегі бос жатқан жерлерді игеру қажеттігіне сенім білдірді.

Сонымен қатар, жерді шетелдіктерге жалға беру мәселесінде олардың көптеп келуінен және жерді иемденіп алуынан қауіптенуге себеп жоқ. Себебі, еліміздегі ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің басым көпшілігі эрозияға бейім жерлер. Яғни, шетелдіктердің назарына ілігетіндей тартымды, не құнарлы емес. Сондықтан, олар елімізде қаптап кетпейді. Жер кодексіне енгізілген өзгерістер тек бір мақсатты көздейді – жердің иесі болу және бос жатқан жерлерді пайдаланып, одан өнім алу.

Өзіндікі болмай өзгермейді

Ауыл шаруашылығы ғылымының қай саласы да жермен байланысты, Жер-ананың адамзатқа берер құнарын, азығын зерттеп келеміз. Дүре тимеген жабайы табиғат болса, жердің құнары арта бермесе кемімес еді. Жер адамзаттың анасы ғой, бауырына жабысып еміп келеміз. Бірақ анасына мейірімді болып өскен баладай, оны күту керек, күтпесек, құнары қайдан болсын. Осыдан 60 жылдан аса уақыт бұрын Қазақстанның солтүстік аймақтарында тың және тынайған жерлер игерілді. Жер айқыш-ұйқыш жыртылды, даланың аңқұсының ұясы бұзылды. Сол уақытты көрген көнекөздердің айтуынша, тың игерілген жылдары іні жыртылып кеткен суырлар трактордың үстіне шығып өріп жүреді екен. Даланы ен жайлаған дуадақ деген құстың бүгінде қарасы көрінбей кетті. Ең бастысы, 60 жыл уақыттың ішінде топырақ құрамындағы қара шіріктің үлесі 30 пайыздан астам азайып кетті, яғни жер азды, құнарсызданды деген сөз. Мұның себебі – агротехникалық шаралардың түбірінен бұзылуы болатын. Кеңес Одағы жылдарында бір алқапқа бір дақылды ғана еге бердік, ол үрдіс кейін де жалғасты. Оның үстіне жерді айыра жыртық. Бірақ ол жылдары ептеп агротехникалық шаралар қадағаланатын. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде шаруашылықтар



егістік алқаптарға көң апарып төгетін, ал кейінгі жылдары жекеменшік шаруашылықтар үшін ондай шара қымбатқа түсетін болды. Жасыратыны жоқ, басым шаруашылықтар өзінің жалға алған алқаптарын күтпейді. Өйткені, оған қуатты техникалар мен қаржы керек. Шаруашылықтардың көпшілігінде ондай мүмкіндік болмады. Рас, мемлекет көмекті бермей жатқан жоқ, беріп-ақ жатыр. Мысалы, осыған дейін субсидияны бидайдың гектарына төледі. Онда дикандар әлденіп алсын, техникаларын дұрыстасын деген болуы керек. Жасыратыны жоқ, көптеген дикандар бұлай етпеді, субсидияның жеңілдігі арқасында тапқан табысын қымбат машина, балаларына қалалардан пәтер алуға, коттеждер тұрғызуға жұмсады. Ал алқапта бұрынғы жекешелендіріп

алған ескі техникалары жұмыс істеді. Өйткені, жер олардың жекеменшігінде емес еді, алқаптың құнары кетсе, мемлекетке қайтып бере салатыны тағы бар. Дикандардың агротехникалық шараларды қаншалықты орындайтыны мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақыланбады. Міне, енді жер сатылып, оған жекеменшік үстемдік құрса, адамдар тарапынан оған көзқарас та өзгереді деп ойлаймын. Сонда да жерге агротехникалық шаралардың орындалып отыратынын қатаң бақылайтын белгілі бір өкілетті ұйым керек. Айтпақшы, Кеңес Одағы кезінде «агрохимия» деген мекеме болатын, олар топырақтың құрамын, құнарын анықтаушы еді. Қазір ол жоқ. Егер иесі жерге дұрыс қарамаса, оған жазалау шарасын қолдану керек. Мұндай тәжірибе озық елдерде бар. Шетелдерде жерді сатқанда, жалға бергенде алдымен құнарлылығын анықтайды. Сосын әр бес жылда қайтадан өлшеп отырады, егер осы уақыт ішінде жерді арамшөп басып, құнары төссе, топырақ құрамында азот, фосфор, калий секілді элементтер азайып кетсе, онда жердің иесіне айыппұл салынады. Осы дұрыс шара деп ойлаймын. Туған балаға қарамасаң ата-ананы да құқынан айырып жатады ғой. Біздің басты байлығымыз осы жер емес пе?

Енді жерді шетелдіктерге жалға беру мәселесіне келсек,

расында, жерге салған қаржы он жылда қайтарым бере бермейді. Топырақтың құрамындағы қара шіріктің үлесін көбейтуге уақыт керек. Жүздеген гектар жерге тыңайтқыш себіледі, суармалы жер болса оған да жасалатын шаралар болады. Мұның барлығы да қаржы мен уақытты талап етеді. Сондықтан, жалға беру мерзімін 25 жылға созу осындай нақты себептерге байланысты болуы керек. Сондықтан, шетелдіктерге жалға берілген жерлердің құнарын белгілі мерзімдерде қатал бақылауға алып отырған дұрыс секілді. Осындай жұмыстардың механизмдері жасалуы тиіс. Егер шетелдік агротехникалық шараларды орындамаса, басқалай улы, адам ағзасына азықпен баратын қауіпті заттарды пайдаланатын болса, жерді ластаса одан жерді қайтарып алған жөн болар. Жалпы, елімізге жердің құнарын тексеріп отыратын беделді, білікті мекеме қажет. Шетелдіктер жердің бүлінбеуін, құнарының кемімеуін қатаң талап еткен жөн. Сонда ғана жерге қауіп төнбейді әрі ол дұрыс пайдаланылады.

Аманжол АХМЕТ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры

ҚОСТАНАЙ

Жер игерілсе – игілікке жұмыс істейді

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында сөйлеген сөзінде бүгінгі күнде қоғамды алаңдатып отырған жер сатылымы жөніндегі негізсіз әңгіме, можаңтопай мәселеге байыпты пікір, байламды сөзбен нүкте қойды. «Тағы да айтқым келеді – ауыл шаруашылығы жерлерін шетел азаматтарына және компанияларына сату туралы мәселе жоқ, талқыланбайды да», – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы осылайша мәселенің басын ашып берді. Ендігі кезекте ел арасында біздің мемлекеттің жер туралы саясатын егжей-тегжейлі түсіндіру жұмыстарын жандандыру керек деп санаймын. Бұл бағытта кешеуілдеуге болмайды. Жерге қатысты заң талаптарын терең және жан-жақты ұғындырмайынша, халықты жалаң сөзбен алдарқату ақылға сыйымсыз шаруа. Бұл жерде таяқтың екі ұшы барлығын естен шығармау керек. Мұндайда сауатты һәм салиқалы саясат қана өз жемісін береді.

Мысалы, «Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бұл бағытта жүйелі түрде жұмыстар жүргізіп келеді.



Өңірдегі ауыл шаруашылығы бағытындағы пайдаланылмай келе жатқан жерлерді айналымға қосу шараларын орындау бойынша 2015 жыл мен биылғы жылғы бірінші тоқсанда жер көлемі 360 мың гектар болатын 166 ауылшаруашылық субъектілеріне тексеру жүргізілді. Шара барысында жалпы аумағы 333 мың гектар болатын ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланбай келген 156 шаруашылық анықталып, оларға 3 млн. 740 мың теңге айыппұл салынды.

Бұдан бөлек, барлық аудандардағы жергілікті газеттерге жерін мақсатты пайдаланбай жүрген жер иелерінің тізімі жарияланып,

олардың жер туралы заң баптарын бұзып отырғандығы қатаң ескертілді. Әлбетте, мұндай жұмыстар болшақтада жағнасын таба бермек.

Қазіргі таңда облыстың қалалары мен аудандарында пайдаланылмаған жерлерді анықтау және пайдаланылмаған жердің жер салығының арқауына төлемін көтеру туралы мәслихаттардың шешімін қабылдау жөніндегі жұмыс топтары құрылып, іске кіріскен.

Енді пайдаланылмаған жерлерге қандай жер телімдері жататынына тағы бір мәрте зер салайық. Мысалы, ауылшаруашылық дақылдарын егуге арналған жерлер өңделмесе, мұндай егістік жерлер және ауыл шаруашылығы жануарлары жайылмаған немесе саны жағынан жалпы аумаққа жүктелген жеткілікті норманың 20 пайызынан аз болған жағдайдағы жайылымдық жерлер «пайдаланылмаған» деген санатқа жатқызылады.

Бұл бағытта басқарма тұрақты негізде түсінік және ескерту жұмыстарын жүргізіп отырады. Мысалы, бүгінгі күнге дейін кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары мен фермер шаруашылығының басшылары қатысқан 20-дан астам дөңгелек үстелдер отырысы, семинарлар мен

мәжілістер ұйымдастырылып, жер заңнамасының нормалары егжей-тегжейлі түсіндірілді. Бұқар жырау, Нұра және Осакаров аудандарындағы ауылдық округтердің әкімдіктерінде осы мәселе бойынша тұрғындарды қабылдау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, мемлекеттік бақылау мекемесінің міндеті пайдаланып келе жатқан жерлерді алып қою емес, керісінше, жерді ауылшаруашылық айналымына жіберу мақсатында жерді пайдалану бойынша шараларды қабылдау керектігін ескерту. Жалпақ тілмен айтқанда, жер бос жатпай, нағыз жер иесінің қолында игеріліп, адамдардың игілігіне жұмыс істеуі керек.

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы және тұрғын үй-коммуникациялық бағыттағы пайдаланылмай келе жатқан жерлерді анықтап, оларды айналымға қосу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатындағы жұмыстар жалғасады. Басқарманың міндеті – бұл бағытта қолданыстағы заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалау.

Саяш АХМЕТОВ,
«Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ басшысы

ҚАРАҒАНДЫ



Жария ету жұмысы жалғасуда

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев науқанның әрекет ету кезеңінде банктер 910 шот ашып, оларға 590,3 млрд. теңге салынғанын айтты. «Оған қоса, арнайы шоттардағы барлық ақшаның 83%-ы ағымдағы жылдың төрт айында жария етілді. Осындай шоттарға ай сайынғы ақша ағымы осы жылғы орта есеппен алғанда 148 млрд. теңгені құрады, бұл заңнамаға енгізілген өзгерістердің дұрыстығын тағы да растайды», деді науқанға 30 банк пен «Қазпошта» АҚ қатысатынын еске салып өткен Д.Ақышев.

Орман және дала өртертерінің алдын алу мәселелері бойынша Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов баяндады.

Министрдің мәліметінше, жыл сайын елімізде 4000-ға дейін орман-дала өртертері орын алады, олар 180 мың га.-ға жуық ауданды қамтиды, залал 230 млн. теңгенде асады.

«Ағымдағы жылдың басынан бастап орман қоры аумағында жалпы ауданы 285 га болатын 16 өрт тіркелді, залал сомасы 1,7 млн. теңгені құрайды. Дала алаптарында 2 180 га көлемді алатын 410 өрт тіркелді. Құрбандар мен залалдар жоқ», деп мәлімдеді ІІМ басшысы.

«Ағымдағы жылы Қазгидрометтің мәліметінше, шілде-тамызда ауаның орташа температурасы +30 градусқа дейін жететіндігі болжанып отыр. Оған қоса, батыс және оңтүстік облыстарда жауын-шашын тапшылығы күтілуде, сондықтан елдің бірқатар өңірлерінде дала-орман өртертерінің шығу қаупі бар», деп мәлімдеді Қ.Қасымов.

Осыған байланысты ІІМ өрт қаупі бар маусымда орман және дала өртертерінің алдын алу және жою бойынша арнайы жоспар жасады.



Қазіргі уақытта еліміз бойынша орман-дала өртертері жою үшін 4779 автокөлік, суағар құрылғылары бар 11 тікұшақ, 47 өрт пойызы және 34 мыңнан астам адам бөлінген. Шекара маңындағы аумақтарда өзара іс-қимылды пысықтау үшін Ресей және көрші елдердің ТЖМ бөлімшелерімен тактикалық оқулар өткізу жоспарланған.

Қ.Қасымов 90% жағдайда ормандар адамдардың кесірінен жанытынын еске салып, халық арасында профилактикалық іс-шараларды күшейтуге, азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелері туралы белсенді ақпараттандыруға шақырды.

Отырыс қорытындысы бойынша Кәрім Мәсімов мүдделі мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырмалар берді.

«Егемен-ақпарат»

Көрші елмен көп істер атқарылмақ

Кеше Үкімет үйінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі, ҚХР Шыңжаң-ұйғыр автономиялы ауданы парткомының хатшысы Чжан Чуньсяньмен кездесті, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Тараптар Қазақстан мен ШҰАА арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың жағдайын және оның даму перспективаларын қарастырды. Бақытжан Сағынтаев пен Чжан Чуньсянь мәдени және сауда-экономикалық байланыстардың нығая түскенін растады.

Оған «Қорғас» халықаралық шекара-ластық ынтымақтастық орталығының жұмысы, ҚХР-дың ауылшаруашылық өнімдері үшін «жасыл дәліздің» ашылуы, «Достық – Алашаңқай», «Алтынкөл – Қорғас» теміржол өтпелері арқылы жүк ағынының ұлғаюы, Ляньюнган теңіз терминалындағы ынтымақтастықтың артуы көрнекі дәлел.

Осыған байланысты Қазақстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары мен ШҰАА парткомның хатшысы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Өңіраралық ынтымақтастығы форумын құру маңыздылығын атап көрсетті.

Келіссөздер барысында сол сияқты сауда-экономикалық, индустриялық және инновациялық ынтымақтастық, көлік жобалары шеңберінде, ауыл шаруашылығында өзара іс-қимылдар орнату мәселелері де талқыланды.

«Ашық үкіметті» енгізу мәселелері талқыланды

100 НАКТЫ МӘСЕЛЕ Парламент Мәжілісінің Халықаралық істер қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Мәулен Әшімбаев Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның «Ашық үкіметті» (94, 95, 96-қадамдар) енгізу бойынша кіші жұмыс тобының отырысын өткізді. Онда «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң шеңберінде «Ашық үкіметті» енгізудің мәселелері қаралып, талқыланды.

Кіші жұмыс тобы «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын іс жүзінде іске асыру мақсатында Мәжіліс депутаттарынан, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

«Ашық үкіметті» енгізу бойынша атқарылып жатқан жұмыс жөнінде Инвестициялар және даму вице-министрі Сәкен Сәрсенов таныстырды. Өзінің сөзінде С.Сәрсенов Инвестициялар және даму министрлігі тарапынан мемлекеттік органдарды, халықты техникалық, сондай-ақ, ақпараттық қолдау бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, Инвестициялар және даму министрлігі заңды орындау бойынша ақпарат иелерін оқыту үшін модельді алаң ретінде әрекет

етуге дайын екендігін мәлімдеді.

Алматы әкімдігі баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлжазира Сайдахмедова өзінің сөзінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңды іске асыру бойынша Алматы қаласының әкімдігінде модельді алаң құру бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндады.

Отырыста, сонымен қатар, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң ережелерін өңірлерде түсіндіру бойынша халықаралық институттармен бірлескен жұмыстың перспективалары талқыланды.

Бірінші семинар-тренинг Оңтүстік Қазақстан облысында 28-29 сәуірде өтсе, енді мұндай іс-шаралар тағы тоғыз аймақта жоспарланып отыр.



Отырыс барысында Кіші жұмыс комиссиясының мүшелері «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң нормаларын жедел іске асыру біздің азаматтарымызға өздеріне қажетті толық, дәйекті ақпаратты шұғыл түрде алуына, НҚА жобаларын, республикалық және жергілікті бюджеттерді талқылауға қатысуға, ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізуге, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың қызметін бағалауға

мүмкіндік беретінін атап өтті. Отырысты қорытындылай келе, М.Әшімбаев қаралып отырған мәселе жан-жақты әрі нысаналы талқыланығанын және талқылау барысында айтылған барлық сындарлы ескертулер мен ұсыныстар Қазақстанда «Ашық үкіметті» енгізу бойынша одан әрі жұмыс барысында ескерілуге тиіс екенін атап көрсетті, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.



Суретті түсірген Марат КЕНЕСҰЛЫ

ESCAP-тың Алматыдағы басқосуы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Ғылыми кітапханасында» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхит аймағындағы экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ESCAP): «Азия және Тынық мұхит аймақтарында экономикалық және әлеуметтік зерттеуді іске қосу: 2016 жыл» атты дөңгелек үстел өтті.

Экономикалық тұрғыдан маңызды бұл іс-шара, тек біздің елімізде ғана емес, бұған дейін Азияның бірқатар елдерінде өткізілгенін атап өтуге тиістіміз. ESCAP БҰҰ-ның әлемдік аймақтық экономикалық және әлеуметтік саланы қамтитын бес ұйымының бірі саналады. Штаб-пәтерлері Бангкокта (Тайланд) орналасқан.

Жиын барысында, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының атқарушы директоры Алматы бөлімшесінің орынбасары Сергей Токтаров,

Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы және ESCAP-тың хатшысы Шахмад Актар арнайы дайындалған бейнематериалдар әлем және Азия аймағындағы елдердің бүгінгі экономикалық хал-ахуалы туралы баяндады. Солтүстік және Орталық Азия аймағындағы ESCAP бюросының кеңесшісі Николай Помощников, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілі Дидар Жәкенов, Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-тың вице-төрағасы Айдос

Жексенбай, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі зерттеу және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин баяндама жасап, есеп берді.

Қазіргі Қазақстан экономикасының қарышты алға басуына әлемдік дағдарыс кері әсерін тигізбей жатқан жок. Осы туралы ортақ пікірлер назарға ұсынылды. Көршілес Қытай және Ресей мемлекеттерімен экономикалық байланыстардың көкжиегіне шолу жасалды. Сонымен қатар, Азия елдерінің мәдени және экономикалық тығыз байланыста болуы қандай да бір қиыншылықтарды жоюға мүмкіндік беретіндігі туралы да келелі ойлар ортаға салынды.

Қымбат ТОЙЛЫБАЙ, журналист

АЛМАТЫ

Қарғалы өзені тағы да тасыды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Су басқан аумақтың зардабын жоюға Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаменті жедел кірісті. Бірінші күннен бастап өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінен – 40 адам, азаматтық қорғаныстың сумен қамту қызметінен – 46 адам, азаматтық қорғаныстың инженерлік қызметінен – 26 адам, жылуден қамту қызметінен 50 өкілі, жолдар мен көпірлер қызметінен – 120 адам, 20 техника, Алматы әкімдігі жанындағы құтқару қызметінен (109) барлығы – 30 адам, 8 техника, Құрлық әскерлерінің әскери институтынан 161 адам, 5 техника іске жаппай жұмылдырылды. Зардап шеккен аумақта бұдан тыс барлығы 342 адам мен 13 техника бірлігі жұмыс істеді.

Қазір жағдай тұрақталған секілді. Көшелер балшық пен коқыстан тазартылды. Тек бір ғана Қарғалы өзенінің жағасына барлығы 45 тонна құм аралас топырақ төгіліп, құм салынған



Суретті түсірген Николас СУДАКОВ

2000-дай қапшықтар қойылды. Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы өзендері де анда-санда арнасынан асып ағып қояды. Жаңбыр Алматыда, әсіресе, түні бойы жауады.

Синоптиктер Алматы қаласы мен Алматы облысында ақ жауын

әлі бірнеше күн үздік-создық сіркіреп жауады деген мәлімет беріп отыр. Төтенше жағдайлар департаменті мобильді телефондар желісі арқылы таулы аймақтарда сел қаупі барын қайта-қайта ескертуде.

АЛМАТЫ

Омбы облысына іскерлік сапар

Таяуда отандық өнімді Ресей нарығында ілгерілету үшін Ауыл шаруашылығы вице-министрі Е.Нысанбаев бастаған қазақстандық делегация Омбы қаласына (Ресей Федерациясы) іскерлік сапармен барды.

Сапар барысында қазақстандық агроөнеркәсіп кешені, азық-түлік, құрылыс, химия өнеркәсіптерінің және қаптау саласының 20 шақты өндірушілері ресейлік тұтынушы компанияларды өз мүмкіндіктерімен таныстырды.

Сапар шеңберінде Ауыл шаруашылығының вице-министрі бастаған қазақстандық делегация Омбы қаласының губернаторы, үкіметінің төрағасы В.Назаровпен кездесу өткізді.

Е.Нысанбаевтың айтуынша, екі тарап өзара сауда-экономикалық байланыстарды тереңдетуге, оның ішінде, ең бастысы, ауыл шаруашылығы саласындағы бизнестің дамуына жәрдем ету қажеттілігін бірауыздан мәлімдеді.

«Қазақстан ірі аграрлық мемлекет болып табылады. Нарықтық экономика талаптарына сай қалыптасып үлгірген бұл саламыз инвесторлардың қызығушылығын тудыруда. Бұл бағыттағы жақсы бастамалар іске асырылып жатқанына қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақ аясында осы байланыстарымызды одан әрі белсендетуге жауаптымыз. Кездесулердің түрлі форматтары мен алаңдарын дамытуды жоспарлаймыз», деді делегация басшысы.

Омбы облысының губернаторы В.Назаров, өз кезегінде Қазақстанмен тауар айналымының көлемі тұрақты түрде өсіп

жатқанын айтып, оның негізі ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі өнімдерінен қалыптасып отырғанын ескерді.

«Біз жаңа бірлескен кәсіпорындар құруды және сауда қарым-қатынастар дамытуды қалаймыз. Облыс арқылы ірі көліктік-транзиттік дәліздер өтуде, сондықтан бірлескен сауданы кеңейту үшін шекараға шектес аймағында бірыңғай логистикалық орталық құру ерекше маңызды әрі қажетті. Омбы облысының транзиттік әлеуетін игеру біздің басты мақсаттарымыздың бірі», деді В.Назаров.

Облыс губернаторы қазақстандық тауарлардың жекелеген жәрмеңкесін ағымдағы жылғы шілде айының соңында Омбы қаласында ұйымдастыруды ұсынды.

Іскерлік сапар барысында отандық кәсіпорындар Омбы облысының іскерлік орталықтарымен, ауыл шаруашылығы, азық-түлік, экономика, құрылыс министрліктерімен, сондай-ақ даму және инвестиция агенттігімен келіссөздер өткізді.

Сонымен қатар, делегация мүшелері Қазақ тілі және мәдениеті орталығының қызметімен танысты және Омбы қаласындағы Қазақстан консулдығы ғимаратында қазақ диаспорасының зиялы өкілдерімен кездесу өткізді.

«Егемен-ақпарат»

13-15 мамыр

Заманауи өнер күндері

visitshymkent.kz



● **Алаштың ардақтысы**

Бүгінгі Қазақ Елі өзінің төлтума мәдениетінің әлеуеті арқылы әлемнің өркеніетті деген мемлекеттерінің қатарынан орын алатынын, біздер, бүгінгі ұрпақ, бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізген шақта анық көз жеткіздік. 10 000 дәстүрлі әні, 5 000 күйі бар туған халқының музыка өнерін данышпан Ахмет Жұбанов өмірінің шамшырақ-қағидасы етіп, оны XX ғасырда адамзат өркениетінің төріне шығаруда бар саналы ғұмырын сарқа жұмсады. Бабаларымыз атының тұяғымен Ұлы Дала төсіне жазып кеткен әуездік шежіре-мұрасын түпнұсқалық қалыбында ұрпағына тұтастай жеткізіп, рухани тірегіне айналдырды.

Иншалла, Аханның өмірі мен шығармашылығына арналған үлкенді кішілі еңбектерден біз кенде емеспіз. Дегенмен, бұл адамның өмір сүріп, өскен-өнген ортасы, етене жақын араласқан достары, әріптестері, рухани-ұстамдық қағидасы, оны толқытып тебіренген мәселелері, көкөсген мақсат-арманы – демек, тұлғанын ішкі жан сарайына тереңірек үңіліп, ұлттық музыка ғылымы мен іліміндегі, композиторлық шығармашылығындағы күрделі де ұлы жолының мәні мен сәнін ашу, отандық өнертану мамандары тарапынан әзірше атқарылмай жатқан өтпеген-айы болуы керек. Себебі, Аханның ұлттың мәдени-рухани саласына қосқан үлесі ғаламат зор.

Өткен ғасырдың 25-40-шы жылдары қазақ халқы үшін адам айтықсыз азап жылдары болғанын тарихтан жақсы білеміз. Осындай қара түнек заманда мейлінше нәтижелі еңбек еткен Аханның басынан 1953 жылдың сәуіріне дейін қара бұлт ешқашан сейілген емес. Бір сәт ойланайықшы, егер «феодализмнің аспаптары» домбыра мен қобыздан оркестр құрып, «барымташы-ұры» Құрманғазы туралы кітап жазған, «құлт-шылы» Ахмет Жұбанов 1938 жылы «жапон империализмінің шпионы» аталынып атылған, өзінен алтты-ақ жас үлкен туған бауыры Құдайбергеннің тағдырын қайталаса ше?! Немесе А.Жұбановтың Ленинград қаласына арнайы барып алып келіп, Алматыға қызметке орналастырған, «Қыз Жібек» операсының авторы, белгілі композитор Евгений Брусиловский 1951 жылы Ахаңа қарсы ұйымдастырылған қоғамдық айыптау жиындарының ұйытқысы болып, сол тобырдың Жұбановқа «маркстік-лениндік эстетиканы аяққа басыушы, жайдақ социализмді дәріптеуші, кеңесаризмнің атақшұшысы, ұлтшылдық идеяны насихаттаушы...» деген айыптар тағылуына септесті. Осының салдарынан Ахаң Абай атындағы опера театрының жетекші дирижері, Құрманғазы атындағы консерваторияның директоры қызметтерінен, Қазақ КСР Ғылым академиясының сектор меңгерушісі, доктор, академик, халық артисі лауазымдарынан айырылды. Моральдық тұрғыдан әбден титыққан адамға енді қолданатын ақырғы соққы, оны соттағып түрмеде жауып, үнін біржола өшіру еді. Туған халқы Ахаң сынды арда ұлынан мәңгі айырылып, қанатшын қайырылған кезең туыды. Сталиндік қанды қол оның алқымынан алып түншіктырған шақта Аханның Мәскеуде оқып жатқан балалары Ғазиза мен Болатқа барып бас сауғалаудан басқа амалы болмады. «Батырды ұзақ соғыс қартайтады» депті Қожаберген жырау. Міне, оның мейлінше жемісті еңбек еткен шағы осынау зар заманға тұспа-тұс келіп, интеллектуалдық күшін, шығармашылық жігерін айтыс-тартыста өткізген кемеңгер Ахмет Жұбанов өз еңбегінің мәйегін татп алмағандығы – шындық. Бұл көрініс оның ұлы замандастары Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұхтар Омарханұлы Әуезовке де тән болар.

Қазақстан композиторлар одағының қолжазба қорында 1966 жылы, дүниеден озардан біржарым жыл бұрын Ахмет Қуанұлының өз қолымен жазған өмірбаяны сақталған. Онда басынан өткізген өмірлік нем шығармашылық кездерін деректі де нақтылы түрде баяндаған.

А.Жұбанов 1906 жылы 29 сәуірде Орал облысы, Темір үйезі Темір-Орқаш болысындағы Құсуақтан мекенінің №8-ші ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы) Жұбанов Қуанның шаңырағында дүниеге келді. Қуан шаңырағы бак-берекелі, көп балалы құтты үй болған. Жұбан келіні Бишыннар Төңібергенқызы 14 құрсақ көтерген ана. Отағасы Қуан үлкен парасат иесі болған адам: балаларының қазақ тұрмысында қалыптасқан үй, мал шаруасы дәстүрінен гөрі оқу-біліммен айналысқанын қалаған.

Болашақ академик өзін музыкаға, өнерге баулап, өмірлік бағыт берген алғашқы ұстазы Құсайын Әжіғалиевтің есімін үлкен ілтипатпен атайды. «Ол үлкен білімдар, өлең жазатын, скрипкада, мандолинада, балалайкада, домбырада ойнайтын, аздап ноталық сауатты бар және озық ойға иеттелген адам болатын» – дейді. Балғын Ахметтің әдебиет пен ғылым әлеміне алғашқы құлшынысын оятқан Уфа медресесінің шәкірттері – ағасы Құдайберген мен оның жақын досы Жиенғали Тіленбергенов екен. Олар жазғы қаникул кезінде Ахметпен қоса ауыл балаларын қазақ, араб, парсы тілдеріне оқытып, сауаттарын ашады. Құдайберген мен Жиенғали бірлесіп «Мақпал-Сергіз» дастаны негізінде пьеса жазып, соны және Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегін» ауыл сахнасында қойған. Жалпы, табиғатынан аса зерек, дарын иесі ағасы Құдайбергеннің інісі Ахметке деген ықылас-ниеті, ықпалы ерекше болған. Інісінің азаматтық ұстамы болып ұлттық қасиетінің берік қалыптасуына, кәсіби музыкант мамандығын таңдап алуына бірден-бір бағдар беріп, нақтылы көмек көрсеткен – осы Құдайберген ағасы.

1919 жылы Ақтөбе облысында сүзек ауруы халықты жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл трагедия Жұбановтар шаңырағын теңселтіп кетті – әкесі Қуан да осы дерттен көз жұмды. Сүйікті әкeden, сол жылғы жұтта

ол өзіндегі уақыт зәрулігіне қарамастан «Музыка әліппесі» педагогикалық оқу құралын 1932 жылы жарыққа шығарды. Бұл қазақ тіліндегі тұңғыш методикалық кітап болды. Міне, Аханның 25 жыл бір сәтке кідірмей, тыным таппаған еңбек жолы осы «Әліппеден» басталды. XX ғасырдың 60-шы жылдары қазақ кәсіби өнері халықаралық аренаға шығып, үлкен абырой мен атаққа ие болса, соның басында



А.Жұбанов өміріндегі елеулі құбылыс – 1928 жылы Ақтөбе қаласында партактив курсында оқыған кезінде болды. Ол

Ғұмырғибрат

Академик Ахмет Жұбанов туралы үзік сыр

Жоламан ТҰРСЫНБАЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор

осы жерде Варшава консерваториясының түлегі, скрипкашы П.Чернопекпен кездеседі. Бұл адам оның музыкалық сауатын жан-жақты ашты: сольфеджио, гармония, музыка теориясы және скрипка аспабында ойнау сабақтарынан жүйелі түрде тәлім беріп, болашақтағы музыка өнерінің тұлғалы қайраткері жүріп өтер «тар жол, тайғақ кешу» жолына түсірді. Бұған қоса, болашақ композитор математика, физика, химия, орыс тілі мен әдебиеті, тарих пәндерін өз бетімен оқып, екстернен емтихан тапсырып, орта мектепті жақсы көрсеткішпен тәмамдады. Міне, осындай құптарлықпен өзіндік білім алған Ахметті 1929 жылы ағасы Құдайберген Ленинград консерваториясына әкеліп гобой аспабы бойынша профессор Павел Ниманьын сыныбына түсірді. П.Ниман болса, консерваториядағы ұстаздық қызметімен қоса, атышулы Андреев атындағы орыс халық аспаптарының көркемдік жетекшісі және бас дирижері болатын. Кәсіби өнердің биік шыңын меңгеруге құлаш ұрған, білімге әбден шөлінкерген Ахмет Жұбанов осы ұжымның барлық репетицияларына қатысып, ондағы дыбыстық-интонациялық нұсқауларды естіп, әр аспаптың партитурада басқалармен қосылғандығы өзара қауышуы сәнімділігі, негізгі тақырыптың қуаттылық-эмоциялық әсерлілігі, әуенді гармониялық, полифониялық дамытудың тәсілдері, қатығыс драматургиясының пәрменділігін табу жолдары, дыбыс интонациясының қым-қиғаш артикуляциялары... бәрі-бәрі сезімтал Ахметті ерекше әсерлендіріп, қызықтырып, қиялын самғатты. «Қазақ әндерін, күйлерін неге осындай етіп алпауыт оркестр үнінде шырақтатсақ, шарқытатпасақ! Шексіз, шетсіз дала кеңістігінде туған халық әндері мен күйлері осындай аумақты, тылсым да қуатты үнге сұранып тұр емес пе! Жеке батыр болып асқақтайтын домбыра мен қобыздың, сыбызғы мен сырынайдың үндерін бір жеңнен – қол, бір жағадан – мойын етіп оркестрге тоғыту – болашақта атқарылатын біздің ігілікті істеріміз-ау!» – деген ой сол сәтте Ахаң көңілінің көк дөнені болып шапқылаған болар...

А.Жұбановтың Ленинград консерваториясында оқыған 1929-1932 жылдар өмірінің ең сәуелі де бақытты кезені деп бағалауға болады. Үшкір ойлы, сергек сезімді Ахаңа орыс музыка өнерінің небір атакты ғалымдары, жетекші мамандары, ұстаздары дәріс берді. Олар: полифониядан – Х.Кушнарев, гармониядан – Ю.Тюлипп, инструментовкадан – М.Чернов, музыка тарихынан – А.Оссовский және Б.Асафьев (атақты «Бахшасарай бұрқағы» балетінің авторы), музыкалық әдебиеттен – З.Эвальд, КСРО халықтары музыкасынан – Е.Гиппиус, акустикадан – А.Римский-Корсаков. Музыкалық ғылымға, оның ішінде фольклорға деген Ахметтің қошеметі осы кезде туыды. Консерваториядан басқа, Ленинградтың тарихи-лингвистикалық институтындағы лекцияларды үзбей тыңдаушысы болған құлшынысы оған КСРО Ғылым академиясының фоноархивіндегі материалдармен жұмыс істеуге жол ашты. Бұл жерде фольклорлық музыкалық шығармаларды нотаға дәлме-дәл түсіру техникасын жетік меңгеруге қолы жетті. Бес жылдық консерватория курсың төрт жылда үздік тәмамдаған Ахметке осы қаладағы Онертану академиясының аспирантурасына, оның музыка бөліміне жолдама берілді. Бұл оқу орнында музыка зерттеу, жалпы әлеуметтік және философиялық-экономикалық пәндерден басқа, неміс, француз тілдерін құлшыныспен меңгеруі басталды. Ленинград қаласында оқып жүрген бүкіл Орталық Азия кеңістігінің жалғыз өкілі – А.Жұбановтың ендігі арманы қазақ жастарына мемлекет тарапынан жаппай музыкалық білім беру мүмкіндігін туғызып, жүйелі түрде бұл саланың кәсіби мамандарын даярлау еді. Осы мақсатта



көсемі болып кемеңгер ұйымдастырушысы Ахмет Қуанұлы Жұбанов тұрғанын ауыз толтыра айтуымыз керек.

Қазаққа сталиндік «жаппай қолхоздастыру, индустрияландыру» саясаты шектен асқан зорлық-зомбылықпен, бұрын-соңды болмаған қаталдықпен өткізілгені баршамызға аян. Міне, табиғатынан көңілі мөлдір, жаналыққа тез бейімделгіш, арамдық-қулығы жоқ сенгіш халыққа бұл науқан орасан апат әкелетініне сол кездегі елінің санаулы да саналы асқақ ұлдары қарсылық көрсетіп, қасқая тұрып, өмірлерін қиды. Қазақтың тіл білімінің негізін қалаушы, аса көрнекті түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, әлемнің 16 тілін еркін меңгерген, көбіміз біле бермейтін «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы» ғылыми-зерттеу еңбегін жазған, «ән», «би», «баксы», «жыр», «домбыра», «күй», «қобыз», «сыбызғы», «толғау» атауларының этимологиясын ашқан, дәстүрлі музыкамыздың тарихы өзінің қайнар бұлағын көне дәуірден алатынын дәлелдеген қазақтың тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов болды. Оған 38 жасында «халық жауы, жапон империализмінің шпионы» деген айып тағылып, 1937 жылы 23 желтоқсанда ату туралы үкімі шығарылғанда, ол сонғы сөзінде қолдан жасалған ашаршылық қасіретіне қарсылығын ашына айтып, кенес билігінің қылмысын өшкеру қылды.

Ленинград қаласында оқып жүрген Ахмет те Сталиннің Қазақстанда Голощекин қолымен жасап жатқан жауыздығын жақсы білді. Сондықтан, 1933 жылы ақпан айында Қазақ өлкелік комитетінің оқу-ағарту халық комиссары Сейткали Меңдешевтің Алматыда жарты жыл бұрын ашылған музыкалық театр техникумға жұмысқа шақырғанда бірден келісім бергендігі мақсаты туған халқының басына түскен қасіретті өнер арқылы жеңілдетіп, оның егіліп, езіліп кеткен еңесін көтеруге атсалысу еді. Ленинград Онертану академиясы оған бір жылға академиялық демалыс бергенімен, оның ақтық деміне шейінгі бар өмірі өзінің туған еліне еңбек ету үстінде өтті. Ахаң Алматыға келе мұндағы білім беру жүйесін жеделдете биік сатыға көтеріп, дұрыс жолға салуға күш салды. Техникум директоры Сағыр Камаловпен бірлесіп Халық комиссарлары кеңесіне түбегейлі мәселелер көтерген бандамалық жазба жолдады. Міне, 1933 жылдың 29 сәуірінде аталған лауазымды билік органының қаулысы шығып, Қазақтың ұлттық музыкалық театр техникумының материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайтылды, шәкірттер саны 130-ға шейін жетіп, стипендия көлемі 150 рубль көлемінде бекітілді, музыкалық-эксперименталдық шеберхана, халық музыкасы нотаға түсіру және өңдеу кабинеті ашылып, ігілікті шараларды қыс асыру мүмкіндігі туыды. Ұстаздық қызметке композиторлар Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди мен Борис Ерзакович, музыкалық аспаптар жасау шеберлері Борис және Мануил Романенколар шақырылды, дарынды халық таланттары Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Иса

Байзақов, Махамбет Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Ғанбар Медетов орындауларында халық әндері мен күйлері нотаға түсірілді.

Сол кездің мәдениет өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі – музыкалық театр техникумында домбыра мен қобыз сыныбының ашылуы болды. Мысалы, бұған дейін қызыл белсенділердің көзқарасында домбыра «феодализмнің идеялық қаруы», ал қобыз «шаманизм апыны» болып, техникум шәкірттеріне тек еуропалық музыкалық аспаптарды ғана үйрету мәселесі қойылды. Бірақ өз ісіне ұқыпты, ұстамына тастай берік Ахаң осы екі аспапта ойнайтын 17 оқушыдан ансамбль құрып, репертуарына ұтымды да ұтқыр шығармалар енгізіп, оның өнерін Оқу-ағарту халық комиссары қызметкерлерінің назарына ұсынды. Осылай алған бағыттың дұрыс екендігіне көздерін жеткізді.

Аханның жоспарында ендігі атқарылатын жұмыс – кеңейтілген халық аспаптарынан толыққанды оркестр құру еді. 1934 жылдың маусым айында бұл ойы іске асырылды: аталмыш ұжым Бүкілқазақстандық халық өнері қайраткерлері слетінде халық күйлері «Кенес», «Қарабас», «Би күйі», «Айжан қыз» және халық әндері «Балқурай» мен Сергіз Серінің «Қарғашын» тұңғыш рет орындап, оркестр үнінің қазақ музыкасына етене жақын екендігі

сияқты қойылымдардың музыкалық-көркемдік жағына басшылық етті. Туған ағасы Құдайберген істі болып аталғанынан кейін, Ахаңа сол кездегі театр басшысы мен жоғары басқару органы тарапынан «халық жауының інісі» деген айып тағылып, филармонияның халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшілігінен және опера театрындағы дирижерлығынан қуылды.

1939 жылы Қазақстан композиторлар одағы құрылды. Бұл ұйымның дүниеге келуіне Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди мен бірге Ахмет Қуанұлының да қосқан үлесі ерекше болды. Ол атакты халық композиторлары Естай Беркімбаев, Кенен Әзірбаев, Манарбек Ержанов сынды XX ғасырдың сал-серілерін одақ мүшелігіне алудың қажеттілігін тұжырымды дәлелдеу арқасында бұл тұлғалар Композиторлары одағының толыққанды мүшелері атанды. Артынан, өткен ғасырдың 60-80-жылдарында, бұл тамаша дәстүр өзінің әдемі жалғасын таппады, яғни халқының аяулы перзенттері Әблхат Еспаев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуовтер жоғары музыкалық білімі жоқ деген сылтаумен бұл шығармашылық ұйымның мүшелері бола алмады.

Барлық басшылық, ұстаздық, ғылыми қызметтерінен босатылған Ахмет Қуанұлы ендігі жерде бар күшін композиторлық еңбекке жұмсайды. Осы тұста композитор қаламынан 50-шақты әндер, романстар, «Абай», «Исатай-Махамбет» симфониялық поэмалары, фортепианоға арналған 10 тәжік, 8 қазақ билері, қобызға, виолончельге арналған «Ария», «Роман», «Күй», «Көктем», «Вальс» туындылары, «Амангелді», «Райхан» кинофильмдеріне, «Абай», «Махамбет-Исатай», «Сары», «Бақыт таңы», «Азат қыз», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмалық спектакльдерге жазылған музыкалары бірінен соң бірі ағыл-тегіл туындап жатты.

Ахмет Жұбановтың түйдей құрдасы, әріптесі, Қазақстанның халық артисі, композитор Латиф Хамиди мен бірлесіп жазған 4 актілі «Абай» операсы ұлттық опера өнерінің классикалық туындысы. Мұхтар Әуезовтің либреттосы бойынша «Абай» операсы 1942 жылы басталып, 1943 жылы Абайдың басты ариясы, Ажар мен Айдардың дуэті, «Қарлығаш» хоры Орталық Азия республикаларының Екінші музыкалық декадасында көрсетілді. Абайдың ариясын Ришат Абдуллин, Айдарды – Әнуэрбек Үмбетбаев, Ажарды – Күләш Байсейітова орындады. Ұлттық музыка өнеріне үлкен бедел әкелген бұл өнер досы, өзінің мағынасы жағынан Мәскеу декадасынан кейінгі аспанды шаққан найзағайдай әсер еткен, дүбірлі де күмбірлі уақиға болды. Себебі, қазақ опера өнері Әзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан республикаларынан әлдеқайда биік тұрғанын таныты. Бұл көрініске ерекше шабыттанып қанаттанған композиторлар оны 1944 жылдың қазан айында партитура күйінде толық бітіріп, туынды осы жылдың 24 қарашасында опера және балет театрының сахнасына қойылды. Міне, осы күнді біз кәсіби ұлттық операның туған күні деп есептегеніміз абзал болар.

Мен қазақ музыкасының классигі, көптеген өлмейтін туындылар берген, бауырлас татар халқының дарынды өкілі Латиф Абдулхайұлы туралы өткен ғасырдың 80-ші жылдары қазақ радиосына музыкалық хабарлар циклын дайындау үстінде онымен біраз сыр алсықсанып бар. Сонда Ләткенің асқан қарапайымдылығына, құрдасы, жан досы Ахаңа деген шексіз адалдығына, асқан мәдениеттілігіне тәнті болдым. «Бұрынғы өткен батырлардың, билердің, хандардың, әнші-күйші, жыраулардың бойындағы асыл қасиеттері бір Ахмет Жұбановтың бойынан табылатын», деуші еді, жарықтық. Ахаң арқылы қазақ елін, қазақ жерін, қазақ музыкасын жанындай жақсы көріп, осы күт мекенде өзінің рухы, мұрасы мәңгі қалатынын тебіреніп толғайтын.

«Абай» операсының сахнадағы өміріне 70 жылдан астам уақыт өткен екен. Әлі күнге дейін бұл туынды қаншама тыңдарман ұрпағының құлақ қурышын қандырып, мәдениет-руханият әлемінің асыл дүниесіне айналды! Бұдан кейін де Ахаң мен Ләткенің шығармашылық достығы жалғасын тапты, олар 1947 жылы Мұхтар Әуезовтің либреттосы бойынша 4 актілі «Төлеген Токтаров» операсын дүниеге келтірді.

1951 жылы атакты композитор, онертану ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның халық артисі Ахмет Қуанұлы Жұбановтың басына тағы да қара бұлт үйіріліп, тағы да өзгеше жалтақтап, өзіне шапшаңдаған заман туыды... Мұнда да ғасырлар бойы көшіп, өшпеген, найзасының ұшына жау мінігізген халықтың текті ұрпағы Ахмет Жұбанов қайтпас қайратымен, жасампаз, есепі де еңселі еңбегімен ғаламат жеңіске жетті! Оның «Ғасырлар пернесі» (1958 ж.), «Құрманғазы» (1960 ж.), «Мұқан Төлебаев» (1962), «Музыкадағы бірінші қадамдар» (1963 ж.), «Қазақтың халық аспаптары» (1963 ж.), «Замана бұлбұлдары» (1963 ж.), «Ән-күй сапары» (1976 ж.), «Өскен Өнер» (1985 ж.) кітаптары осыған айғақ. Бұл іргелі туындылар ұлттық музыка өнерінің алтын шежіресі, баға жетпес қасиетті сарқылмас мәдениетін сақтап дамытуда жемісті де жеңісті еңбек етіп абыройын асқақтатқан, сол үшін тар жол, тайғақ кешкен Ахмет Қуанұлы Жұбановтың есімі Мәңгілік Елмен бірге жасасып, туған халқының көңіл төрінде мәңгі сақталары хақ.

АСТАНА

● **Тағзым**

Ән көгінің қос қарлығашы

Думан АНАШ, «Егемен Қазақстан»

Шығыс өңірінде Қазақстанның халық әртістері, ағайынды Абдуллиндердің 100 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтті. Мерейтой аясында облыстық драма театрында «Тағдыры бір – екі жұлдыз» атты кеш өтті. Мерекелік концертке келген қонақтарды Шалқар Рысханов жетекшілік ететін «Алтай» қазақ халық аспаптары ансамблі күймен қарсы алса, кеш шымылдығын Шығыс Қазақстан облысы әкімінің симфониялық оркестрі (бас дирижері А.Галсанов) ашты. Концерт барысында ағайынды Абдуллиндердің репертуарындағы белгілі шығармалар орындалды. Мәселен, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шәхмардан Әбілов «Абай» операсынан Абайдың ариясын, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Вячеслав Ткач «Евгений Онегин» операсынан Онегиннің ариясын, Абай атындағы академиялық опера және балет театрының әншісі Нұржан Бажекенов Ленскийдің ариясын орындап, жұртшылық ықыласына бөленді. Сондай-ақ, Абай, Жаяу Мұса, Ақан сері, Э.Канио, Э.Капуло, Г.Подольский және тағы басқа композиторлардың шығармалары көрерменнен құлақ құрышын қандырды. Аталған кешке арнайы келген Мүслім Абдуллиннің қызы мен ұлы Ғалия, Сағынай Абдуллиндер, Ришат Абдуллиннің немересі, белгілі әнші Карина Абдуллина да қатысып, көрермендерге әсем әндерін арнады.

Жалпы, Шығыс Қазақстан Абай, Шөкәтін сияқты талай-талай тұма талантты туғызған, даланың өзіндей қоныр үні күмбірілеген қос жұлдыз, ағайынды Абдулиндерді де дүниеге әкелген киелі өлке! Өткен ғасырдың 1932-1933 жылдары елімізде тұңғыш рет ашылған музыкалық техникумның алғашқы тыңдаушыларының қатарында өнерге құштар жас таланттар Мүслім мен Ришат та болды. Ән көгінің қос қарлығашы екі жылдан кейін Мәскеу мемлекеттік консерваториясына оқуға аттанған алғашқы топ құрамына қосылды. Ағалы-інілі әншілердің артистік қызметі 1938 жылы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрынан бастау алды.

«Абай» операсынан кейін «Евгений Онегиннің» қойылуында да бір нәзік байланыс бар. Қазақ көрермендерін Чайковскийдің ғажайып музыкасымен таныстырған спектакльде басты рөлдер Онегин мен Ленскийді Абдулиндер ойнаған болатын. Ағайынды әншілер бір-бірін өте жақсы түсінетін, сондықтан мұндай керегер образдарды қызықты, шынайы, әрі табиғи бере білетін. Олардың әр жанар рөлі замандастары тарапынан жұлдызды триумф ретінде бағаланды. Мүслімнің шеберлігін танытқан Ленскийдің ариясын кейін немере інісі, КСРО Халық әртісі Әлібек Дінішев те зор табысымен орындап, көрермен ықыласына бөленуі бекер емес. Бұл – он қанған әулет. Екелері Мүкім Абдуллин домбырада ойнаған. Оның сүйемелдеуімен бүкіл отбасы қосылып жиі ән айтатын-ды.

Бүгінде Өскемен қаласында ағайынды Абдулиндердің есімімен аталатын өнер училищесі бар. Аталған оқу орнында ағайынды Абдулиндердің өмір жолынан сыр шертетін музей ашылған. 2008 жылдан бастап өнер училищесінде үздік 10 қушыға ағайынды Абдулиндер атындағы шәкірталық тағайындалып келеді. Вокалстер байқауының бас жүлдесін павлодарлық Лейла Қайыр иленгенін айта кеткен ләзім.

– Адамның сезімі мен ішкі дүниесін әуелі сөз жеткізеді, сөз жеткізе алмағанды саз жеткізеді. Сондықтан, әйгілі әншілер Ришат пен Мүслім Абдулиндердің 100 жылдық мерейтойы – Шығыс өңірінің ғана емес, бүкіл еліміздің қуанышы. Облыс орталығындағы қазіргі Жамбыл атындағы саябақтың аумағында бір кезде тұрғын үйлер болған екен. Сол үйде дүниеге келген қос жұлдыз бүкіл әлемге мәшһүр болып, еліміздің өнер саласын ілгерілетуге үлкен үлес қосты. Осы ретте облыс әкімі Даниял Қенжетайұлының тапсырмасы бойынша, ағайынды Абдулиндердің 100 жылдық мерейтойы аясында жыл соңына дейін түрлі мәдени іс-шаралар өткізу көзделген, – деген облыс әкімінің орынбасары Жаксылық Омар Өскемендегі ағайынды Абдулиндер атындағы өнер училищесін күрделі жөндеуден өткізу үшін бюджеттен 320 миллион теңге қаражат бөлінетінін жеткізді.


ӨСКЕМЕН

NUCLEAR
SECURITY
SUMMIT

WASHINGTON 2016



ЕЛБАСЫ МАНИФЕСІ: БЕЙБІТ ӨМІРГЕ ҮНДЕУ



Нысана – бейбіт даму мен ілгерілеу

Андрей ТРУБИЦЫН,
Том политехникалық
университеті стратегиялық
әріптестікті дамыту
институты директоры

АҚШ-тың астанасы – Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммит аясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесі жарияланғаны белгілі. Менің көзқарасымша, бұл – мемлекет қайраткерінің өте тереңнен ойластырылған, жан-жақты айғақтар келтірілген бағдарламалық құжаты. Онда ширек ғасыр уақыттан бері анти-ядролық бастамамен көрініп келе жатқан саясаткердің дәйекті де мақсатты және табанды еңбегі айқын көрінеді.

Ядролық қатердің сипатын өз елінің тәжірибесінде нақты сезінген Нұрсұлтан Әбішұлы кезінде өте күрделі шешім: Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы шешім қабылдаған еді. Бұл шешімнің сол шақта әлемнің жетекші ядролық державаларын ядролық сынақтар жүргізуге мораторий жариялауға итермелегені де ұмытыла қойған жоқ. Енді, міне, манифесте 2016 жылы БҰҰ-ның басшылығымен Қазақстанда жоғары деңгейде халықаралық конференция өткізу ұсынылады. Онда XXI ғасырда соғыс атаулы мен жанжалдардың алдын алу мақсатында халықаралық құқықтық қағидадарын қуаттау қажеттігі атап көрсетілді.

Шын мәнінде, бүгінде қатерлі қарудың терроршылардың қолына түсу ықтималдығы өте зор. Қазақстанның Тұңғыш Президенті атап көрсетіп отырғандай, «лас бомбаның» лаңкестерге қолжетімді болуы уақыттың ғана еншісіндегі жайт секілді. Сондықтан, оған жол бермеудің қам-қарекеттерін қазірден бастап қолға алмасақ, ертең кеш болатыны айтпаса да түсінікті.



Бұл аздай, бұдан да кең ауқымды қатер – киберқылмыс пайда болды. Мұның да қылмыскерлердің қолында тиімді қаруға айналуы әбден мүмкін. Осы себепті, жаңа соғыстарға жол беруге мүлдем болмайды.

2013 жылдың сәуірінде Том политехникалық университеті физика-техникалық институтының инновациялық білім беру орталығының базасында бүкіл әлемнен келген ядролық физика саласының мамандары Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) бағдарламасы бойынша оқытылды. Аталған университеттің таңдалуы тіптен де тегін емес. Бұл жоғары оқу орнының ядролық физика саласында айтарлықтай табыстары бар. Бұл қатарда ядролық және радиоактивті материалдарды есепке алу мен бақылау және таратпау секілді маңызды бағыттар бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіліп келеді. Сөйтіп, аталған басқосу Ресейдің ядролық және радиоактивті технологияларды бүкіл дүниежүзі бойынша бейбіт мақсатта пайдаланудың қауіпсіз режимін құру ісіне қосқан нақты үлесі болып табылды.

Бұл бағытта біздің стратегиялық әріптестеріміз кімдер дегенде, алдымен айтарымыз – «Росатом» мемлекеттік корпорациясы, МАГАТЭ,

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы (Қазақстан). Жақында мен академик, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры Арыстан Ғазалиевтен осы жылдың наурыз айында аталған жоғары оқу орнында танымал ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің қатысуымен «Бейбітшілік эстафетасы – жастарға!» деген тақырыппен өткен жастардың республикалық антиядролық форумынның материалдарын алдым. Шараға Қазақстанның бірқатар ЖОО-ларынан ондаған мың студент атсалысыпты. Форумның материалдары қарусыздану, ядролық қаруды таратпау және ядролық қауіпсіздік секілді бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне арналғаны қуантты. Және бір атап көрсететін жайт, осының өзі қазақстандық студенттердің Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеяларын қолдайтындарының жарқын көрінісі болып табылады.

Сөз ретінде Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Том политехникалық университетімен ежелден бері әріптестік қарым-қатынаста екенін айта кетсем деймін. Екі жоғары оқу орны академиялық алмасулар және бірлескен ғылыми жобалар бойынша тығыз ынтымақтасып келеді. ҚарМТУ-дің ғалымдары мен студенттері ТПУ-дің ғылыми конференцияларына қатысса, осындай табыспен кері үдеріс те үнемі жүріп келеді. Осылайша, өзара ой-пайымдар мен идеялар алмасуы жанды жалғасу үстінде.

Қазіргі кезде 2000-нан астам қазақстандық студенттер, магистранттар мен аспиранттар ТПУ-де оқиды. Тағы да қайталап айтсам, болашақ мамандардың, ғалымдар мен өз елі патриоттарының Қазақстан Президентінің бейбіт бастамаларын толықтай қолдайтыны қуантады.

Ресей Федерациясы



Баянды болашаққа бастайтын бағдарлама

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірінші кезекте, Қазақ елі басшысының осынау мәлімдемені жасауына толық құқы болғанын ерекше атап өткен жөн. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің тарихында жалпы адамзаттық мүддеге орай бұрын-соңды болмаған бірден-бір ұтымды шешім қабылдаған Мемлекет басшысы. Осы ретте, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун мырзаның: «Қазақстан ядролық қарусыздануда ерекше артықшылығын аңғартуда. 1991 жылы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Семейдегі ядролық полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартуы үлкен ерлік. Бұл қадам аса көрегенділік, нағыз тәуелсіздікті жариялау. Мен барлық мемлекет басшыларын, әсіресе, ядролық державалар басшыларын Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын», деп ағынан жарылуы тегін емес.

Екіншіден, бұл манифест осыдан 60 жылдан астам уақыт бұрын көрнекті оқымыстарлар Альберт Эйнштейн мен Бертран Расселдің «Қатал, қатерлі және қашып құтыла алмайтын сұрақ: біз адам баласын жоюға тиіспіз бе әлде адамзат соғыстан бас тарта ма?» деген атпен жарияланған манифесінен кейінгі терең сараптамалық әрі өзекті мәселелері жан-жақты зерттелген құнды құжат ретінде бағалануда. Президент Назарбаевтың жаһандық бағдарламасы 3 басты қағидаға және әлемдік қоғамдастық іс-қимылының тұтастық алгоритмінің 5 бағытын қосамыз. Бұлардың әрқайсысы мұқият оқылып қана қоймай, сондай-ақ, тиісті шараларды қолға алуды ерекше қажет етеді, олай болмаған жағдайда жаһандық ынтымақтастық сағымға айналып, жаһандық соғысқа әкелуі мүмкін. Бұл – миллиардтаған адам қаза тауып, жер бетінен қалалар мен елдер түбірімен жоғалады, мәдениеттер мен өркениеттер мүлдем жойылады деген сөз. Біздің Елбасы сол себепті де, әскери қаттығыстарды реттеу мақсатында әрі ядролық қарусызданған қауіпсіз әлем құру үшін жоғарыда айтылған нақты қадамдарды ұсынып отыр.

Мақсат – XXI ғасырда соғыссыз әлем орнықтыру

Иә, бейбітшілік – біздің елімізде қазір үйреншікті сипатқа айналған ұғым. Күн сайын біріміз оқуға, біріміз жұмысқа барамыз, көшелеріміз тыныш және бұл ахуалға біз әбден етімді үйреніп алғаны соншалықты, мұндай жағдайды осылай болуы керек сияқты қабылдаймыз. Бейбітшілік құлды бір ауа тәрізді – оның бары ешкімге білінбейді де сезілмейді, ал шындал келгенде, әп-сәтте ауа қармап қалсақ, өмірімізге қауіп төнетіні білетіміз. Бізге қалыпты осынау ахуал, өкінішке қарай, Жер шарының әр тұсында елдеріндегі тұрақсыздықтар салдарынан туындаған үрей мен қорқыныштан мазасыздық күй кешіп жүрген, небір соғыс жағдайында өмір сүріп жатқан былайғы жұрт үшін қол жеткізбес арман десек, әсте қателеспейміз.

Жалпы, қазір халықаралық қатынастарда жанжалдастық тәуекелдері арта түсуде. Білікті мамандардың зерттеулеріне сүйенсек, жер өркениеті 15 мыңнан астам соғысты, яғни әр жыл сайын үш соғысты басынан өткерген, ал екінші дүниежүзілік соғыстан бері әлемде 170 рет соғыс өрті тұтаныпты. Бүгін де 24 жерде соғыс сипатындағы қаттығыстар орын алууда. Әскери қаттығыстардың географиясы Еуропаның шығысындағы, Африканың солтүстігіндегі, Таяу Шығыстағы соғыстың іс-қимылдарының тарихи шегін қамтуда. Яғни, соғыс вирусы халықаралық жағдайды ұшықтыруын жалғастырып жатыр. Милитаризм адамдардың сана-сы мен мінез-құлқына етене еніп кеткен. Халықтың қолында қазіргі



күні 1 миллиардтан астам атыс қаруы болса, олардан әлемде күн сайын мыңдаған адам көз жұмады. Жалпы, жыл сайын қару-жараққа 1,7 триллион доллар немесе әр күнге шаққанда 4,6 миллиард доллар шығындалады. Ал осы тұста жер жүзінде 1 миллиардтан астам адам аштыққа ұшыраса, 210 миллион адам жұмыссыз күй кешуде, тағы 1,5 миллиард адам энергия көздеріне зору.

Халықаралық терроризм қаһарлы сипатқа ие болды. Сөйтіп, жекелеген елдердегі бірі-жарым актілерден Еуропа, Азия және Африка мемлекеттеріне қарсы кең ауқымды террорлық агрессияға айналып үлгерді. Миллиондаған босқындар, қалалардың қирауы, құнды тарихи ескерткіштердің жойылуы – осының бәрі әдеттегі көрініске айналууда. Экономикалық санкциялар мен сауда-саттық майданы да қалыпты құбылыс болып отыр.

Ядролық қаруды таратпау туралы шарт өз міндеттерін орындай алмауда. Адамға ажал себетін қару, оны дайындау технологиялары ірі державалардың қосарланған стандарттарының салдарынан бүкіл әлемге тарауда. Олардың терроршылардың қолына түсуі – уақыт өте келе әбден болуы мүмкін нәрсе. Бір сөзбен айтқанда, планета тағы да бүкіл адамзат үшін қасіретті салдарлары бар «қырғы-қабақ соғыстың» өткір жүзінде тербеле бастады. Дүние әзірше өткен төрт онжылдықтың он инерциясының арқасында сақталып тұр.

Міне, осы жайттарды тілге тиек ете отырып, Н.Назарбаев өз манифесінде бүкіл адамзаттың жарқын болашағы үшін «XXI ғасыр: соғыссыз әлем» атты кең ауқымды бағдарлама дайындалуы қажет дей келе, бұл құжатта үш басты қағидаға нақты мазмұндау керек екендігіне назар аударалы және олар мына бір негізгі ережелерге сүйенуі тиіс деп есептейді:

Біріншіден, қазіргі кездегі бірде-бір соғыста жеңімпаз болмайды және бола да алмайды, онда бәрі де жеңіледі. Осы тұста белгілі саясаткер Уолтер Мондейльдің айтқан: «Үшінші дүниежүзілік соғыста ардагерлер болмайды», деген сөздерін тура қабылдаудан басқа ла-жымыз қалмайды;

екіншіден, жаңа соғыста жаппай қырып-жоятын қарулар – ядролық, химиялық, биологиялық және ғылым жетістігі негізінде ойлап табылатын кез келген қарудың өзге де түрлерін қолданудан қашып құтылу мүмкін болмайды. Бұл бүкіл адамзаттың қырылуына алып келеді және де осыған кімнің жауап беретінін анықтаудың өзі кеш болады әрі жауап беретін адам да табылмайды. Осындай ықтимал қауіп-қатерді қазіргі ұлттық лидерлер мен саясаткерлер және олардың кейінгі буын өкілдерінің барлығы аксиома ретінде түсінуге тиіс;

үшіншіден, мемлекеттер арасындағы барлық талас-тартыстарды реттеу үшін бейбітшілік пен қауіпсіздікке тең жауапкершілік, өзара құрмет және ішкі іске араласпау қағидадарына бейімделген бейбіт ұнатысулар мен сындарлы келіссөздер негіз болуы керек.

Қауіпсіз әлем үшін күрес – басты міндет

Манифесттің осы бір өзекті мақсатын жүзеге асыру үшін Н.Ә.Назарбаев әлемдік қоғамдастық өзінің іс-қимылының тұтастық алгоритмдерін бес бағыт бойынша кешенді түрде түзгені абзал деп санайды.

Ең біріншісі әрі бастысы, әрине, ол – ядролық және өзге де жаппай-қырып жоятын қарудан толықтай азат әлемге қарай дәйектілікпен ілгерілеу. Жалпы алғанда, бұл бағыттағы маңызды қадам қазірдің өзінде жалғасып отыр. Бұған Қазақ елінің қосқан үлесі мол. Мысалы, 2015 жылдың 7 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасы бойынша Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға ортақ декларация қабылдады. Қазақстан 25 жыл бұрын әлемде алғашқы болып Семей ядролық сынақ полигонын біржолата жапты. Бұл – әзірше әлемдік тәжірибедегі алғашқы және бірден-бір оқиға.

Жас мемлекет содан соң КСРО ыдырағаннан кейін мұраға қалған атом қаруының әлемдегі төртінші әлеуетіне және оны жеткізу құралдарына иелік етуден өз еркімен бас тартты. Сөйтіп, 1994 жылғы 5 желтоқсанда Будапешт қаласында іргетасын тамыры Ұлы Даладан бастау алатын дала қыпшақтары қалаған зәулім сарайда еліміздің тарихына алтын әріппен жазылатын оқиға орын алды. Қабырғалары алтынмен апталған, салмағы он тонна тартатын төбеден төмен қарай ілінген люстрамен көмкерілген бас айналатындай нән залдың ортасында біздің елдің Президентін қаулап бес елдің басшылары «Қандай да ядролық қару ешуақытта Қазақстанға қарсы қолданылмайды» деген кепілді растап қол қойды. Осы сәтке куә болғандардың толқығаннан тұла-бойлары шымырлап, көздеріне жас үйірілгенін, сондай-ақ, әлемнің өзге елдері мұнан соң Қазақстанның осы жарқын үлгісін қолдайды, сөйтіп, жаппай қарусыздануға жол ашылады деген сенімдерін ұмыту мүмкін емес.

Иә, Қазақ елінің бұл қадамы жетекші ядролық державаларды ядролық сынаққа мораторий жариялауға қозғау салды. Нәтижесінде 20 жыл бұрын БҰҰ аясында ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт жасалынды және қол қою үшін ашық деп жарияланды, бірақ ол әлі күшпен енбей отыр. Бұл жағдайға Н.Ә.Назарбаев алаңдаушылығын білдіре отыра, өзінің манифесінде ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттердің үзбей өткізіліп тұруы қажеттілігіне, өлім себетін қаруларды ғарыш кеңістігіне, әлемдік мұхиттың бетпайар суларының түбіне, Арктикаға орналастыруға тыйым салуға қатысты жаһандық шешім қабылдау, БҰҰ-да жаппай қырып-жоятын қару жасау және жетілдіру үшін пайдалануға болатын ғылыми жаңалықтардың Тіркеу реестрін құру керектігіне ерекше көңіл бөледі.

Келесі өзекті мәселе соғыстың түп-тамырын біртіндеп жойып, орнықты әлемнің географиясын қалыптастыру қажеттілігіне саяды. Осы орайда Елбасы Н.Назарбаевтың «Алып әлем және ядролық қауіпсіздік» атты мақаласындағы: «Ядролық қарусыз әлем, олардың ядролық технологияға ие немесе ие емес екендігіне қарамастан, барлық елдер мен халықтардың күш-жігерін біріктірген жағдайда ғана шындыққа айнала алады» деген ұтымды ойымен келісуге тура келеді. Манифесте атап көрсетілгендей, бұл салада біршама ілгерілеу нышаны байқалады. Мәселен, қазір әлемде ядролық қарудан азат алты аймақ бар. Олар Антарктиданы, Латын Америкасын, Африканы, Австралия мен Океанияны қоса алғанда, іс жүзінде бүкіл Оңтүстік жар-ты шарды қамтиды. Олардың ішіндегі ең «жасы» 10 жыл бұрын Семейде өңірдің бес мемлекеті құрған Орталық Азия ядросыз аймағы болып табылады. Дегенмен, атқарылуы тиіс жұмыстар әлі жетерлік. Нұрсұлтан Әбішұлының: «Ядролық қаруды таратпау туралы келісім өзіне арқан үміттерді ақтамады, өйткені, міндеттері біржақты, тек ядролық қарусыз мемлекеттерге

жүктеу қарастырылған», деуі бекер емес.

Сонымен бірге, күн тәртібінде XXI ғасырда милитаризмнің жаһандық қауіпсіздікке қатер төндіріп, кең ауқымды халықаралық ынтымақтастыққа кедергі келтіретін әскери блоктар секілді рудиментін еңсеру мәселесі тұр. Оны шешу үшін манифесте нақты ұсыныстар келтірілген. Атап айтсақ, әскери блоктарға БҰҰ туы астында Мемлекеттердің бейбітшілік, тұрақтылық, сенім мен қауіпсіздік жолындағы үшін жаһандық коалициясын қарсы қою қажет. Таяудағы онжылдықтың жалпыға ортақ міндеті Ауғанстандағы, Ирактағы, Йемендегі, Ливия мен Сириядағы, Украинаның шығысындағы соғыстар мен жанжалдарды және Палестина – Израиль текетіресін тоқтату болуға тиіс. Корея түбегі, Оңтүстік Қытай теңізі акваториясы және Арктикадағы ахуалдар қауіпін әлеуетін азайту міндеті тұр.

Сондай-ақ, Қазақстан басшысы халықаралық қарусыздану үдерістерін жаңа тарихи жағдайларға бейімдеу маңызды деп санайды. Өйткені, зымыраңға қарсы жүйелер мен кәдімгі қару-жарақ жөніндегі бұрынғы уағдаластықтар кезіндегі алысты болжай алмаушылықтың салдары Еуразия кеңістігін саяси милитарландыруға алып келді. Бұл қорғанысты басқарудың электрондық жүйесінің ықтимал ақауына байланысты жаһандық соғыстың басталу қаупін күшейте түседі. Сондықтан БҰҰ-ның Қарусыздану жөніндегі конференциясы қызметінің жаңа стратегиясы қажет. Осы ретте, Қазақстан 2016 жылы БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі Халықаралық конференциясын шақыруды ұсынады және оның барысында XXI ғасырда қиратын – бүлдіруге әкеліп соқтыратын соғыстар мен жанжалдардың алдын алу мақсатында халықаралық құқықтың қағидадарын қуаттаған жөн деп есептейді.

Жалпы алғанда, манифест өзінің салмақты ойлармен, нақты ұсыныс-пікірлерімен ядролық қарусыз бейбіт өмір сүруге толығымен мүмкіндік барын ашып көрсетіп отыр. Сондықтан БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында Қазақстан өз тарапынан «Жаһандық Стратегиялық Бастама-2045 Жоспары» жасау бастамасын илгерілетуді ұсынғаны белгілі. Бұл Жоспар соғыстар мен жанжалдардың түбегейлі себептерін жоюды көздейді. Сондай-ақ, Қазақстан аумағында МАГАТЭ туы астында атом энергетикасын дамытуды жоспарлап отырған мемлекеттерге арналған Төмен байытылған ядролық отын банкі құрылды. Мұны халықаралық қауымдастықтың Қазақстанға көрсетіп отырған зор сенімі деп қабылдаған жөн. Бұған жоғарыда атап өткендей бірші мемлекет державаларының болашақта Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге берген кепілдігін қосыңыз.

Қорыта айтқанда, Нұрсұлтан Әбішұлы «Әлем. XXI ғасыр» манифесімен кезекті рет бүкіл халықаралық қоғамдастықтың назарын ядролық қарусыз әлемге аударды, соғыссыз әлем – халықаралық қаржы, сауда-саттық және даму саласындағы жаһандық бәсекелестіктің өділетті парадигмасы екендігін ашып көрсетті және барша халықты балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы туралы ойлауға шақыра отырып, өткен ғасырлардың қасіретті қателіктерін қайталауға жол бермей, әлемді соғыс қатерінен түпкілікті арылту үшін бүкіл әлем үкіметтерінің, саясаткерлерінің, ғалымдарының, бизнесмендерінің, өнер қайраткерлерінің және миллиондаған адамдардың күш-жігерін жұмылдыру қажеттігін атап өтті.

Иә, Елбасы айтқандай, адамзатты ажал сепкен соғыс қатерінен мүлде арылту үшін қолымыздан келгенін бәрін жасауымыз керек. Біз үшін қазір және таяу болашақта бұдан көкейкесті міндет жоқ.



● Біз – қазақстандықтармыз!

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ



Суреттерді түсірген Ерлан ОМІРГОВ

Бізде іргетасы мықты бірлік бар

Әр мерекенің өзіндік ерекшелігі бар. Біздің бала кезімізде 1 мамыр Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні ретінде аталып өтетін еді. Бейбіт шерулер өткізу дәстүрі қалыптасқан-тын.



Ал еліміз тәуелсіздігін алған соң, мейрамдар мен елеулі даталар жаңа тұрғыда алынып, арнайы заң қабылданды. Айталық, 2001 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңның 3-бабында мемлекеттік мерекелер атап көрсетілген. Соның ішінде 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі екені нақты жазулы тұр. Мен мұны достық пен ынтымақтың, байлық пен берекенің, ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімнің мейрамы деп есептеймін. Өйткені, осы ұғымның бәрі елдің бірлігінен туындайды.

Жалпы, әр отбасы үшін Қазақстан халқының бірлігі мерекесінің орны бөлек. Бұл – жанымызға шуақ, бойымызға қуат сыйлайтын, әрбір азаматтың патриоттық сезімін арттыратын мейрам.

Бірлік күні дегеннің мағынасын қазір тіптен тереңірек ұғына түстік. Өйткені, біз – 130-дан астам ұлт пен ұлысты біртұтас халыққа айналдыра білген мемлекеттің азаматтарымыз. Елбасымыз елдің бірлігі барлық бастаманың, жетістіктердің, ерен еңбектердің ең басты негізі, іргетасы екенін үнемі атап өтеді. Негізінен бір ұлттың өкілдері тұратын елдерде көп қиындық туа қоймайтыны белгілі. Сол елдегі халықтың тілі, салт-дәстүрі, діні қалыптасқан жағдайда дами береді. Мысалы, Кореяда солай. Ал бізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өзіндік салт-дәстүрі, діні көзқарастары әртүрлі, ділі басқа, тіпті, өмірдің болмысын қабылдауда өзіндік ерекшеліктері бар, наным-сенімдері әрқалай, мінез-құлықтары да бір-біріне ұқсамайды. Сондай алуан түрлі ұлтты бір шаңырақтың астына жинап, Қазақ елінің біртұтас халқына

айналдыру онай шаруа емес. Бұл – үлкен еңбекпен, терең зерделенген идеологияның негізінде қол жеткізілетін табыс. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясының негізгі мақсаты – болашағы біртұтас елді қалыптастыру.

Бізде бейбітшілік, келісім, бірлік бар, бір отбасындай тату өмір сүріп жатырмыз. Ел тарихы үшін елеулі барлық мерейтойларды, халықтық және мемлекеттік мерекелерді бірге атап өтеміз. Сондықтан біз үшін халық бірлігі күні ерекше мейрам. Мамырдың жаймашуағындай жылылық сыйлайтын осы мерекенің жүрекке қуаныш құятын қасиетін сезіне білуіміз қажет.

Қазір жұмыс орнымызда әртүрлі ұлт өкілдері сыйластықпен бірге қызмет жасаймыз. Дастарқанда бірге отырамыз. Балаларымызды да кенпейлі, үлкенді сыйлауда, адамды құрметтеуге тәрбиелеп келеміз. Ұрпағымыз өркеніетті елде бақытты өмір сүргенін қалаймыз.

Бірлік, татулық өзінен өзі келе қалмайды. Ел тыныштығын сақтауға бағытталған жұмыстар ай сайын, күн сайын, сағат сайын тоқтаусыз жүргізіле беруі керек. Ол үшін бізде мықты қаланған ынтымақтың іргетасы бар. Сол іргетасымызға ешқашанда сызат түспесін деп тілейміз.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы жолында біртұтас халқымыз аянбай еңбек етіп, бірлігі арқылы жасампаздығын дәлелдеп, шын мәнінде 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуына ізгі тілегімізді білдіреміз. Біздің арманымыз да, мақсатымыз да – осы!

Роман КИМ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«Қазақстан корейлері қауымдастығы» РКБ президенті,
Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі



жүргізіп, көптеген түйінді мәселелерді шешуге ықпал етті.

Соның ішінде ұлттар достығының іс-шарасына еліміздегі қазақ, орыс, белорус, өзбек, неміс, ұйғыр, корей және өзге де ұлттық бірлестіктердің өкілдері қатысып, өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен орындады.

Жалпы алғанда, өткізілген

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның 2050 жылға дейінгі өркендеу жолын белгілеп, қуатты ел болудың Ұлт Жоспарын бекітіп бергені баршаға аян. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміз талай асуларды бағындырып, талай белестерді артта қалдырды. Сөйтіп, Мәңгілік Ел болудың жолында ұлт болып ұйысып, ынтымақ пен бірлігіміздің арқасында әлеуеті мықты мемлекет атануға бағыт алдық. Ендігі мұратымыз да, арман-тілегіміз де осы.

Арманымыз асқақтай берсін

Елбасының Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммит аясында дүниежүзі халықтарына жасаған «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесі қазақстандық қоғамды біріктіретін фактор ретінде өз мемлекетімізді тарихи-мәдени тұрғыдан дамытуды шоғырландыру идеяларын жүзеге асырады. Ал бұған Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің атқарған істері дәлел бола алады.

Ұлттық музей Елбасының «Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстанның көпұлыстығының тарихы» атты тарихи-деректі көрме залын жасау бастамасын қолдай келе, Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдікалыкованың 2015 жылғы 26 қазандағы өкіміне сай ҚХА мүшелерімен тиісті тақырыптағы заң акпозициясының жобасы жасакталды.

Ұлттық музей Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығымен бірге ағымдағы жылдың 16 қаңтары мен 4 ақпаны аралығында Қазақстан халқы Ассамблеясының залы үшін музей бұйымдарын жинау мақсатында облыстағы аймақтық этномәдени бірлестіктерді аралады. Атап айтсақ, ғылыми қызметкерлер, экспозиционерлер және қор сақтаушылар 339 экспозициялық топ құрып, жұмыс істеді.

1-экспедиция Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 216 экспонат жинады. Олардың 74-і экспозицияға қойылды. Ал 2-экспедиция Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарынан 339 экспонат әкелді. Олардың 30-і экспозицияға қойылды. 3-экспедиция Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау және Ақтөбе облыстарында жұмыс жасап, 263 музей экспонатын жинады. Олардың 75-і экспозицияға қойылды. Жалпы айтқанда, әрбір аймақ ҚХА бойынша



тарихи-мәдени жобаға өз үлесін қосты. Барлығы 818 экспонат жиналып, олардың 191-і экспозицияға қойылды.

Аймақтардан алынған экспозициялық материалдардан бөлек: – Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағаттық іс және құжаттама департаментінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты»;

– Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағаттық іс және құжаттама департаментінің «Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар мұрағаты, Республикалық «Қазақстанская правда» газеті» АҚ ұсынған мұрағаттық құжаттар да пайдаланылды.

Бүгінгі таңда Ұлттық музей қала тұрғындары мен қонақтарына еліміздің басты жетістіктерін, оның тарихындағы ең маңызды кезеңдерін насихаттаумен келеді. Даламыз қаншалықты кең болса, өткеніміз де тарих парағында қатпар-қатпар болып сақталған. Өз тарихымызды тани білмесек, зерттемесек бүгінгіміз де, болашағымыз да бұлыңғыр болары сөзсіз. Сондықтан да Үкімет осы іске

айрықша көңіл бөліп, қолдап отыр. Бұл – қуанарлық жайт. Ендігі кезекте ҚХА залын одан әрі жандандыра түсу үшін жұмыс істейтін боламыз.

Қалай десек те, Елбасының Төрағалығымен өткен ҚХА-ның XXIV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел – патриоттық актісінде» атап көрсетілгендей, «Халық өмірі оның ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан халықтың мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ». Біртұтас еліміз – Мәңгілік Ел қуатты болсын! Ал осы орайда айтарым, Қазақстандағы ұлтаралық және дінаралық татулықты сақтай отырып, сол жолда еңбек ету – мемлекетіміздің көзі ашық, көкірегі ояу әр азаматының басты міндеті. Себебі, тұрақтылық салтанат құрған жерде атқарылған шаруалардың нәтижесі жоғары болады. Тісінше, оның берер жемісі де орасандығымен ерекшеленеді. Ал әлемдегі сонғы оқиғаларға қарасақ, ұлтаралық қақтығыстар, қарама-қайшылықтар, саяси күрестер шарықтау шегіне жетіп отыр. Жазықсыз жапа шегіп жатқандарда да есеп жоқ. Олардың обалы кімге?!

Кезінде Мемлекет басшысы: «Біздің саясатымыздың ең басты өзегі барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің ортақ құндылықтарын тауып, олардың біріге отырып, дербес дамуына қажетті алғышарттарды анықтай білуімізде болды», деп атап көрсеткен еді. Сондықтан да ата-бабаларымыз армандап өткен Мәңгілік Елге жетуіміздің даңғыл жолы осы бірегейлік пен бірлікте, яғни татулық пен түсіністікте жатыр. Ал Мәңгілік Ел идеясы Қазақстанды жаһандық сын-қатерлерден аман алып шығады деп сенеміз.

Жазира КҮЛБАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық музей директорының
бірінші орынбасары

Жауынгерді ажалдан құтқарған ПОЛКОВНИК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Пәрмен берілген соң қатардағы жауынгер қол гранатасын құлаштап тұрып лақтырған. Алайда, аждаһа қаруды қолына алғаш алған сарбаздың абыр-қапы калғаны соншалық, ол гранатаны алысқа емес, аспанға қарай лақтырған еді. Қырсық шалғанда, жарылғыш қару ауада желдің қарсылығына тап болып, шыр айналып келіп, әскерилерше айтқанда, бруст-верге – оқоптың жиегіне үйілген топыраққа құлап, одан домалап барып сарбаз бен сардар тұрған жерге топ ете қалды.

Осының бәрі қас-қағым сәтте болған еді. Гранатаны лақтырғаннан кейін, тәртіп

Назарбаевтың қарсылығына, қазақтың қаһарман ғарышкері Айдын Айымбетовпен иық түйістіріп отырды.

Алдымызда 7 мамыр – Отан қорғаушы күні мерекесі де жақын қалды. Сол мереке қарсаңында бейбіт күнде көзсіз батырлыққа барған полковник Қайрат Үмбетовке де құрмет көрсетілер деген ойдамыз. Олай дейтініміз, осыдан біраз бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік әскери қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Еркін Ботаканов №6505 әскери бөлімде штаб бастығы болып қызмет ететін полковниктің мемлекеттік наградаға ұсынылғанын мәлімдеген болатын.



бойынша, сарбаз тұрған жерінде отыра қалуы керек. Алысқа лақтырдым деп ойлаған Сұлтанқұлов автоматын құшақтап, оқоптың ішіне жүресінен отыра кеткен болатын. Әлбетте, ол гранатаны оқоп ішіне, тура табанының астына түскенін білген жоқ. Ал полковник болса, бәрін де көріп тұрған...

Граната жерге түскеннен кейін 3-4 секунд ішінде жарылуы тиіс. Осы ой санасын шабақтап өткен полковник шалт қимылмен секіріп барып, сарбаздың үстіне құлай кетті. Іле қара жерді қақырта граната да жарылған.

Полковниктің үстіндегі сауыттың парша-паршасы шықты. Екі аяқтан жан кеткен тәрізді: шыбын жанын шырық-шырық сансыз ине сұққылап-ақ жатыр. Екін Абай қаласындағы ауруханада жиды. Алғашқы сұрағаны: «Сарбаз аман ба?» – болды. Дәрігерлер болса, шұрк-шұрк тесілген сауыт кеудешені, сау жері жоқ екі аяқты көріп, жағаларын ұстаған...

Дәрігерлер Қайрат Үмбетовтің денесіндегі ірі жарықшақтарды түгел алып тастады. Ал оң аяғындағы – 16, сол аяғындағы – 12 және желке тұсындағы 3 жарықшаққа тиіспеді. Бұлар, енді, 7 сәуірдегі жарылыстан қалған естелік болып, полковник Үмбетовтің денесінде өмір бойы жүреді.

Абайдағы отадан кейін Қарағандыдағы Мақажанов атындағы ауруханада екінші мәрте операция үстеліне жатуына тура келді. Оң жақтағы жарықшақтардан Қайрат аяғы ірідеп, жарасы асынып кеткен болатын. Күрделі ота жасағаннан кейін барып беті бері қарады. Қазір ақырындап сауығып келеді. Әуелі арбағаға танылды, одан кейін балдақ пен таяққа көшіп, бүгінде өздігінен жүретін халге жеткен. Ауруханада жатқанында өміріндегі алғашқы рет ішіндегі үлкені – Анағым жылап тұрып айтқан ризашылығын естіп, бата-сың алды. Қатардағы жауынгер – аман қалған Сұлтанқұловтың анасы Жамбыл облысынан Қарағандыға кұстай ұшып жеткен болатын. Айтпақшы, ажалдан аман қалған сарбазға бір ғана жарықшақ тиген екен...

Жақында полковник Үмбетов Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясына қатысты. Құрметті қонақтарға арналған алғашқы қатарда, тура Елбасы Нұрсұлтан

Отан үшін отқа түсуге даяр полковник Үмбетовтің шағын отбасы бар. Зайыбы Гүлмира екеуі Ұлан есімді болашақ батырды тәрбиелеп жатыр. Полковниктің өзі де әскери адамның отбасында өскен. Қазіргі уақытта Астанадағы Ұлттық қорғаныс университетінде тыңдаушы болып жүрген бауыры, подполковник Азамат Үмбетов екеуі әке саған сара жолды таңдаған.

Бүгінде құрметті еңбек демалысында жүрген әкесі Жарылғасын Сүттібайұлы ішкі әскерлер қатарында ұзақ жыл абыройлы қызмет етті. Жұмыс бабымен сонау Ресейдегі Ленинград қаласында (қазіргі Санкт-Петербург) қызметін өтеді. Одан кейін Ташкент облысына ауысып, қызметін Шыршық қаласында жалғастырған. Міне, біздің кейіпкеріміз Қайрат Үмбетов осы қалада дүниеге келген.

«Ұяда не көрсен, ұлқанда соны ілерсін» демекші, бала кезінен әскери қызметкер болуды армандағаны түсінікті еді. Шыршық қаласындағы жоғары танк басқару-инженерлік училищесін 1998 жылы бітіріп, әскери қызметке алғашқы қадамдарын жасады. Еңбек жолын рота командирлігінен бастап, бүгін бір әскери бөлімнің штаб бастығы қызметіне дейінгі аралықты өзінің бойындағы қабілеті мен адал еңбегінің арқасында жүріп өтті. Қызмет ете жүріп, білімі мен біліктілігін қатар жетілдіруге де мән берді. 2009 жылы Шұңық қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетін тәмамлады.

Жаракатынан айыққан полковник жақын арада қызметіне қайта кіріседі.

Осындайда еске түседі: дәл осындай ерлікті осыдан екі жыл бұрын Ресейде тұратын қазақ жігіті, полковник Серік Сұлтанқалиев та жасаған еді. Ол да жауынгерді денесімен жауып, жарылған гранатадан аман сақтап қалған болатын. Сол полковниктің президент Владимир Путиннің жарлығымен «Ресейдің Батыры» атағымен марапатталғанын жақсы білеміз.

Ал біздің полковник болса, «Мен өзімді ерлік істедім деп санаймын. Менің орнымда болса, кез келген офицер солай істер еді», – дейді...

ҚАРАҒАНДЫ

Түсіністік – татулықтың кепілі

«Нұр Отан» партиясының аймақтық және аумақтық барлық қоғамдық қабылдау бөлмелері Қазақстан халқы Ассамблеясының аймақтағы этномәдени бірлестіктерімен үндесе отырып, халық арасындағы достықты, ынтымақты нығайту және тұрақтылықты насихаттау мақсатында жер-жерде «Бірыңғай азаматтарды қабылдау күні» республикалық акциясын өткізді.

Іс-шараға «Нұр Отан» партиясы еліміздегі этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен бірге Парламент Мәжілісі, облыстық, аудандық мәслихаттар депутаттары да қатысып, шалғай елді мекендерге шығып, азаматтарға Елбасының «Әлем. XXI ғасыр» манифесі, «Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты сайлауалды бағдарламасын және Қазақстан халқы Ассамблеясының саясатын жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар, тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдаулар

республикалық акцияда тағы да ұлттар арасындағы татулықтың, достықтың және туысқандықтың туы желбіреп тұрды.

Асқар ҚҰМАРБАЙ,
«Нұр Отан» партиясы
республикалық қоғамдық
қабылдау бөлмесінің
консультанты

Бірлік Жыры

– Бірлік, қайда барасын?
– Ертеңгі күнін ойлаған,
Тойын да бірге тойлаған,
Киелі рухын жоймаған,
Тату елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?!
– Санасы таза бұлақтай,
«Соғыс» сөзін ұнатпай,
Жетім-жесір жылатпай
Жүрген елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
– Халқымен барын бөліскен,
Бабадан мирас жер үшін,
Жан беріп, қан төгіскен,
Батыр елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
– Жер асты, үсті байлығын,
Жейтін ас, ішер шайлығын,
Оңды, солды шашпаған,
Алпауыттар алдында,
Ойланбай жақ ашпаған,
Байыпты елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
– Адалдық пен тазалық,
Үлгілі іспен мақтанған,
Жат әдеттен сақтанған,
Иманды елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
Салт, дәстүрін сақтаған,
Ата-баба үмітін,

Еңбекпен адал ақтаған,
Ерлерін қолдап, жақтаған,
Көргенді елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
– Ерлері етпей күнде егес,
Бірін бірі күндемес,
Жан жылуын сыйлайтын,
Жамандыққа қимайтын,
Ізетті елге барамын!

– Бірлік, қайда барасын?
Әдепсіз іспен басынса,
Тәртіпке салар жасынша,
Жақсы іске еріген,
Самарқанның тасынша,
Ұйымшыл елге барамын.

– Бірлік, қайда барасын?
– Жарқыраған жұлдызы,
Инабатты ұл, қызы,
Көңілдей ашық аспаны,
Ойына да алмайтын,
Ізгіліктен басқаны,
Шаттыққа толы әр күні,
Өрлеген даму қарқыны,
Тыныш елге барамын!
Ұлы Дала елінің,
Ынтымақ болған ұраны,
Бірлігі кетпей мәңгілік,
Таусылмағай жыр, әні!

Сенбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ
АСТАНА

Ел тыныштығын қорғау жолында қолына қару алып, майданға аттанған жауынгерлердің сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлік істері мен жарқын бейнелері кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып, санамызда мәңгілік жаңғырып тұра бермек.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

Ерлікпен өрілген өмір

1939 жылы әкем Ескендір Ыбырайұлы әскер қатарына алынады. Әскери міндетін аяқтауға шақ қалғанда ел басына күн тұтып, әскерден қан майданға аттанады. Өмірде тірек, пана болар асқар тау әкесі Ыбырай атамыз сол кездегі солайық саясаттың кесірінен «халық жауы» деген жаламен жазықсыз атылып, елде уайым жеген жесір анасы мен іні-қарындасары қалады.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап әкем 31-ші атқыштар бригадасының бөлімше командирі болады. 31-ші және М.Мәметова, Ә.Нұршайықов құрамында болған 100-ші дербес казак атқыштар бригадалары Москвадан Калинин (қазіргі Псков) облысына қарасты Невель қаласына дейінгі ұрыс даласын жүріп өтіп, 1-ші Брестік Қызылтулы атқыштар дивизиясы болып біріктіріледі. Дивизия жауынгерлері Батыс, Солтүстік-батыс Калинин, 2-ші Прибалтика, Беларусь, Батыс Украина майдандарына қатысып, көптеген елді мекендер мен қалаларды жаудан азат етеді. Сондай-ақ, Польшаны азат етуге қатысып, Германия шегінде фашист әскерлерін талқандауда өжеттік пен батылдық танытады.

31-ші және 100-ші атқыштар бригадалары жауынгерлерінің ұрыс даласындағы ерен ерліктері

жайлы кейін полк командирі, соғыс ардагері М.Ф.Харитонов өзінің «Дороги памяти» атты естелік кітабында толық баяндайды. Бұл кітаппен таныса келе, әкемнің көзі тірісінде майданда жүріп өткен жолы жайлы айтып отыратын естелік әңгімелері бірден есіме орала кетті.

Сондай шешуші ұрыстардың бірі Невель қаласын азат етудегі ұрыс болатын. Невель фашистердің шабуыл операциясы үшін ірі бекініс пункті және байланыс жолдарының шұғыл маңызды торабы болған еді. Сондықтан, фашист басқыншылары қаланы өз қолдарында ұстап тұру мақсатымен терең траншея қазып, мықтап бекініп алады. Бұл қаланы фашистер 1941 жылдың шілдесі айынан бастап 2 жыл 3 ай қоршауда ұстайды. 1943 жылдың 15 қазанында бригада командирі майор А.Смехов Невель ауданына қарасты Сереброво деревнясы түбінде фашистердің бекінісіне шабуыл жасау жөнінде бұйрық алады. Жауынгерлердің қарқынды шабуылы нәтижесінде дұшпан бекінген орындарынан қуылады. Алайда, әлсіреген жау әскерлеріне мұздай қаруланған қосымша күш келіп қосылады. Бұл бригада құрамының дұшпанға деген өшпенділігін одан сайын өршіте

рағатынан әкеміздің екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен марапатталу себебі жайлы толық мәліметтер алдық. Жоғарыда айтылған сөздерім дәлелді болуы үшін мадақтау қағазында айтылған жайларды таратыңқырап баяндайық.

Бірінші марапат қағазында былай делінген: «Социалистік Отан үшін ұрыста ерлік пен батылдық танытты. Мысалы, 1943 жылдың 10 ақпанында шабуыл кезінде неміс басқыншыларының көзін қалай жою жөнінде жауынгерлерге үлгі көрсетті. Сарбаздарды соңынан ертіп, алда жүрді. Ажалдан қайымқады. Жолдас Е.Ибраевтің жеке өзі винтовкадан оқ жаудырып, 6 немісті жастандырды. Жауынгерлер мен командирлер арасында беделге ие. «Ерлігі үшін» медалі үкімет наградалына лайық деп табылды», дей келе осы 21.02.1943 жылғы №037 бұйрыққа 31-ші атқыштар бригадасының командирі полковник Л.А. Якутов қол қойыпты.

Ал екінші марапат қағазында 1943 жылғы 15 қазанда Сереброво деревнясы түбінде жаумен болған ұрыс жайында айтылған: «Жолдас Ескендір Ибраев қарсыластарға қарай асқан шапшаңдықпен ұмтылып, қолма-қол ұрыста 8 неміс басқыншысын жайратты», делінген. Бұл жолы тағы да



тек майдан даласы ғана куә. Соғыста екі рет аяқ-қолдан ауыр жаралы болып, госпитальда ұзақ емделіп келген әкем: «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», – деген осы шығар. Қаншама замандастарым қыршынынан қиылып, осындай бейбіт өмірді көрмей кетті ғой», – деп ерекше тебіреніспен айтушы еді.

Әкеміз соғыстағы ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы ордені, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалі, «Германияны жеңгені үшін» және тағы да басқа халық шаруашылығын көтерудегі адал еңбегі үшін «Тұтыну

кооперациясының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

«Әке көрген оқ жоңар» демекші, бұл ерліктің бастауы әріде десем артық болмас. Өйткені, әкеміздің әкесі Ыбырай атамыз төңірекке танымал молла, қасиетті адам болған. Екіншке қарай, 1937 жылғы сталиндік репрессияның құрбаны болып, ату жазасына кесіледі. Мұрағатта сақталған құжаттарда дінді насихаттаушы молда, халыққа алаш-ордашылардың пікірін, буржуазия өкілі алашордашы Мағжан Жұмабаевтың ұлтшылдық бағыттағы шығармаларын насихаттағаны үшін ату жазасына кесілін деген сол кездегі үштіктің шығарған қорытынды үкімі сақталған.

Уақыт өте келе, нақақтан-нақақ, жазықсыз кеткен атамыздың ақталуын күткен әке арманы ақталып, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласында орнатылған саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарын еске алу ескерткіші тактасына аты ойылып жазылды. «Белдескеннің белін сындыр, тірескеннің тізесін бүктірі», – деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, міне, тірескен соғысқұмар жаудың тізесін бүктіріп, асқақ арамымыз – Ұлы Жеңіске қол жеткізгенімізге де 71 жыл толып отыр. Біздің әкелеріміз жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерінің арқасында ежелден еркіндік аңсаған халқымыздың өршіл рухын, қайтпас қайсарлығын, батырлығын әлемге паш етті. Осынау Ұлы мейрам қарсаңында, отты жылдарда жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетіп, ұрпағына бейбіт өмір сыйлаған жан әкемізге иман байлығын берсін деп рухына тағзым етеміз.

Гүлмайра ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ

КӨКШЕТАУ

Парызға адалдықтың үлгісі

Сыртқы есікті күйеу баласы ашты. Сырттан кірген маған аңтарыла қараған ақсақал көрмегілі көп жыл өтсе де жазбай таныды. Отырған орнынан тұрып маған қарсы жүрген ол:

– Қарағым, қызым-ау, қайдан жүрсің? – деді қолын ұсына беріп.

– Сізге сәлем берейін деп әдейі іздеп келдім.

– Сені де көретін күн бар екен-ау! Тура Әсілхан бопсың да қойыпсың. Дауысың да айнымайды екен, – деп бірден бұл күнде әлдешан бақилық болған анамды еске алды. Ол кісіге қарап мен де іштей танырқағандымды жасыра алмадым.

Сонғы рет ол кісіні 60-тың бел ортасына кеп қалған кезінде көргенмін. Ол кезде жап-жас біздің өзіміз егде тартқанда, бұл күнде тоқсанның екеуіне келген әкейге қарап, содан бері аз-ақ уақыт өткендей сезінеді екенсін. Орта бойы сол ғана шөгіп, тұлғасының сылынғыр тартқаны болмаса, әжімді жылтыр қара өңі сол баяғы қалпы. Есте сақтау қабілеті мұқалмаған. Сөз саптасы, ой ұшқырлығы тап бұрынғыша. Сірә, асыл сүйекті азаматтар осындай-ақ болса керек! Мені жарқын жүзбен қарсы алған ақсақалдың сөз саптасы мен бітім-болмысына қарап, бір кездегі әкемнің:

– И-и-ә, Әшір-бек! – деген үні құлағыма келгендей болды. Әшірбек құрдасына деген бар ыстық ықыласы, сый-құрметі үнінен байқалып, осы бір ауыз сөзге сыйып кететін. Тегін емес екен-ау деп ойладым.

– Жазған кітабыңды алдым. Аз-аздан шамам келгенше оқып жатырмын, – деп әңгімесін бастаған әкей, бірте-бірте өз өмірі жайлы баяндай бастады.

Бірінші күйеуі Ықыластан Найзабек, Әшірбек, Аманбек атты үш ұл және үш қыз – барлығы алты баламен жесір қалған жас ана Нұрбаланы ағайындары сол кездегі әдет-ғұрып бойынша қайынысы Сарсенбіге қосады. Қайынысынан Әмірбек, Әшірбек, Жүнісбек атты үш ер бала дүниеге келеді. Найзабек пен Әшірбек Фин соғысында хабарсыз кетеді. Аманбек пен Жүнісбек кішкене кезінде шегінейді. Әмірбек Ұлы Отан соғысына қатысып, қара қағаз келеді. Ал 1924 жылы дүниеге келген Әшірбек 1942 жылдың тамыз айында бір топ ауылдастарымен бірге әскерге шақырылады.

Бұларды бірден соғысқа жөнелтпей, іріктеп, алдымен Ферғанада кіші командирлер даярлау курсына 4-5 ай соғыс өнеріне үйретіп, жаттықтырады. Бұлардың



орнын келесі оқу-үйрену легі басады. Сонымен, Саратов даласында соғысқа кірген әскерлер, талай қиындықты бастан кешіріп, ол пен оқтың ортасына еніп жүре береді. Бірде жеңіп, бірде жеңіске бергісіз жанқиярлық ерлікпен түгелге жауып қырылса да шегінбей, алға ұмтылған Кеңес жауынгерлері бір қармыс та жерді жау қолына қалдырмауға тырысалады...

Сондай күндердің бірінде Әшірбек әкей бірден оң жақ қолы мен аяғынан жараланады. Алғаш дала жағдайында үздіксіз аққан қанын тоқтатып, жарасын танып, көмек көрсетіледі. Біраз уақыт өткенде госпитальға жөнелтіледі. Жарасы ауыр болғандықтан, дала жағдайындағы көшпелі госпитальда қалдыруға болмайтыны себепті ол кісіні оралып сәтте Саратов қаласындағы №4080 госпиталіне жөнелтеді. Бұл бұрын санаторий болған жер екен. Онда екі рет ота жасалған соң қолы толық қозылады да, аяғы аса тәуір бола қоймайды. Емдеп жүрген дәрігер үшінші реткі отада аяғын кесуге тура келіп тұр деп шешім жасайды. Бірақ, бақытына орай, үшінші реткі отаны госпитальдің бас дәрігері Нина Восковская өз қолына алады.

Бірақ оң қолымның қары сол қолымнан жіңішке болып, ал оң жақ санымда ұзындығы 17 см тыртық қалды. Бұған дейін маған ота жасаған дәрігер қатты сөгес алды. Содан Ростов облысында тағы соғысқа кірдім. Сол соғыста күні бүтінгідей есімде сақталып қалған бір оқиғаны айтып берейін. Қазан айы болатын. Біз позиция ұстаған жер егіс даласына жақын еді. Үлкен қара жолдың біршетінде біз соғысып жатырмыз. Екінші шетінде 4-5 гектардай пісіп тұрған жүгері егісі еді. Бір кезде аспанда бомбалаушы ұшақтар қаптап кетті. Жер-дүние күңіреніп, маңай тегіс астан-кестен болды да қалды. Жан-жаққа қарау мүмкін емес. Маған соғысқа алғаш кіргенде бұрындары талай ұрысқа қатысып үлгерген ұлты орыс Соловьев деген кісі жауынгерлік күрек берген. Соғыста қару-жарақ қандай рөл атқарса, күрек те аса маңызды. Сол күрек маған соғыстан қайтқанша серік болды. Жотаның сайдан көтеріле беріс жағында әрқайсымыз өзіміз қазып алған шұқыршақта тырп етпестен жатырмыз. Әлден уақытта бомбалап болған ұшақтардың ұзай бастағаны білінді. Артынша біз

са саусақтың бір буынындай да сау қалған жүгері паясы жоқ. Ойпырым-ай, осындай жағдайда да әлгі егіс даласынан екі-үш адам орындарынан тұра салып біз жатқан жаққа қарай жандармен жүгіріп келе жатты. Неміс снайпері оның да екеуін атып түсіріп, үшіншісі ауыр жараланып, бізде жақындап келіп құлады. Осы кезде біздің жауынгерлердің бірі неміс мергенінің көзін жойды. Міне, осы сұмдық жай ешқашан көз алдымнан кетпейді. Сол күні бас көтеріп жауға оқ атуға тура келген мен де жараландым, – дейді карт жауынгер.

...Біздің жауынгерлер Берлинді алып, Эльба өзенін босатқан соң америкалықтармен кездескен 8 мамыр күні Шпрэ өзенінің жағасында жеңісті тойлапты. Содан кейін Берлинге келіп, 496-артиллерия полкінің құрамында тұрған. Осы екі арада екі-үш ай тазалау операциясына қатысқан. Тазалау деген кез келген немісті ұстап алып, «Ерекше бөлімге» әкелу екен. Олар тексеріп-тексеріп құжат беріп көрінеді. «Осылайша талай неміс генералдарын, майорларын, т.б. офицерлерін ұстадық. Олар жай адамдар сияқты киініп алған...

Ақыры 1947 жылы қыркүйекте елге қайтарды. Қуанышымда шек болмады. Бір ай жол жүріп, қазан айының ішінде елге келдім. Келсем, ел іші қатты күйзеліп кеткен. Халық аш. Бір уыс дән тапса, соны қуырып, тулақтың бетіне шашып тастайды екен. Ашыққан балалар әлгіні теріп жеп, күнімен ермек қылып отырады. Біздің үйдің де хал-ахуалы өте мүшкіл. Анам көрген бейнет, шеккен уайым өз алдына, аштықтан жүдеп-жағды, қатты қартайып кетті. Құрасыған туған алты ер баладан жалғыз қалған менің аман-есен келгенімді көргенде, сенер-сенбесін білмей, есі ауғанша жылап көрісті, – дейді майдангер әкей.

Әкей 1948 жылғы күзде ауылындағы ұлты қарашай, 15 жасар Берберіпқызы Байдыматқа үйленіпті. Ол бесінші сыныпты ғана бітірген екен. Бірақ бұл қадамының қырсығы мен қиындығын талай жылдар тартыпты. Кәмететке толмаған қызды алды деп сотталып та кете жаздаған. Бұл жайт отбасының берекесін алып, күн көрсетпеуге айналыпты. «Ағайыннан өткен жау, табалдырықтан өткен тау болмайды деген осы екен, – дейді әлі де көзі тірі майдангер қария. – Ақыры мені бір мың болғыр кісі аудан орталығына шақырып, неше жылдай, бірде сонда апталап қонып, бірде ауылға қатынап жүріп, тұтынушылар одағында есепшілік қызмет атқардым. Ауданға көшейік десе, «қартайған шағымда көрі сүйегімді қайда сүйремеңсің, өлсем, ел ішінде өлейін. Мен өлген соң қайда көшсең, онда көш» деп анам көнбейді. Өстіп жүргенде бірнеше балалы болдық. Ондаған жыл талай жерге сандалып табаныман тозып жүргенде, ауыл басшылары ауысып, мені қайтадан ауылға қызметке шақырды. Міне, содан бері зейнеткерлікке шыққан дейін ауылдық кеңес басшысының хатшысы, одан кейін есепшілік қызмет атқардым», – дейді.

– Қандай марапаттарыңыз бар? – «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» медалі, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі, «Берлинді алғаны үшін» медалі, т.б. көптеген мерекелік медальдарым бар, – дейді Әшірбек әкей.

Соғыста өткізген әрбір күні ерлік, бейбіт өмірде өткізген әрбір сәті өнегеге толы карт жауынгерге әлі де ұзақ жасап, арттағы жас ұрпаққа көрсетер өнегеніз, айтар өсиетіңіз көп болсын деп тіледік.

Ұлдана МОЛДАБАЕВА

Жамбыл облысы

«KEGOC» АҚ-ТЫҢ ақпараттық хабарламасы

Ағымдағы жылдың 29 сәуірінде «KEGOC» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтті. Жиналыста «KEGOC» АҚ 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылғы жылдық қаржылық есептемесі қаралып, бекітілді.

«KEGOC» АҚ өткен жыл қорытындысы бойынша бекітілген шоғырландырылған қаржылық есептемесіне сәйкес түсім 110,1 млрд. теңгені құрып, 2014 жылмен салыстырғанда 17,8%-ға артты.

«KEGOC» АҚ жұмыс істеп тұрған жоғары вольттық желілерді жаңғырту, жаңаларын салу және еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық электр торабын дамытуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізу үшін қарыз қаражаттарын тартты. Кредиторлар Халықаралық Қайта құру және Даму банкі мен Еуропа Қайта құру және Даму банкі сияқты әлемдік қаржы институттары болып табылады. 31.12.2015 ж. қарыз қаражаттары бойынша берешек 503,6 млн. АҚШ долларына бара-бар (2014 ж.: 590,1 млн. АҚШ доллары).

2015 жылдың екінші жартысында Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған шетел валюталарына қатысты теңгенің еркін айналымдағы бағамын енгізуді білдіретін, ақшалай-кредит саясатын өзгерту туралы шешімі 35,7 млрд. теңге сомасында бағамдық айырмашылық бойынша (ақшалай емес сипаттағы) шығын есептеуге әкелген болатын. «KEGOC» АҚ валюта бағамының өсуінен болған теріс әсерді жеңілдету үшін операциялық шығындар мен күрделі қаржы салымдарын оңайтандырды. Бұл 2015 жыл қорытындысы бойынша таза залалдың 7,8 млрд. теңгенде аспауына мүмкіндік берді. Аталған шаралар, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріндегі депозиттік шоттарда шетелдік валюталардағы ақшалай қаражаттардың шоғырлануы қаржылық тұрақтылық пен өтімділіктің жеткілікті деңгейін сақтап қалды және барлық кредиттік келісімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етті.

«KEGOC» АҚ дивиденд саясаты туралы ережеге сәйкес дивидендтерді төлеу кездері бұл таза табыс болып табылады, сәйкесінше 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй

бойынша шығынның болуына байланысты Акционерлердің жалпы жиналысы 2015 жылға дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады.

Жоғарыда көрсетілген факторлар «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындауына әсерін тигізбеді.

«KEGOC» АҚ жұртшылық тарапынан да, ықтимал инвесторлар тарапынан да лайықты бедел мен сенімге ие. Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ акциялары – Қазақстан қор нарығындағы ең өтімді құралдардың бірі.

«KEGOC» АҚ дивиденд саясаты дивидендтерді тек өткен жылдың қорытындылары бойынша емес, сонымен қатар, жарты жыл қорытындылары бойынша да төлеуге мүмкіндік береді. Болашақта «KEGOC» АҚ дивиденд саясатын ұстануды және 2016 жылғы 1-жарты жылдық қорытындысы бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысында жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы мәселені көтеруді жоспарлап отыр.

Ағымдағы кезеңде бір жай акцияның орташа алғандағы бағасы 870 теңгені құрайды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының барлық материалдары «KEGOC» АҚ www.kegoc.kz корпоративтік веб-сайтындағы «Инвесторларға және акционерлерге» бөлімінде орналастырылған.

Анықтама ретінде: 2014 жылғы 18 желтоқсанда «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде «KEGOC» АҚ жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасында алғаш рет 25 999 999 дана жай акцияларын орналастырды. Бір жай акцияның орналастыру бағасы 505 теңге. Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ орналастырылған жай акцияларының жалпы көлемі 260 000 000 (екі жүз алыс миллион) дана. Олардың ішінде, 90% плюс 1 акция «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі, қалған 10% минус бір акция «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде миноритарлық акционерлерге сатылды.

● *Ғибрат*

Үш тілді тел емген жерлес жазушыға арнап мұражай ашылды

Суреттің авторы: Аманжол БЕКМУРТАТОВ

Өмір ЕСҚАЛИ, «Егемен Қазақстан»

Қазақ жұртшылығына жазушы, публицист, аудармашы Герольд Бельгерді таныстыру артық болар. Көзі тірісінде үлкен де, кіші де «Гер-аға» атап кеткен қоғам қайраткерінің ана тілімізге қатысты тереңнен қозғаған толғаамды ойлары жұртшылықтың қызу ұнка-тысуларына ұласып, талай рет қоғамдық пікірлер тудырған. Солтүстікқазақстандықтар оны әркез мақтан тұтады. Соның бір айғағы Петропавл гуманитарлық-техникалық колледжінде оған арналған мұражайдың бой көтеруі дер едік. Оның ашылу салтанатына облыс басшысы Ерік Сұлтанов қатысып, үш бірдей әдебиеттің дамуына зор үлес қосқан Гер-аға жайлы жүрекжарды лебізін білдірді. Өз сөзінде Герольд Карловичпен Ысқақ Ыбыраев ауылындағы казак мектебінде бірге оқығанын, көп тәлім-тәрбие

алғанын, Жоғарғы Кеңес депутаты болып жүргенде ынтымақтаса қызмет атқарғанын, музейдің ашылуы биыл кенінен атап өтілетін облыстың 80 жылдығы қарсаңындағы айшықты мәдени оқиға екенін атап өтті. Абай жылдарын Гете тілінде жырлау арқылы ұлтмыстың өзгелерге танытуда да өлшеусіз еңбек сіңіргені де тілге тиек етілді.

Колледж директоры Александр Меркент бастамасымен құрылған мұражайға жүзге жуық құнды экспонат қойылған. Олардың арасында жазушының жеке тұтынып қаттарғы, жары мен қызы табыстаған жәдігерлер ерекше ыстық. Тоғыз тақырыптық бөлімнен тұратын мұражайда шығармашылығы мен өмірі жайлы алуан сыр шертетін ақпараттар да топтастырылған. Әкесі Карл көп жыл ауылдық фельдшер болған. Сурет түсіру ісімен де айналысқан.

Солтүстік Қазақстан облысы



ОТАН ҮШІН КҮРЕС – ЕРГЕ ТИГЕН ҮЛЕС

Қырағы Құрамысов



Оралхан ДӨҮИТ, «Егемен Қазақстан»

Жақында ғана бұл бөлімше 29 кило есірткі заттарын тәркіледі. Шекара шебінде жатқан бөлімшеде жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуынан бұл өткізу пункті бүгінде Бішкек – Талас тасжолындағы заң бұзушылар мен жасырын жолмен жүк алып өтушілердің нағыз тосқауылына айналып отыр. Өткен 2015 жылы «Айша бибі» шекара бақылау бөлімшесі қызметкерлерінің қырағылығы арқасында қылмыстық әрекеттері үшін қашып жүрген және террорлық ұйымдарға қатысы бар деген 10 күдікті ұсталды. Азаматтық сот істеріне байланысты сырт елдерге шығуға тыйым салынған 1000-нан астам адам анықталды. Және шекарадан қаншама жасырын жүк алып өтпек болғандардың жолы кесілді десенізші...

— Біздің қызметкерлер бақылауды тәулік бойы жүргізеді, — дейді бұл жөнінде Талғат Құрамысов. — Бөлімше техникамен, қызметтік иттермен, байланыс және тексеру құралдарымен жабдықталған. Тәулігіне біздің пункт арқылы әрі-бері бес мыңнан астам адам, мыңнан астам көлік өтеді. Осыдан-ақ шекарашылардың қызметі өте ауыр екенін айтай-ақ түсінесіз. Соған қарамастан олар жұмыстарын адал атқарып, мемлекет шекарасынан заңсыз өтпек болғандарға тосқауыл болып жүр.

Өткен жылдың ақпан айының жаймашуақ күндерінің бірінде сержант Т.Нұртай «Жамбыл» теміржол стансасы арқылы келген жүктерді тексеруден өткізді. Түске жақын барлық вагондар тексеруден өтіп, есіктеріне мөрлер бағылды. Жүктің барлық құжаттары мұқият қаралды. Ешқандай заң бұзушылық жоқ. Өйтсе де сержант Т.Нұртай вагондардың

Қашанда шекарашылармен әңгіме қысқа. Әскери форма киген осынау сұсты жандар нақты сұрақ қояды, нақты жауап талап етеді. Балкім шекара шебіндегі қарбалас жұмыстар, қатал тәртіп бұларды тіптен қатайтып жіберген болар. Содан ба, Тараз қаласына жақын орналасқан «Айша бибі» шекара бақылау бөлімшесінің басшысы Талғат Құрамысов бізді өте жылы қарсы алғанымен, өзі туралы ағылшын ештеңе айтқысы келмеді. Қайта еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғап жүрген өз әріптестерін мақтан еткісі келді. Осыдан-ақ Құрамысовтың өте қарапайым, мәдениетті басшы екенін аңғардық. Талғат Чапайұлы 2014 жылы «Ең үздік шекара бақылау бөлімшесі басшысы» атағына ие болған. Және тыңғылықты жұмысының нәтижесінде ҚР ҰҚК төрағасы қолынан, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің басшылығы мен «Оңтүстік» аймақтық қолбасшылығы тарапынан бірнеше рет алғыс хаттар алған азамат.

жанынан өтіп бара жатып релстерге көзі түсіп кетіп, қалышып тұрып қалады. Бізге ұсынған құжаттарға қарағанда бұл вагонға мал азығы артылған. Барлық бақылаушы органдардың рұқсат берген мөрлері бар. Бірақ құп-құрғақ жем-шөп артылған вагоннан неге қан тамшылап тұр? Вагон тұрған жер, релс, шпалдар... бәрі қып-қызыл қан. Сержант тез арада бөлімшеге хабар берді. Нәтижесінде вагонның есігі ашылды. Сөйтсе оған мал азығы емес, әлі кеуіп те үлгермеген мал терілері артылған екен. Жалпы салмағы 70 тоннаны құрайды. Жүкті жасырып алып өтушілер терілерді қаншама целлофан қаптамен орап, мықтап буып-түйгенімен сұйық қан бәрінен өтіп, жерге тамған. Тағы да бұл жүктердің бізге дейін қаншама тексеруші органдардың сүзгісінен өткенін айтсаңызшы. Міне, біздің жігіттердің қырағылығы арқасында бұл контрабандалық жүктер шекарадан өтпей қалды.

Тағы бірде сержант К.Чумачевтың жетегіндегі «Гроза» атты иіспіл ит құжаттарды тексеру залына кіргенде кенеттен кезекте тұрған бір азаматқа қарай жүгіріп, бәтіңкесіне шап берді. Иттің бұл әрекеті шекарашылардың күдігін тудырғанымен, әлгі азамат өзіне бойында ешқандай тыйым салынған заттардың жоқ екенін айтып, қасарысып тұрып алады. Дегенмен де, тексеру жүргізіледі. Нәтижесінде оның шұлығынан марихуана салынған орама табылады.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген, қазір контрабандашылар де әбден қу боп алған. Сондықтан олар көбінесе шекара пунктіндегі қарбалас шақтарды сәтті пайдаланып немесе адам баласы маужырап, қалғи бастайтын жеті түннің ортасында өтіп кетуге тырысады. Өйтсе де шекарашылар

ешқашан да босаңсымайды. Кезекті бір тексеру кезінде «Гроза» қырғыз елінен Ресейге кетіп бара жатқан көліктің төбесін тырмалап, өзінен-өзі әбігерге түсті. Сол тұсты арнайы құрылғылармен тексергенімізде гашиш аталауы тексерудің нәтижесінде жүк салғышқа жасырылған травматикалық тапаншаны тауып алды. Және жүк салғыштың түбіне тереңірек қол салғанымызда 25 жауынгерлік патрон мен мергендер мылтығына арналған 7 патрон тағы табылды.

— Біздің мамандыққа тек терең білім ғана емес, түйсік, психологиялық дайындық және жаңылыққа әріптестерінің көмегі керек, — дейді бізбен әңгімесінде майор Талғат Құрамысов. — Егер шекарашы бір нәрседен күдік алды ма, тез арада тәжірибелі мамандарға айтуы қажет. Яғни, бір адамның қырағылығы бүкіл ұжымның жұмысына оң әсер етеді. Мысалға, сержант И.Супбеков нағыз өз ісінің маманы. Талай мәрте шекарадан заңсыз өтпек болғандардың жолын кескен бұл шекарашы қазір жас мамандарды тәрбиелеуде. Сондай-ақ, прапорщик Р.Байділинов, сержанттар К.Чумаев, А.Токаев, И.Амиров, К.Байбатыров және басқалар өз істерін жетік біледі.

Міне, шекара шебіндегі әңгіме осылайша өрбіді. Бөлімше басшысы болған оқиғаны еш боямасыз нақты айтты. Осыдан-ақ Талғат Құрамысовтың сөзден гөрі іске бейім екені байқалды. Басшы қандай болса қызметкерлері де соған қарап бой түзейді емес пе? Лайым, қырағы шекарашыларымыздың еңбектері жана берсін.

Жамбыл облысы



• Айбын

Елімізді, жерімізді қорғау, тыныштығын сақтау, шекараны кірпік қақпай күзету секілді міндетті борышын, азаматтық парызын абыроймен атқаруға солтүстікқазақстандық жастар қаншалықты дайын деген сауалмен облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, полковник Еркінбек БАЙБОЛОВҚА қайрылған едік.

Елiндi қорғау – мiндет



— Мен ата-аналар алдында да, азаматтық борышын өтеуге аттанатын түлектер арасында да Қазақстанның Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Назарбаевтың «елінің ұлы болсаң, еліне жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа», деген тағлымды тәрбие, ұлттық рухқа толы пайымды сөздерін мысал етіп отырамын. Тәуелсіздік туын тіккен, зайырлы мемлекет атанған еліміздің қадір-қасиетін ұғындыру, Отанның оттан да ыстық болатынын сезіндіру — басты мұратымыз. Отанды қасерлеу, шексіз сүю сезімі отбасы, ошақ қасынан басталатынын бір сәт те естен шығармаған абзал.

«Адал ұл ер боп тұса — ел тірегін» деп есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлы артына өсиет қалдырып кеткендей, өзіне жүктелген міндеттемелер мен тапсырмаларды ерте түсінген өрен ертен халқы мен елінің сүйенішіне айналады. Қандай қиын-қыстау кезең туан қалған жағдайда да берген атынан айнамайды. Сол себепті біз жүйелі түрде жүргізілетін қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік, патриоттық-спорттық шаралар аясында Отан деген ұлы ұғым, қастерлі сөз азаттықтың, еркіндіктің тұғырлы өлшемі болып табылатынын, ол көк Тұмыз, Өнұранымыз, Елтаңбамыз

секілді патриоттық рухты жігерлендіретін, асқақтататын мемлекеттік нышандардан құралаыны, бабаларымыздың батырлық дәстүрлерін үлгі ету ел қорғаны саналатын жастарымыз үшін үлкен тәрбие мектебі екені анық. Сонда бардың қадірін бағалап, құндылықтарымызды көкірегіне тоқып өседі. Мемлекетіміздің өркендеуі мен гүлденуі жолында қалтқысыз қызмет ететін болады.

— **Еркінбек Серғалиұлы, бұрындары әскер десе аза бойы қаза тұратындар жиі кездесетін. Оның бір ұшығы армиядағы әлімжеттік, жарғыға қиғаш басқа да заңсыз әрекеттерге келіп тірелетін. Оның үстіне аяқ-қолы балғадай бозбаланың аман-сау барып, табытпен қайту фактілері аз ұшыраспайтын. Қазіргі ұлттық армиямыздың бет-келбетін қалай сипаттар едіңіз?**

— Иә, тарих қойнауына кеткен өткен күндерді еске алсаң, өмірі таусылмайтын қиындықтармен бетпе-бет жолыққандай боласың. Одақ ыдырап, экономикалық байланыстар үзілген тұста сарыуайымға салынып, дағдарып қалғанымыз рас. Алайда, Президентіміздің Жарлығымен тез арада дербес армиямыз құрылып, аз уақыттың ішінде қуатты да айбынды күшке айналды. Оның сапы кәсіби шеберлігі жоғары, білімді, білікті мамандармен толықты. Бұрындары әскерге шақырылушылар арасында міндетінен жалтарудың түрлі айла-тәсілдері қолданылса, қазір Отан алдындағы борыш өсиет кәлдірып кеткендей, өзіне жүктелген міндеттемелер мен тапсырмаларды ерте түсінген өрен ертен халқы мен елінің сүйенішіне айналады. Қандай қиын-қыстау кезең туан қалған жағдайда да берген атынан айнамайды. Сол себепті біз жүйелі түрде жүргізілетін қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік, патриоттық-спорттық шаралар аясында Отан деген ұлы ұғым, қастерлі сөз азаттықтың, еркіндіктің тұғырлы өлшемі болып табылатынын, ол көк Тұмыз, Өнұранымыз, Елтаңбамыз

Көктемгі шақыру науқаны 600-ден астам өренді қамтып отыр. Олар сайдың тасындай іріктеуден өткеннен кейін Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан, мемлекеттік күзет, ҰҚК-нің



шекара қызметі қарауында азаматтық борыштарын өтейтін болады.

— **Десең те, денсаулығынан кінәрат табылып, тауаны шағылып жататындар кездесетін болар?**

— Ондай санаттағылар армияға шақырылғандардың 8 пайыздайын құрайды. Дімқастікке шалдыққандар арасында ішкі ағзалар, көз аурулары жиі кезігеді. Бір қызығы, 90-шы жылдары «майтабандар» көп ұшырасса, қазір әлдеқайда азайғаны байқалады. «Бірінші байлық — денсаулық» демекші, көмелет жасқа толған азамат медициналық комиссияның қатаң сүзгісінен өтеді. Екіншіден, өндірістік біліктілігі мен мамандығы жете ескеріледі. Өйткені, бойындағы науқасын жасырып, қайтсе де әскерге баруды дйттейіндер де ішінара қылан беріп қалады. Олардың бар ойы — әскери билет алу, мансап баспалдағына өрлеу. Мұндай келеңсіз көріністерге қарсы ымырасыз күрес жүргізбей болмайды. Себебі, армияға қабылданғанның өзінде ауа райының өзгеруі, физикалық салмақтың түсуі, жүйкенің сыр беруі салдарынан ол «қулықтары» бәрібір әшкереленбей қалмайды.

Ал, әскери қызметтен қасақана жалтарғандарға қолданылатын қылмыстық жазаның жеңіл еместігін ескерткім келеді. Оларға 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынуы, болмаса түзету жұмыстарына тартылуы, не бас бостандығынан айыру жазалары қолданылуы мүмкін. Күнделікті жұмысымызда мұндай жағдайлар туындамаса да, алдын алу, болдырмау шараларын дөйектілікпен жүргізуді қаперден шығармаймыз. Бұл мәселелер әскери-патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, жас балғындардың патриоттық белсенділігін қозғайтын тақырыптар мен мысалдар тандап алынады. Мұндағы мақсат — өскелең ұрпақтың бойына азаматтық парыз сезімі мен міндет ұғымын ұялату. Оның қайнар көздері көп. Мәселен, мектептерде ұйымдастырылатын

«Батылдық сабақтарында» Ұлы Отан соғысының отты жылдары, аға ұрпақтың, жауынгер-интернационалистердің ерліктерінен сырлар шертіледі. Сағадат Нұрмағамбетов, Мұхтар Алтынбаев секілді Халық Қаһармандарының, тұлғалы қолбасшылардың өнегелі өмірлері Отанға, елге қызмет етемін деген балғын үшін естен кетпес, көпке дейін ұмытылмайтын айтулы оқиға болып қалары сөзсіз. Сол сияқты «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиынына мектеп оқушылары үлкен қызығушылықпен атсалысып жүр.

— **Бүгінде әскери қызметке келісімшарт негізінде келетіндер қатары да аз емес көрінеді.**

— Дұрыс айтасыз, Қазақстан Қарулы Күштерінде келісімшарт түріндегі әскери қызметтің танымдылығы мен тартымдылығы артып келеді. Заң қабылданғаннан бері тілек білдірушілер санының көбейе түскенін аңғарылады. 2012 жылы 100 адам оқып шықса, келесі жылы 300 адам өтініш білдірді. Оларға да қойылатын талап жүгі ауыр. Әсіресе, жастардың белсенділігі жоғары. Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орнында оқуға ниет білдірген жастардың саны биыл 70-ке жуықтады. Олардың арасында Алматы құрлық әскерлері әскери институтына өтініш білдірушілердің үлесі басым.

Петропавл қаласында әскери-техникалық мектеп ақылы қызмет көрсетеді. Бүгінгі күні оның қабырғасынан үш жүзге жуық жас теориялық білімдерін толықтырып, әскери істің қыр-сырын меңгеріп шықты. Ең бастысы, 40 күннің ішінде Отан қорғаудың қаншалықты маңызды екендіктерін түсінді. Оларға да, сөз жоқ, үлкен сенім артылып, зор міндет жүктеледі.

Солтүстікқазақстандық жастар да Отан қорғау қастерлі ұғым, қасиетті борыш екенін жақсы сезінеді.

Әңгімелескен
Өмір ЕСҚАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Солтүстік Қазақстан облысы

Бейбіт күнде де ерлікке орын бар

Ерлік — майдан шебінде, ұрыс даласында ғана жасалмайды. Шыңтауында, ерліктің түрі көп. Соның бірі — бейбіт өмірдегі ерлік пен батырлықтың үлгісіне бас иеу, құрмет тұтпау мүмкін емес. Әсіресе, күнделікті өмірі тәуекелмен тығыз байланысты әскери қызметшілердің әрбір батыл әрекеті, табанды іс-қимылы қоғамның тікелей назарында болары даусыз.

Осыдан бірер жыл бұрын Оралдағы «Батыс» өңірлік қолбасшылығының аға офицерлері, майорлар Салауат Қабдықұлов пен Ринат Жұмалиев тілсіз жау — өрттен бірнеше адамды құтқарып, ерлік жасады. Әрине, олардың өздері бұл қадамдарын ерлік емес, Отан алдындағы, халық алдындағы әскери, азаматтық борышымыз деп түсіндіреді. Дейтұрғанмен, сын сағаты туғанда көзді жұмып көмекке ұмтылғандың ерік-жігер, батылдық баршынның бойына берілмеген қасиет екендігін де мойындауымыз қажет-ақ. Енді қос сардардың басынан өткен сол бір төтенше оқиғалардың қалай өрбігендігіне тоқтайлық.

Жер-Ана жасыл желегін жамылып, тіршілік атаулы түлсіп сала берген мамыр айының орта шені болатын. Осы бір жаймашуақ, жайдары қалыпты аяқ астынан шыққан ашы айқай бұзып жібергендей болды. «Өрт! Өрт! Үй өртеніп жатыр!» деген



жандәрмен дауыстар түстік іште үйіне келе жатқан Салауат Қабдықұловты да селт еткізді. Ойлануға, толғануға уақыт жоқ. Бұған дейін де талай оқыс оқиғалардың ортасында болып, әбден шыныққан әскери офицер дереу дауыс шыққан жаққа жүгіріп жетті. Бес қабатты үйдің бесінші қабатындағы пәтердің терезесінен жалынның қызыл тілі сұмандайды. Бұдақтаған түтінінен тыныстары тарылған тұрғындар көшеге қашып шыққан.

— Үйде кім қалды?!
— Бәріміз шықтық... Жөк, тұра тұрыңыз, өртеніп жатқан пәтердің иесі үлкен кісі еді. Сол көрінбейді. Шамасы іште...
Сонғы сөзді жүре тыңдаған

майор баспалдақ бойымен бесінші қабатқа ұмтылды. Пәтерде шынымен де 77 жастағы егде кісі қалып қойған екен. Қолқаны қапқан иіске ұлаынып, талықсып кеткен үй иесін Салауат көтеріп сыртқа алып шықты. Іле-шала жеткен өрт сөндірушілер алапатты ауыздықтап, «жедел жәрдемнің» дәрігерлері құтқарылған адамның өмірін аман сақтап қалды...

Арада тұра екі ай уақыт өткенде дәл осыған ұқсас жағдай тағы қайталанды. «Батыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5517 әскери бөлімі штабының бастығы, майор Ринат Жұмалиев түзеу мекемесінен келе жатқан жолында Чагано-Набережная көшесіндегі үйлердің

бірі отқа оранғанын байқады. Жүргізушісіне қызметтік көлігін тура үй жанына тоқтатуға бұйрық берген сардар тез арада жалын шарпыған үйден 12 адамның дін аман шығуын сауатты ұйымдастырды. Өрт сөндіру бөліміне шұғыл хабар беріп, көрші үйлерден тұрғындардың мүлкін шығаруға жәрдемдесті. Қос офицердің қысыл-таяң шақта көрсеткен ерлігі, аспай-саспай жасаған батыл әрекеті мемлекет тарапынан жоғары бағаланғандығын айтуымыз керек. Нақты айтқанда, Салауат Қабдықұлов пен Ринат Жұмалиев өрт кезінде адамдарды құтқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы №7 Жарлығы негізінде «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен нағрадалды.

Майор С.Қабдықұлов жоғары награданы Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей өз қолынан алса, Р.Жұмалиевке медалді Ұлттық ұланның бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Руслан Жақсылыков тапсырды.

Тоқтар КЕНЖЕҒАЛИЕВ,
журналист

Батыс Қазақстан облысы

Суретте (солдан оңға қарай): С.Қабдықұлов және Р.Жұмалиев

Әдетте, қоңыр ала киіммен жүріп, мерекелік шаралар кездерінде юбкасы мен костюмі, басына шекелей қонған пилоткасы қараторы жүзіне жарасып, белін тағалы белдікпен нықтап, сымдай тартыла қалған қыздар әскеріміздің сәні. Тек сәні ғана емес, айбары да екен. «Отаным үшін не нәрсеге де дайынмын!» деп жігерлі тіл қатқан Әминаға қарап осылай ой түйдім.

Әрі сарбаз, әрі әнші

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

Әмина Көшкімбаева — Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің сарбазы. Ақтаудағы әскери-теңіз базасының құпия бөлімінде іс жүргізуші болып қызмет ететін ол, тиянақтылығымен, тындырымдылығымен және ежеттігімен сыйлы.

Маңғыстау облысының мұнайлы Жаңаөзен қаласында 1987 жылы өмірге келіп, өндірістің өңірдің өрені болған қызың анасы мұлдем басқа салаға ауды. Қиялы өз болашағын әдемі әскери формамен сап түзеп бара жатқан сарбаздар арасынан іздеттірді. Қатар-құрбыларының көбі мұнай саласына жұмысқа тұруға құлшынып жатқанда, Әминаны кішкентай кезінен формаға деген қызығушылығы әскери салаға қарай тарта жөнелді. Отбасы, бала тәрбиесімен біраз айналысқан сол ол ақыры өз арманына қарай қол созып, 2009 жылы әскер қатарына қабылданды. Қазір Ақтау қаласындағы әскери теңіз-базасында 1-дорежелі старшина лауазымында жүрген ол базарда қыз құрбыларының қатары көбейіп келе жатқандығын айтады.

— Алғашында қыздар аз еді, қазір 20-ға тарта қыздар бармыз. «Қыздарға әскери өмір қиын емес пе?» деп жатады, өз қызметіне деген махаббат және Отанды деген патриоттық сезім қиындықтың бәрін еңсереді, төзімді болуға, жігерлі болуға шыңдайды. Әскери киіммен жүру, қару асыну,

оларды шашып-құрастыру, полигонға барып әскери сынақ тапсыру, дабыла тұру және әскери саланың төмредей тәртібі қиын болғанмен, әсерлі. Өзінің тәуелсіз Қазақстанның қорғаушысы екенінді сезіне жүріп еңбек етсең — қиын жұмыстың өзінен рахат алатын боласың, — дейді Әмина Төлегенқызы.

Сөйтсек, қайсар мінезді жауынгер қыз жаны нәзік өнерпаз болып шықты. Маңғыстау облысындағы Мұрат Әскінбаев атындағы филармония сахнасында ән шырмаған арту әскери салада да өз өнерін өгейсітпейді. 2012 жылы Отар қаласында өткен «Жас ұлан» сарбаз әндері байқауында екінші орын алса, 2013 жылы Тараз қаласында өткен аталымш байқауда лауреат атанған. 2011 әскери бөлімінің күнделікті тыныс-тіршілігіне белсенді қатысатын Ә.Көшкімбаева түрлі байқаулар мен фестивалдерге, патриоттық акцияларға қатысып, өз талантымен, шығармашылық қабілетімен әскери бөлімнің намысын қорғап жүр. Жұмыстағы жауаптылығына, табандылығына және талантына орай Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде 20 жыл, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінде 20 жыл мерекелік медалдарымен марапатталған.

«Әлия мен Мәншүктің, Хиуаздың сінділерінің жасық болуға хақы жоқ», дейді Әмина. Ішкі істер саласында қызмет ететін жолдасы екеуі отбасында ұл бала тәрбиелеп отыр. Қазір 3-сыныпта оқитын ұлын Әмина болашақта әскери



саладан көргісі келеді. Сол себепті оны Бауыржан Момышұлы атындағы әскери мектепте оқытқысы келетіндігін айтып.

— Алдымда арман-жоспарларым көп. Алдымен, өзімнің сүйікті қызметім мен өнерімді ұштастырып, әскери музыкант болғым келеді. Осы мақсатыма жету үшін білім алуды ойлап жүрмін. Екіншіден, қазақ санын көбейтуге өз үлесімді қосуды да анылық парыз санаймын. Құдайға шүкір, еліміз аман, жеріміз тыныш. Бейбіт заман. Әскерилердің барлық жағдайы жасалынған. Жалақы мерзімінде беріліп тұрады. Бізге оқуда да, жұмыс жасауда да мүмкіндік мол. Алла елімізді осы тыныштығынан айырмасын, — дейді ол сабырлы қалыпта.

Дұрыс-ақ. Отанды қорғаумен бірге оның болашақ буынын көбейту, тәрбиелеу де — негізгі міндеттердің бірі. Әмина бұл туралы да ойланады екен.

1-дорежелі старшина Ә.Көшкімбаева бізбен Қазақстандағы барша әріптестеріне сәттілік тілеп қоштасты. Жүзі жылы болғанмен, мінезі талап-шыл, жүрегі «Отаным» деп соққан қайсар қызға біз де сәттілік тіледік.

Маңғыстау облысы

МОЛАСТЫҚ

АЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

Жуықта редакциямызға Ресейдің Омбы облысынан көшіп келген еңбек ардагері Мұхамедияр Садықов ақсақал телефон шалып, егіннен мол астық алу жөнінде осы уақытқа дейін ешкімге айтпай келген құпиясымен бөліскісі келетіндігін жеткізді. Ол кісі Ресейдің Омбы облысындағы Марьянов ауданы «Москаленский» кеңшарында ұзақ жылдар бойы агроном болып қызмет істеген екен. Сол жерде әкесі помещик болған орыстың шалынан мол астық алудың құпиясын үйренген. Сол құпияны қазақстандық астық өсірушілерге айтып бергісі келетіндігін білдірді.

Сұңғат ӘЛІПБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Осыдан кейін Мұхамедияр Ғазизұлымен оның Астанадағы пәтерінде кездестік. Мұнда көшіп келгеніне де біраз жылдар болып қалған екен. Жұбайы Жібек жеңгей екеуі алты бала тәрбиелеп өсірген. Олардың барлығы Астанада жеке үй болып тұрып жатыр. Ағамыздың жасы 75-ке келсе де, өзін әлі ширақ сезінеді. Бойы 2 метрге жуық, жас жігіттей тіп-тік қалпы. Сонымен, ағамыз әңгімесін бастап кетті.

— Мен Омбы облысы Марьянов ауданының «Москаленский» кеңшарына қарасты Кегентай ауылында туып-өстім. Бұл ауылда сол кезде 150 үйге жуық қазақ отбасылары болды. Мектеп бітірген соң өзімнің туған жерімде комбайншы болып жұмыс істедім. Жұмысымды жақсы атқардым. Кеңшар директоры Николай Васильевич Величко — үш рет Қызыл Ту, екі рет Ленин орденімен марапатталған атақты адам. Халыққа өте жайлы болды. Ал ол кісінің зайыбы Любовь Григорьевна Герасимова туралы әңгіме бөлек. Кеңшарымызда бас агроном болып қызмет істеген Любовь Григорьевна — нағыз еңбек майталманы. Сол еңбегіне сай Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, КСРО Жоғарғы Кеңесіне Омбы облысының атынан депутат болып сайланған.

Бас агроном Л.Герасимова менің еңбекқұмарлығымды ұнатып, жақын тартты. «Сен жерді сүйетің жігіт екенсің, саған оқып, агроном болу керек», деп кеңес беріп, Омбының ауылшаруашылық техникумына сырттай оқуға түсуіме көмек жасады. Бұл оқуды бітірдім. Директор мені кеңшардың төртінші бөлімшесіне агроном етіп тағайындады. Шынымды айтсам, ол қызметке барғым келмеді. Өйткені, мен бөлімше агрономының алатын 140 рубль жалақысына қарағанда механизатор ретінде ақшаны әлдеқайда көп табамын. Сондықтан, бұл қызметтен қашып біраз жүрдім. Оның үстіне, сырттай оқығанның аты сырттай оқыған ғой, өндіріске барғанымда білімім жетпей қала



Дінтану ғылымы мен білімі — маңызды сала

Астана қаласында еліміздің Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетіне қарасты Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы «Қазақстандағы дінтану ғылымы мен білімінің даму үрдісі және өзекті мәселелері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

Сала мамандарының айтуынша, мұндай жиынды ұйымдастыру Қазақстандағы дінтанулық білім беру жүйесін бірізділендіру, мазмұндық тұрғыдан байыту, осы саладағы тәжірибелік курстардың саны мен сапасын арттыру талабынан туындап отыр екен.

Отырыста сөз алған Дін істері комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин қазіргі діни ахуал қоғамның санасындағы радикалды және теріс психология ағымдарға қарсы иммунитетті қалыптастыруға, зайырлы мемлекет құндылықтарына құрмет сезімін сіңіруге,

ма, деген қорқынышым да болды. Директор тізеге салды. «Сені біз сонда кеңшардан ақша төлеп бекер оқыттық па?! Егер ұсынған қызметке бармасаң, онда саған жұмсалған ақшаны толықтай қайта қайтарғып аламын», деп қорқытты.

Сонымен, қызметке баруға тура келді. Мен агроном ретінде жұмысқа кіріскен шақта, маған қас қылғандай директорымыз Николай Васильевич жұбайы Любовь Григорьевнамен бірге денсаулықтарына байланысты қызметтен босап, кеңшардан көшіп кетті. Кеңшарымызға Фюотис Чебоксаров деген ұлты чуваш жаңа директор келді. Сонымен, күз де келіп, егінді жинап алдық. Осы оқиғаға байланысты кеңшарымызда орақ науқанының қорытындысын қараған үлкен жиналыс болып өтті. Алты бөлімшенің ішінде ең төменгі өнім алған мен екенмін. Жаңа директор орымнан тұрғызып қойып, мені біраз сынга алды. «Халайық, мына төртінші бөлімшенің агрономына карандаш! Бойы қандай ұзын. Ал осы жігіт егісте өз бойынан да ұзын арамош өсірді. Сөйтіп, дұрыс өнім ала алмады», деді.

Мен агроном ретінде жаңа келген директордың сеніміне ие бола алмадым. Өйткені, ол кісі көп өтпей кеңшарға Украинадан жоғары білімді екі бірдей агроном әкеліпті. Солардың бірін менің орныма ыңғайлап жүр екен деген әңгіме шықты. Қатты намыстанып кеттім. Жұмысқа жанымыз салдым. Бірақ білімнің таяздығын өзім де сеземін. Сондайда мол өнімді қалай алуға болады деген оймен кітаптар ақтарымын, тәжірибесі мол дикандармен кеңесемін.

Біздің бөлімшеде Василий Перетяко деген шал тұратын. Ол кісіні жақсы таныма-сам да, кездесе қалған жерде сөлем беріп, амандасамын. Сол ақсақал менің жұмысымды қалай жақсартарымды білмей қиналып жүргендігімді байқаған. Бір кездесе қалғанда мені үйіне шақырды. Маған егістен қалай мол астық алудың жолын айтып беретіндігін жеткізді. Сөйтіп, мен бір шыны арағымды алып, кешке жакын ақсақалдың үйіне бардым.



Сөйтсем, ол кісі кезінде осы өңірге аты шыққан помещиктің баласы екен. Айттысына қарағанда, біздің төртінші бөлімшенің егіс алқаптары патша үкіметінің тұсында 3 помещиктің иелігіндегі жер болыпты. Олар мол астық алудан бір-бірімен жарысқа түскенде, мұның әкесі үнемі озып шығады екен. Оның сырын қарт помещик балаларына үйретіп кетіпті. Шал бірақ бұл сырды ешкімге жаймаған. Менің қиналып жүргенімді көріп, жаны ашып маған сол сырын жайып салды. Ол тіпті, сондай бір күрделі шаруа да емес екен. Бар болғаны егіске тұқымды сеуіп болғаннан кейін егістің бетін катокпен тегістеп, жақсылап жаймау қажет. Бұл шаруа топырақтың бетін қопсытып, нығыздауға, оның ылғал сақтау қабілетінің артуына өте жағымды екен. Ал помещик болса, бұл әдісті Бірінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түсіп, біздің өңірімізге жер қазу жұмыстарына әкелінген австриялықтардан білген және оны ешкімге айтпай, өзі пайдаланып жүрген.

Ақсақалдан осы әдісті біліп алғаннан кейін келесі көктемді асыға күттім. Көктем келісінмен күндіз-түні егіс басында болып, барлық шаралардың дұрыс атқарылуын қадағаладым. Тұқымды СЗС-9 сеялкасымен сеуіп өткеннен кейін, шалдың ақылы бойынша сол кезде пайдаланылатын 3 КК-6 категориямен егістің бетін дұрыстан тегістеп, жаймалаттым.

Шынында да, сол жылы біз егістен мол өнім алдық. Басқа бөлімшелер гектарына 20 центнерден қаратқанда, біз 27 центнерден алып, ерледік. Сол жылы егін ору қорытындысына

арналған кеңшар жиналысында жаңа директорымыз мені басқаларға үлгі етті. Сыннан қорытынды шығарып, жұмысты жолға қойғаным үшін алғыс білдірді.

Мұнан кейінгі жылдары да мен егіншіліктен жоғары өнім алып, үнемі алдыда жүрдім. Сол еңбегімнің арқасында Лениннің 100 жылдық мерейтойлық медаліне ие болдым, — деп аяқтады әңгімесін Мұхамедияр ағамыз.

Мұхамедияр Садықов аталған кеңшарда агроном болып 1965 жылдан 2000 жылға дейін еңбек еткен. Оның бөлімшесінде 5 мың гектар егістік болған. Жылма-жыл егістің әр гектарынан 25-26 центнерден өнім алып отырған. Мол өнім алу сырын ешкімге айтпай кеткен.

— Біздің кеңшар агрономдары да Бараевтың әдісі бойынша жұмыс істеді. Олар тұқым сеуіп болғаннан кейін, егіске арнайы каток жүргізуді қажетсінеді. Өйткені, сеялқаның соңынан сүйретілетін катоктар аталған шара үшін жеткілікті деп есептеді. Ал мен бұл шараны міндетті түрде жеке арнайы жүргізіп отырдым. Катоктарды өзім қызметтен босар алдында ғана темір жинаушыларға тапсырдым. Ол катоктар көп бұрын есептен шығарылған жарамсыз заттар ретінде саналған болатын. Бірақ олар менің қажетіме әбден жарап тұрды, — деді Мұхамедияр аға.

Сөзінің соңында Мұхамедияр аға кейінгі кезде жыл сайын жүріп жатқан су тасқыны жағдайына тоқталып өтті.

— Менің ойымша бұл бекер емес. Бұрын болмайтын тасқындар қазір жазық даланың бетінде қалайша қаптап кетті? Мен мұның сыры қазіргі астық өсірушілердің топырақты дұрыс өңдемейтіндігінен деп есептеймін. Біздің кезімізде егістік алқаптарына ылғал тоқтату шаралары дұрыс жүргізілетін. Күзде жерді 22-25 сантиметрлік тереңдікте сыдыра жырытып өту керек. Осыдан топырақ қопсиды да, ылғал сақтау қабілеті әлдеқайда жақсарайды. Міне, осы шара қазір дұрыс жүргізіліптіңдіктен жердің беті қалып қалып жатыр. Содан су жерге сіңбей, бетімен жеңіл сырғып отырады да, көктемде қар еріген кезде тасқын пайда болады. Қазіргі тасқындардың бір сыры осында деп есептеймін, — деді.

Мұхамедияр Садықов ағамыздың бұл кеңесін де назарға алуға әбден лайықты деп есептеймін.

Биыл, міне, жерімізге тағы да көктем келді. Көп өтпей-ақ, көктемгі дала жұмыстары тағы да басталатындығы анық. Сол тұста қазіргі диқандар үшін агрономның бізге асыр берген құпия-сыры әжетке жарайды деген сенімдеміз.

АСТАНА

Таяуда еліміздің бас газеті, қазақ баспасөзінің қарашаңырағы «Егемен Қазақстан» халқымыздың киелі асы — қымыз туралы екі үлкен мақала жариялады. Алдымен, үстіміздегі жылдың 27 қаңтарында берілген «Қымыз өндіруде жетістік қандай, кедергі неде?», деген проблемалық әңгіме туралы болмақ. Әңгімені жүргізген газет қызметкері, белгілі журналист Сүлеймен Мәмет. Ал, қымыз өндіру проблемасын көтеріп отырған заң ғылымдарының докторы, зейнеткерлікке шыққан соң өз еркімен тағы бір бейнеткер шаруаны тауып алған профессор Бекет Тұрғараев екен.

АБАЙ: «Осы қымыз қазаққа...»

Әңгіме аяқталар тұста Бекет мырза мынандай дәлелді цифрлар келтіреді. «Ғалымдардың зерттеуінше, мұнай өндіруге жұмсалған 1 доллар 7 доллар пайда әкелсе, қымызға кеткен бір доллар 25 доллар табыс түсіреді екен».

Мамандығым журналист болса да, мен табаны күректей 35 жыл бойы бие сауумен айналысып келе жатырмын. Осы жылдар қысы-жазы күбімен қымыз үзіліп көрген жоқ. Өрине, өзімнен артылғанын сатып, биенің жем-шөбін айырмам. Биенен алысып, шаршаған сәтімде хакім Абайдың «Осы қымыз қазаққа» деген өлеңін бір қайталап оқып қоямын. Ұлы Абай осыдан бір жарым ғасыр бұрын, алды бес мыңнан жылқы

мал. Өзінен мысы басым адамға ғана не өзі жақсы көргенге ғана мекіреніп жібиді. Жалпы, атамыз қазақ биені қыста өте сирек сауған. Сол себептен де «қысқы қымыз» деп езілген қойдың құртын айтқан. Қазір қой сауу әлдеқашан ұмытылған. Біздің құрт деп малданып жүргеніміз сиырдың сеператорға тартылып май мен маныздан жұрдай болған көк сүтінен жасалған тас құрттар. Оның тісті құртқаннан басқа пайдасы шамалы.

Негізі, өмірі аттың жалын-да, түйенің қомында өскен қазақ тәжірибесінен артық ештеңе жоқ. Атамыз қазақ биені жасыл желек толысқан маусым айынан бастап сауып, шөп сарғайған күз басы қыркүйекте құлынды ағытып,

қазақтан бұрын ішкен халық кемдене шығар. Бірақ, пісіруге көнбейтін бие сүтінен құрғақ қымыз аламын деп әуреленбеген. Қымыздың сақталу мерзімі өте қысқа. Ұзағанда, бес-ақ күн. Қазақтың бесті қымыз деп таңдай қағуы сондықтан болар. Осыдан біраз жыл бұрындары бір ғалымдар қымызды алты ай сақтаудың жолын тауыпты-мыс деп даурығысып еді. Оның өндіріске кірген-кірмегенін білмеймін. Құнан қымыз, дөнен қымыз дегендердің өзінен бір шара тартып жіберсең басың дың ете түседі. Ал бесті қымыз арақтай қолмысқа да шарабұннан кем емес. Және қымыз дегеніңіз — арақ-шараптай буынды алмайды. Бойды балқытып, қанды қыздыртады. Сондықтан болар,



айдап, қымызды көл қылып ағызған заманда бір аяқ қымыздың екі аяқ желігіне мас болған қазаққа: «Осы қымыз қазаққа, мақтаның ба, асың ба. Қымызды басар артынан. Ет даяр ма қасында», деп ой сала толғанды. Рас, Абай заманында жылқыны елдің жауы көп. Барымта-сырымтаның бәрі «ысықраса желдікі, айласа жаудікі» жылқының кесірінен болды. Елдің тыныштығы мен береке-бірлігін ойлаған хакім Абай желікшіл қазаққа: «Жаусты мін де айран іш. Ойсыздарға қосылма», деді. Себеп, оған тағы хакім бабамыздың өзі жауап береді. «Жылқыны аңдып ұры жүр. Әр төбенің тасында. Ұры зәлім қуларға, ысынаға шапшылма». Сонымен, Абай заманынан бері бір жарым ғасыр уақыт өтті. «Күпі киген кемегер өзін ғана. Макентожды мигұла жетіп жатыр», деп Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, кемегер Абай атамыз жоқ болғанымен, ұры, зәлім, қулар жетеді. Абай заманының ұры-зәлімдерінің көлігі тек ат қана болса, бүгінгі заманның ұры-зәлімдері техникалық прогрестің не ғажайыптарымен жарактанған. Қазір үйірімен жылқысынан айырылып, ноктасын қолына ұстап, жер сипап қалған ауылдар Қазақ елінің түкпір-түкпірінде жетеді. Мұндай жағдай өз басымнан да сән мәрте өтті. Ертеде шешелеріміз қасқырдың атын атауға қорқып «ит-құс» деуші еді. Бізде аты шулы көкжал ұрылардың атын атауға қорқамыз.

Ал енді жоғарыдағы Бекет Тұрғараев мырзаның «қымызға кеткен 1 доллар 25 доллар табыс әкеледі» деген пікіріне тоқталар болсақ, бір долларыңыз біздің ақшамен 350 теңге. Бұған бір литр түгіл бір кесе қымыз өндіре алмайсыз. «Сиырдың сүті — тілінде», демекші, биенің сүті тілімен қоса асқазанында. Бие жем-шөпті сиыр-дан екі есе көп жейді. Бұл ретте Бекет мырзаның «бие — комбайн» деген теңеуі өте дұрыс. Жем-шөпке бөліп тұрмаған бие сауызғанды қойып, емшегің ұстаптайды. Зорлап саумақ болсаң, сүтін ішіне тартып белдейріп тұрып алады. Затты жылқы мінезі кілі

желісін жинаған. Міне, осы үш ай ішінде ішілген қымыз нағыз дертке — дауа, жанға — шипа. Алты ай қыстың суығынан байланған барлық дерттен үш айғы биебау айықтырып отырған. Қазақтың жыл сайынғы шипажайы да осы болған. Бекет мырза аталған әңгімесінің тағы бір жерінде «Ал жеке «батыр» болып шапқылап жүрген шаруалар не бітіре қойсын», депті. Бұл біз секілді көзсіз қазақтарға айтылған орынды сыни сөз. Мәселен, арақ сататын саудагерлер бас-аяғы 4-5 жылдың ішінде ғана шаруасын дөңгелетіп шыға келеді. Егер, кәсібің он жыл үзбей жасаптырса, екі қабатты үйлерге, шетелдің қымбат көліктеріне қос-қостан не болып шыға келеді. Кенес өкіметінің кезінде автодүкендер таудағы шоппандарды жиі аралайтын. Әсіресе, жазғы жайлау кезінде шоппандар ауылынан автодүкендер үзілмейтін. Ол заманда да ең өтімді тауар — арақ. Шоппандарының бәрі удай мас болып қалғанын көрген бір совхоздың директоры ауданның басшыларына «анау авталоука у сеуіп кетті-ау», деп зар жылапты. Сол директоры айтқандай, өзінің пайдасын өзі өзеге у себетіндер әлі де көп. Өкінішке қарай, арақ бүгінде өтімді тауар болып тұрғанын қайтерсіз.

Аға газетіміздегі қымыз жайлы екінші әңгіме 2 ақпанда қозғалыпты. Бұл жолы Қайрат Әбділдиновтың «Құрғақ қымыз» деген макаласы жарияланды. Алыстағы Германияның Баден-Вюртемберг қаласында Ганс Цольман деген неміс бие сауып, қымыз ашытады екен. Бие сүтін құрғатып, одан ұнтақ алатын көрінеді. Қымыз ұнтағын біздің ғалымдар бұрын ойлап тапқан. Құрғақ сүт алу жолын ертеде қазақтар да меңгерген көрінеді. Серкенің терісін жүнінен арылтып, оны қажетті мөлшерде тіліп, сүтке салып баяу отқа ұзақ қайнатады екен. Содан әлгі сүт сіңген теріні көлеккеде кептіріп алып, кебежеде сақтаған. Қажетті кезде қайнаған суға сала қойса сүт дайын. Бұл жайында марқұм Ақселеу Сейдімбек майын тамызға жазған еді.

Қазақ жарағалы жылқымен бірге жасасып келеді. Қымызды

қымызға кеңірдектеп алған жылқышылар аттан құламақ түгілі, төңеспейді де. Ертеден қара кешке дейін жылқы соңынан шаршап-шалдықпай жүре береді. Құдайға шүкір, әлі де даласы кең, жылқысы жетерлік қазаққа қымызды құрғатып не керек, табиғи таза қымыз ішкенге не жетсін! Құрғақ қымызды немістерге беріп, жас қымызды өзіміз іше берейік.

Қазақтың жылқы үшін талай жаугершілікті көргеніне куә болған хакім Абай қазаққа қымызды «Қойыңда ақша, қолда қой, күзетке онай шошынба?», деді. Абайдың заманында қазақтың қазіргідей жеке мемлекеті де болмады. Ол кезде ұры, зәлім, қулардың қарапайым халыққа күш бермей кететіні де шындық еді. Ал қазіргідей әлемдегі ең үздік 30 елдің қатарына кіреміз деп жүрген қуатты мемлекетіміз барда бүгінгі заманның қуларына халықтың азын-аулақ жылқысын барымта-лауға қуатын Президентіміз жол бере қоймас. Дегенмен де, бүгінгі заманның қымыз өндірушілеріне мемлекеттік тұрғыдан үлкен көмек керек. Алдымен, төрт аяғынан тең басып жүріп кету үшін тиісті қаржы қажет. Алыпсатарға да кәсіпкер деп қараймыз. Алдымен, шынайы өнім өндірушімен бір бағаны онға, тіпті, жиырма есеге дейін көтеріп жүрген жалған кәсіпкерлердің ара-жігін айыру қажет. Көрішлес алып ел Қытай кәсіпкерлерге жағдай жасау арқылы бір жарым миллионда халықты қамтамасыз етіп отыр. Тіпті, кейде бізге сататынын қайтерсіз. Бізге алып көршіден үйрену қажет. Әйтпесе, ұлы ақынымыз Абай данамыздың «Осы қымыз қазаққа» деген өлеңіндегі осыдан бір жарым ғасыр бұрынғы проблеманың әлі де алдан шығып, етектен тартып отырғаны жалған емес. Алдымен, бие сауатындарға жағдай жасау керек. «Алаған қолым берген», дегендей, содан соң олардан сапырып ішер сары қымыз сұрау қажет.

Мейрам ОРАЛОВ,

ЖУРНАЛИСТ

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы



«Сәт Транстың» сәтті қадамы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа технология құрылыс шығынын азайтуға, тұрғын үй массивінде қолданылған материалдан өзге артық салмақты болдырмауға және ғимараттың ішкі-сыртқы жобалауында еркін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл технология елімізде алғаш рет Ақтау қаласында қолданылса, екінші кезекте семейлік кәсіпорын жалғастырып отыр.

Зауыттың темір-бетон өнімдері өндірілетін цехы аумағы ат шалпырымдай жабық ғимарат. Мұнда италиялық-ресейлік озық кондырғылар материалдарды қажетті пішімде, түрлі пошым-да құяды. Барлық кондырғылар компьютерлік бағдарламалармен басқарылады. Ал текше және тақтатастар, жиектастар, поребриктер сынды абаттандыру элементтері испаниялық-ресейлік кондырғылар қойылған жеке цехта құйылады. Сондай-ақ, барлық өнімдердің беріктілігін арттыра түсетін арматура цехында да жұмыс қызу. Жұмысшылар білектей темірлерді жіпше есіп, кілемше іспетті тоқып жатса, әлдебір бұрышта жаркылдатып дәнекерлеу жұмыстары жүріп жатыр. Зауыт жанында есіктерезе жасаяу арналған металлдық пластик цехы жұмыс істейді. Кәсіпорында шығарылатын барлық өнімдердің сапасын арнайы зертхана қадағалайды. Зауыт аумағына енгенде тұйық теміржол желісін көзіміз шалды. Бұл қоймаларда жинақталған дайын өнімдерді вагондармен тасымалдауға өте қолайлы, дейді кәсіпорын жетекшілері. Сондай-ақ, қала ішінде орналасқандықтан республикалық дәрежедегі автокөлік жолдарынан да алыс емес. Кәсіпорын қажетті жағдайда келісімшарт негізінде құрылыс материалдарын кез келген бағытқа жеткізіп бере алатын логистикалық қызмет көрсетумен де шұғылданады.

Кәсіпорының жеке қазандығы бар. Бұл өнеркәсіпті қажетті жылумен, ыстық сумен қамтамасыз етіп отыр. Айта кеткен абзал, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша Үкімет жаңа кәсіпорынға электр қуатын тегін жеткізіп берді. Ал зауыт жұмысшыларының киіну-жуыну, шеберлік сағаттары өткізілетін кабинеттері мен асхана, демалыс бөлмелері жеке ғимаратқа орын тепкен. Апатты жағдайда немесе электр қуатынан ажыраған жағдайда автоматты түрде қосылатын шағын дизель электр стансасы да үздіксіз өнім

өндіруді қамтамасыз етуге үлес қосады.

Қазіргі кезде кәсіпорын базасында 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Олар серіктестіктің зауыт, логистика және тұрғын үй құрылысы алаңдарында еңбек етеді. Қазақстанда алғаш енгізілген құрылыс технологиясы болғандықтан, кәсіпорынның құрылысшы-монтаждаушылары біліктіліктерін жетілдіріп, Екатеринбург қаласындағы ресейлік әріптестерімен өзара тәжірибе алмасып келеді.

Компанияның аз жылда алған асуы аз емес. 2014 жылы Астана қаласындағы ЭКСПО нысандарының құрылысына қатысты. 2015 жылы компанияның әу бастағы мақсаты – тұрғын үй құрылысы комбинаты жобасы жүзеге асырыла бастады. Яғни, серіктестікте өндірілген өнімдер арқылы тұрғын үйлер салу жобасының тұсауы кесілді. Осы ретте компанияның өз өнімдері арқылы салынған тұрғын үй кешенін көрмекке құрылыс алаңына арнайы барған едік. Семей қаласының «Мелькомбинат» алаңында 54 пәтерлі тоғыз қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын екен. Пәтерлер жарық, еңселі әрі заманауи. Аталған нысан биыл мамыр айында «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша «Тұрғынүйқұрылысжинаябанк» АҚ салымшыларына пайдалануға берілімек. Өткен жылы желтоқсан айында осы аумақта 81 пәтерлі екінші үйдің құрылысы басталыпты. Жоспарда тұрған үшінші үйімен қоса есептегенде жыл соңына дейін мұнда барлығы 189 пәтер тапсырылатын болады.

Қазіргі кезде зауытта өндірілген материалдар облыс орталығы – Өскеменде жаңадан бұл көтеріп келе жатқан 19-шағын аудандағы тұрғын үй құрылыстарына да пайдаланылууда. Сондай-ақ, Павлодар қаласындағы құрылыс жобаларына қолданылып жатыр. Соңғы уақытта жылдың батыс аймағындағы кәсіпорындармен де келісімшарт жасалды.

– Біз іс жүзінде өз өнімдіміздің сапалы әрі жедел құрылыс жүргізуге қолайлы екеніне көз жеткіздік. Мәселен, алғашқы тұрғын үй құрылысын бастағаннан бері біз қолымызда қолымызда сызба ғана болды. Дегенмен, жетілдірілген өнімдердің қолайлылығының арқасында алғашқы кезектің өзінде айына тұрғын үй алаңының 3 қабатын салуға қол жеткіздік, – дейді жоба жетекшісі Әділет Бордатқанов.

СЕМЕЙ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған АТОМ жобасы аясында полигоннан зарпап шеккен халықты сауықтыру, көздері мүлде көрмейтін зағип жандардың өмірін белсенді әрі қызықты етіп өткізу мақсатында Семей өңірінде көптеген шаралар өткізіліп келеді. Осыған орай, зағип жандарға арналған кітапханада ерекше көрменің ашылуы болып өтті. Көрмеде Семей полигонының жабылғанына 25 жыл және жазушы Кабдеш Жұмаділовтің туғанына 80 жыл сияқты мерейлі мереке күндері қамтылды. Жазушының

Өнер

Жанарым – менің жүрегім

Мүмкіндігі шектеулі, яғни зағип қамқөңіл жастардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін ескеріп, ақпараттық кеңістікте насихаттап, жүректерін шырақ, көңілдеріне шуақ сыйлау – біздің кітапхананың басты міндеті. Оларға қоғамда тек еңбектің көзін сезініп жүрулеріне қамқорлық жасап, қолдау көрсетіп, өмірде өз орнын тауып, биік белестерге жеткен зағип азаматтардың өмірін арқау ету арқылы көптеген

шығармашылық өміріне қысқаша шолу жасалып өтті.

Зағип оқырмандар газеттерден жасалған Семей полигонының макетін ұстап көріп, жақсы жасалған деген пікірлерін айтты. Олардың арасында әртүрлі әдеби ойындар өткізілді және көздері көрмесе де оқырмандарымыздың барлығы жақсы қатысып, зал әдемі көңіл күйге толды, дейді кітапханашы Шынар Әлиасқарова. Түрлі заттарға толы, әдеби «Сықырлы сандық» ойыны оқырмандар арасында ерекше қызығушылық танытты. Сықырлы сандықтағы затты зағип жандар тактильді түрде қолымен сипап сезу арқылы оның қай кітап, қай авторға арналған екенін жаңылмай бірден тапты. Кітапты көп оқудың арқасында біздің оқырмандар біліктілігімен және тапқырлығымен ерекшеленіп осы іс-шарада соны дәлелдей түскенді. Бұл тактильді ойындар зағип жандар арасында



ерекше орын алады және осындай арнайы ойындар күнделікті ортаға бейімделуге көмегін тигізеді. Оқырмандар арнайы тифломагнитолла арқылы CD дискіде және ұнтаспада дыбыстандырылған кітаптардан үзінді тындап, кітаптың авторы мен атын жылдам

табудан алдарына жан салмайды және де осы интеллектуалды ойындарымыз қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

Іс-шараға мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Берік Көпбайұлы қатысып, ізгі тілегін айтты. Кітапханашылардың

қолымен ұйымдастырылған көрме оқырмандардың көңілінен шығып, тамсандырды. Олардың қатарында Брайль кітаптарынан жасалған қазақтың киіз үйі мен шаңырағы, CD дискілерден құралған Бейбітшілік пен келісім сарайының сұлбасы, жалпақ басылымды кітаптар және газеттерден жасалған Семей полигонының макеті жоғары бағаланды. Көрмеге кітапхана қорында тіркелген ең алғашқы жалпақ басылымды, рулонды дабыстандырылған, Брайль кітаптары және соңғы тіркелген электронды кітаптар, 25 ұнтаспадан тұратын «Дарабаз» кітабы қойылды. Кітапхана директоры Бахытжамал Райымханова оқырмандарға алғысын білдіріп, үздік оқырмандарға және ойынға қатысушыларға сыйлықтар тартты.

Раушан НҮҒМАНБЕКОВА
СЕМЕЙ

ақындық, әншілік, күй тарту сияқты жан-жақты таланттарына куә болды. Зағип жастар өздерінің патриоттық сезімдерін өнерлері арқылы жеткізді. Кешті облыстық көз мүгедектері балаларына арналған «Үміт» мектеп-интернаты оқушыларынан құралған «Сұңқар» домбырашылар оркестрі («Күй тартыс», «Тепенкок» күйлерімен ашты. Көз мүгедегі, жас акын, «Жас жаным құштар ақ таңға» өлең жинағының авторы Ербек Бакиев, Т.Әбдірәсілов, П.Үйсінбаева, Н.Оралбай, Р.Тайыров, Н.Төребай, М.Ералиева, А.Смандияр, «Самғау» тобы, Асылай мен

Нұртілеу, Қ.Басқан, Ж.Барлыбаев өлең оқып, ән шырқады, домбырада ойнады. Сондай-ақ, бұл кеште шетелдерде өткен паралимпиаданың бірнеше дүркін жеңімпазы (жүзден) М.Ибрашев өз жеңісті сәттерімен бөліскен болса, спортшы жастар арасында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастырылды.

Үлбике ТҮРАҢБАЕВА,
облыстық зағиптар
кітапханасы директорының
орынбасары

Оңтүстік Қазақстан облысы

Свидетельство на образовательный грант выданный Исмагулову Алмасу Жаныбековичу считать недействительным.

Байрағы биік Байекең еді

Ардагерлер алыстап барады. Көкшетаудан да осындай суық хабар жетіп отыр. «Егемен Қазақстанның» қаламы жүйрік тілшісі, аңқылдаған ардақты ағамыз Баян Таласұлы Нұрпейісов өмірден озыпты. Тағдырға не шара, қабырғамыз қайысып үй-ішіне, туған-туысқандарына көңіл айтамыз.

Баян Таласұлы Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснов ауданының Айтуар ауылында 1929 жылдың 3 қаңтарында туған еді. Ол мектепті бітірісімен Көкшетау педагогикалық училищесіне түсіп, оны үздік бітірді. Алғаш азамат 1947-1952 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінде білім алды.

Еңбек жолын Орал облысындағы «Екпінді құрылыс» газетінің бөлім меңгерушісі болып бастаған Б.Нұрпейісов өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ журналистикасын дамыту жолына арнады. Ол Батыс Қазақстан облысындағы «Коммунизм туы», «Октябрь туы», өлкелік «Батыс Қазақстан», облыстық «Коммунизм жолы», облыстық «Көкшетау правдасы» газеттерінде қатардағы тілшіліктер редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

Б.Нұрпейісов 1968-1970 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінде дәріс алды. «Көкшетау правдасы» газеті редакторының бірінші орынбасары қызметіндегі тәжірибелі журналист 1977 жылы бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің Көкшетау облысындағы меншікті тілшісі қызметіне тағайындалып,



18 жыл бойы жемісті жұмыс істеді. Оның қаламынан өзекті тақырыптағы мақалалар, очерктер, өткір фельетондар мен сын материалдар туындады.

Баян Таласұлы 1990 жылы шұрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін Көкшетаудағы «Оқжетпес» газетінің жауапты хатшысы қызметін жеті жыл бойы атқарды. Сонымен қатар, Науан Хазірет атындағы орталық меншікті баспасөз хатшысы ретінде дін мен діл тұрғысындағы тәрбие жұмысын жүргізді.

Баян Таласұлының қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» және басқа да медальдармен марапатталып, КСРО Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды.

Еңбеккер, өз кәсібін адал ағамыз жергілікті журналистерді тәрбиелеуге белсене атсалысты. Гүлжынан Мұхамедқалиқызы екеуі жарты ғасырдан астам тату-тәтті тіршілік кешіп, жеті немере, үш шөбере сүйді.

Топырағыңыз торқа, иманыңыз саламат болсын, аға!

Егеменқазақстандықтар

Егер сіз «Егемен Қазақстан» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

Астана тел/факс 37-64-48, 37-60-49.
Электронды пошта: egemen_adv@mail.ru.
Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11.
Электронды пошта: gultnurekz@mail.ru.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттары мен аппаратының қызметкерлері аппарат қызметшісі Айгүл Зұлхырақызы Биболоваға әкесі Зұлхыяр Қоспаңұлы БИБОЛДЫҒЫН мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Астана қаласының прокуроры, 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Сабыжан Мәдіұлы Бекбосяинова тіпсі Ермек Мәдіұлы ТӨКБЕРГЕНОВТІң қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұжымы экономика факультеті экономикалық теория және монополияға қарсы реттеу кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Амангелді Нұжмедиянов Догаловқа анасы Әйімш Қажықызы ДОГАЛОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан социологтарының қауымдастығы отандық социология ғылымына үлкен үлес қосқан айтулы азамат Сәрсембай Қарасайұлы ҮТЕШОВТІҢ дүниеден озуына байланысты марқұмынң зайыбы Рене Басекексызына, туғандары мен жақындарына және әріптестері мен шәкірттеріне қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«KEGOC» акционерлік қоғамы «Энергоинформ» АҚ-тың «КазЭнергоПровод» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы мөлшері 49,9 % қатысу үлесін (бұдан әрі – Актив) сату бойынша бағаны арттыру әдісін қолдана отырып, Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында www.gosreestr.kz өтетін электрондық аукцион туралы хабарлайды

Активтерді сату «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиселі ұйымдардың активтерін сатудың, өзгертудің бірыңғай ережесіне (бұдан әрі – Бірыңғай ереже) және Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлкікті сату бойынша электрондық сауда-саттық жүргізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Р/с №	Актив атауы	Меншік	Қызмет түрі	Орналасқан жері	Бастапқы баға, тенге	Кепілдік жарна, тенге	Аукцион қадамы	Сауда жүргізу күні
1	«КазЭнергоПровод» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 49,9 % қатысу үлесі	«Энергоинформ» АҚ	АС маркалі жоғары талшықты сым өндірісі және оны сату	071411, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Рысқұлов көшесі, 4-б үй	162 950 000 (жүз алпыс екі миллион тоғыз жүз елу мың) тенге	24 224 500 (жырма төрт миллион екі жүз жиырма төрт мың бес жүз) тенге	Регламентке сәйкес	20.05.2016 жыл

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталуға екі сағат қалғанда аяқталады. Кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-тың шотына салынады: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZS29261501102032004, АО «Қазкоммерцбанк». Төлемнің белгіленуі: электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (банктік қызмет төлемі кепілдік жарна мөлшеріне енбейді). Кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-тың шотына уақтылы түсуі үшін кепілдік жарнаны өтінім қабылдау аяқталғанға дейінгі үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Банк кепілдігі кепілдік жарна ретінде қабылданбайды. Сауда-саттыққа қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге рұқсат етіледі, бұл ретте кепілдік жарна қатысушы енгізген осы кепілдік жарна бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін тек сол объектіні сатып алу құқығын береді.

Сатылған объекті бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған аукцион өткізген күні тізілім веб-порталында сатушы мен жеңімпаз ЭСК-ны пайдалану арқылы қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттама аукцион нәтижелерін

белгілейтін құжат және сатушы мен жеңімпаздың тізілім веб-порталына шығарылған сату бағасы бойынша объектіні сатып алу-сатудың үлгілік шарт жобасына қол қою міндеттемесі болып табылады.

Жеңімпазбен жасалатын сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда-саттық қорытындысы шыққан күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Электрондық аукцион жүргізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, жеңімпазды айқындау шарттарын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың, «Самұрық-Қазына» ЖШС-нің және «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-тың сайттарында көпшілікке қолжетімді Бірыңғай ереже мен Регламенттен алып

танысуға болады (осында сіздер құжаттардың тізбесімен таныса аласыз).

Электрондық аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ активтер туралы егжей-тегжейлі ақпаратты (оның ішінде деректемелер, өндірістік-экономикалық ерекшеліктері мен сипаттамасы, сондай-ақ актив бойынша электрондық деректер қорына қолжетімді болудың тәсілі, актив бойынша құжаттар пакетін және сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінім нысанын алу тәсілі) жоғарыда көрсетілген сайттан www.gosreestr.kz қарауға немесе мына телефондар бойынша 8 (7172) 30-98-24, ішкі 211 («АЕО») АҚ және 8 (7172) 69-35-56 («Энергоинформ») АҚ алуға болады.

● Қазақстан қалалары



Қарағанды



Суреттерді түсірген Динара КСҰМНГЕВ

● Қазақ қазынасы

Жабағы балуанның жарты тонналық тасы

Оны көтергендерге қомақты жүлде бар

Бала кезімізде Шығыс өңірінің Тарбағатай ауданы, Маңырақ ауылы маңындағы «Қайырбай бұлақ» атты қыстаудың төменгі жағындағы жотаның басында «Жабағы балуан көтерген» дейтін ұзыншақ келген тас жататын. Ержеткенде білгенім, бұл тасты 1860 жылдың басында Дәулетбай батырдың ұрпағы Танысқожа Естайұлы Жабағы балуан жылқышылармен бөстесіп, Маңырақ тауының теріскей тарапында орналасқан сайдан арқасына салып, шамамен 2,5 шақырым төменде жатқан Қайырбай би зиратының жанындағы жотаның етегіне алып келген. Оны 1885 жылдар шамасында Дәулетбай батырдың Қыстаубайынан тараған ұрпағы, Қаражан Түктіұлы Уанбай құшақтай көтеріп, сол жотаның басына шығарып тастайды. 1960 жылдары тарихын әкесі Қайсаған естіген Бақдәулет досы Қайсаған екеуі тасты бір аунатып кетеді.



Тарихына анам Бәкзейнелден қаныққан мен де 1993 жылдың жазында тастың бір бұрышынан көтеріп, қарсы жағына айналдырдым. Бірер ай өткен соң Қараша Бақытхан Сакарбекұлының шөп көтергіш тракторымен тіркемеге тиісп, әкем Токтарбектің үйіне алып келдім. Тасты Оразхан Оразғалиұлының мұрындық болуымен 2015 жылы мамырда ашылған Дәулетбай батыр ескерткішінің жанына тарихын хаттатып, жәдігер ретінде қойдым.

Енді бұл таспен сайыс ұйымдастыруға ойтырткі болған

Төлепберген ТОҚТАРБЕКҰЛЫ,
«Ер Дәулетбай» атындағы
көрудің мүшесі

Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы

● Бәрекелді!

Қазақстандық аспазшылар АҚШ-та өткен ұлттық тағамдар фестиваліне қатысты

Талғат РАЙЫМБЕК,
«Егемен Қазақстан»

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында ұлттық тағамдар фестивалі ұйымдастырылып, шараға еліміздің бармағынан бал тамған аспазшылары қатысып қайтты. Олар фестиваліде қазақтың дәмді әрі құнарлы алуан түрлі ұлттық тағамдарын дайындаған. Қазы-қарта мен жал-жая асқан. Сондай-ақ, бауырсақ пісіріп, шетелдіктерге ұсынған. Тіпті, олар қазан-қазан қуырдақ та жасапты. Дегенмен, аспаздармыздың бұл сапары сынаққа толы болғанына ұқсайды.

– АҚШ пен Қазақстандағы азық-түлік пен көкөністердің арасында айырмашылық жетерлік екен. Тұзы татымсыз, қант дәмді, бұрышы ачы емес, ал ет пен балықтан шөптердің дәмі шығады. Бізде еттің де, балықтың да дәмі басқаша. Біз үшін бастысы ұн

болды. Бұл жактың ұны да бөлек. Қиналғанымызды білсеңіздер! Ақырында ұнның бірнеше түрін алып бауырсақ пен шелек, еттің қамырын илеп көрдік. Тырысып бақтық, – дейді Сыртқы істер министрлігінің бас аспазы Елмұрат Ысқақов.

Аспазшыларымыз байқауда 8 түрлі ыстық, 12 салқын тамақ, салаттың 4 түрін әзірлеген. Сонымен қатар, сірне, ысталған қозының еті, бекіре дайындап, қазақтың қонақжайлылығын, ұлттық тағамдарға бай екенін көрсеткен. Айтпақшы, олар құрт, жент, ірімшік секілді сүт өнімдерін де көпшілікке ұсынуды ұмыт қалдырмапты. Бір қызығы, шетелдіктер қазақстандықтардың сүйемін, әзірленген тағамдарына қолының, 2017 жылы елімізде өтетін ЭКСПО көрмесіне келіп, Қазақстанды көзімен көретіндерін жасырмапты.

● Солай ма?

Пулитцер сыйлығының екі мәрте иегері, дүниежүзінің 30-дан астам тілінде жарық көретін АҚШ-тың National Geographic Magazine басылымының тілшісі, жазушы, жиһангер Пол Салопек Қазақстанға жаяу келді.

National Geographic тілшісі Қазақстанды жаяу шарлап өтеді

Аян ӘБДУӘЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Ол алдына мақсат етіп қойған ұзақ саяхатына 2013 жылы шыққан. Өз жоспары бойынша 7 жыл ішінде 35 мың шақырым қашықтықты жүріп өтіп, адамзаттың 60 мың жылдық көші-қон тарихын қайталамаққа бекініпті. Бұл саяхатын әйгілі журналист

«Жұмактан серуендеп шығу» деп атаған екен. Жер-жаһанды бетке алған саяхатшының сапары Африка құрлығындағы Эфиопия елінен басталған. Міне, араға бірнеше жыл салып, Қазақстанға да жеткен. Пол Салопек елімізде екі айдай болуды жоспарлап отыр. Өзі қызмет ететін журналға Қазақстанның тарихы мен сұлу табиғаты



жайлы мақалалар жарияламақ. Саяхат барысында халықтың тұрмыс-тіршілігімен жақынырақ танысу үшін қарапайым тұрғындардың үйлеріне қонып, олармен сырласпақ. Қалалар мен ауылдарды, шөлді аймақтарды, созылып жатқан тау-тас, белестерді кесіп өтіп, қазақтың даласы, ондағы жануарлар дүниесі және өзге де табиғи байлығына да көз сала

жүруді мәдени сапарының аясындағы міндеттерімен орайластырса керек. Айта кетейік, әйгілі басылымның журналисі сапарының әрбір 1160 шақырымын басып өткен соң, естіген-білгендерін, көрген-түйгендерін қағазға түсіріп, аялдаған жерлеріне белгі ретінде «жол тасын» қойып отыруды әдетке айналдырып келеді екен.

● Алыпқашпа әңгіменің ақиқаты Жауапкершілікке тартылады

2016 жылғы 1 мамырда әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшаларда Қызылордада полиция қызметкерлерінің қолынан зардап шеккен делінген ер адамның фотосуреті тарап кетті. Аталмыш ақпарат шындыққа сай келмейді, яғни жалған әрі арандатушылық сипатқа ие.

1 мамыр күні Қызылорда облысында полиция қызметкерлері мен азаматтар арасында дене жаракаттарын салынуына, денсаулығы мен өміріне зиян туғызатын салдарлардың орын алуына ықпал ететін қажытығыстар орын алған жоқ. Аталмыш фотосуреті http://www.ajanshaberler.com/cinde-kopek-calandar-linc-edildi-41897.html сайтынан алынып, 2015 жылдың ақпан айында Қытайда болған оқиға екендігі белгілі болды.

Арандатушылық дерегі бойынша Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті тереу жұмыстарын бастады. Арандатушылар жауапкершілікке тартылатын болады, деп хабарлады Қызылорда облыстық ІІД баспасөз қызметі.

● Жон-ақ!

Ақтөбеде Африка түйеқұсы өсіріледі

Әлия ауылының тұрғыны Сайлау Матаев көпшілікке таңсық, бұрын-соңды өңірде болмаған түйеқұсты облысқа бірінші болып әкелмек.

– Түйеқұстың балапандарын Ресейдің Самара қаласынан алуды жоспарлап отырмыз. Самарамен интернет арқылы байланысқа шығуыма Ақтөбе қаласындағы жиенім көмектесті. Биыл мамыр айының соңында түйеқұстың бір айлық балапандарын ауылға алып келеміз, – дейді ол.

Оның айтуынша, түйеқұс күтімді, қамқорлықты онша қажет етпейді, ашық алаңқайда, табиғат аясында жүре береді. Ауа райы жауын-шашынды, суық болған күндері жылы жерде тұрғанды ұнатады. Сондықтан, көсіпкер биыл жазда ауласына түйеқұс тұратын қора салуды көздеп отыр.

Сайлау Матаев биыл «Жұмыспен қамту-2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы түйеқұс өсіру үшін 1 млн. 700 мың теңге көлемінде несие алған.

– Өзірге 20 балапан алуды жоспарлап отырмыз. Себебі, самаралық фермердің айтуынша, түйеқұстың балапанын еркеқұрғашысын кішкентайында ажырату мүмкін емес. Өсе келе, яғни 6-8 айлығында ғана оларды ажыратуға болады. Сондықтан,



балапанды неғұрлым көбірек алу керек, – дейді ол.

Түйеқұс жоңышканың тартылған түрін сүйсініп жейді. Бұл құсқа арпа, бидайды да уатып беру керек. Сол үшін Сайлау ерте көктемде жоңышканың тұқымдық дәнін аулаға сеуіп тастағанды жөн көріпті.

Сырт келбеті сұсты болып көрінетін бұл құстың әбден толысып-жетілген шағында биіктігі 1 метр 70 сантиметрге жетеді. Жұмыртқасының салмағы орташа есеппен – 1-1,5 кило. Бір айлық балапаны 10-12 килоға жетеді. Түйеқұс 1,5 жасында жұмыртқалай бастайды.

Өзірге түйеқұсты өсіріп, санын көбейтуді ғана мақсат етіп отырған Сайлау бұл құстың пайдасы шаш етекпен екенін айтады.

Арайлым НУРБАЕВА,
журналист

Ақтөбе облысы,
Қобда ауданы

бокс қауымдастығының (AIBA) ересейіне сәйкес 10 салмақ дәрежесі бойынша өтеді. Жарысқа 15 адам төрелік жасайды.

ҚАЗАҚЖҰРЕСІ. Осы күндері еліміздің әр аймағында «Қазақстан барысы» турниріне іріктеу жарыстары өтіп жатыр. Алматыда Виктор Демьяненко «Алматы барысы» атанса, Қызылордада Еламан Ерғалиев «Сыр барысы» турнирін жеңіп алды. Маңғыстау облысында Ербол Игілік «Ақтау барысы» атағын иеленді. Енді олар «Қазақстан барысы» турниріне қатысады.

ВЕЛОСПОРТ. Қызылордада

жасөспірімдер арасында велоспорттан қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, КСРО-ға еңбегі сіңген спорт шебері Марат Сатыбалдиевтің жүлдесіне арналған республикалық веложарыс аяқталды. Биыл жетінші рет өткен жарысқа еліміздің 10 облысынан 17 команда, 150-ге жуық спортшы қатысты. 57 шақырымдық топтық жарыста Глеб Брусенский (Талдықорған қаласы) жеңімпаз атанды. Қыздар арасында 24 шақырымдық топтық жарыста Ақтоқпан Әбдіжаппар (Қызылорда облысы) бас жүлдені жеңіп алды.

ФУТБОЛ. Қазақстан премьер-лигасының 8-туры өтті. Осы турдың басты ойыны «Астана» мен «Қайрат» командаларының арасында болды. Бұл матчта алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жетті. Басқа кездесулер мынадай есеппен аяқталды: «Ордабасы» (Шымкент) – «Ақжайық» (Орал) 1:0, «Тобыл» (Қостанай) – «Тараз» (Тараз) 1:0, «Жетісу» (Талдықорған) – «Ертіс» (Павлодар) 0:3, «Шахтер» (Қарағанды) – «Атырау» (Атырау) 0:0, «Ақтөбе» (Ақтөбе) – «Окжетпес» (Көкшетау) 1:0.

«Егемен-ақпарат»